

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**АУАНЫ ЖЫЛЫТУ, ЖЕЛДЕТУ ЖӘНЕ
КОНДИЦИОНЕРЛЕУ**

**ОТОПЛЕНИЕ, ВЕНТИЛЯЦИЯ И
КОНДИЦИОНИРОВАНИЕ ВОЗДУХА**

ҚР ЕЖ 4.02-101-2012*
СП РК 4.02-101-2012*

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Астана 2024

АЛҒЫ СӨЗ

1 ӨЗІРЛЕГЕН:

2 ҰСЫНҒАН:

**3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ
ҚОЛДАНЫСҚА
ЕНГІЗІЛГЕН:**

«ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «НТЦ» ЖШС

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері
және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық
реттеу және нормалау басқармасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері
және жер ресурстарын басқару комитетінің
2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен
2015 жылғы 1-шілдеден бастап

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің техникалық және лингвистикалық тексеру жүргізу тапсырмасына (2016 жылғы 7 қарашадағы № 38-02-5-1542 хаты) сәйкес құжат мәтіні өзгертілді

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 01.08.2018 ж. №171-НҚ, 23.11.2018 ж. №240-НҚ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 02.09.2019 ж. №129-НҚ, 12.08.2021 ж. №120-НҚ, 19.07.2022 ж. №151-НҚ, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 24.10.2023 ж. №156-НҚ, 19.06.2024 ж. №95-НҚ бұйрықтарына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

ПРЕДИСЛОВИЕ

1 РАЗРАБОТАН:

2 ПРЕДСТАВЛЕН:

**3 УТВЕРЖДЕН И
ВВЕДЕН В
ДЕЙСТВИЕ:**

АО «КазНИИСА», ТОО «НТЦ»

Управлением технического регулирования и нормирования
Комитета по делам строительства и жилищно-
коммунального хозяйства и управления земельными
ресурсами Министерства национальной экономики
Республики Казахстан

Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-
коммунального хозяйства и управления земельными
ресурсами Министерства национальной экономики
Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года
№ 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

Текст документа откорректирован в соответствии с поручением Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства национальной экономики Республики Казахстан (письмо № 38-02-5-1542 от 7 ноября 2016 года) по технической и лингвистической проверке

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказами Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 01.08.2018 г. №171-НҚ, от 23.11.2018 г. №240-НҚ, Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 02.09.2019 г. №129-НҚ, от 12.08.2021 г. №120-НҚ, от 19.07.2022 г. №151-НҚ, Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан от 24.10.2023 г. №156-НҚ, от 19.06.2024 г. №95-НҚ.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	V
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	3
4 АУАНЫ ІШКІ ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ, ЖЫЛЫТУ, ЖЕЛДЕТУ ЖӘНЕ АУА БАПТАУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚОЛАЙЛЫ ҚҰРЫЛЫС ШЕШІМДЕРІ.....	4
5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	6
6 ІШКІ ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕЛЕРІ	11
6.1 Ішкі жылумен жабдықтау жүйелері	11
6.2 Жылыту жүйелері	12
6.3 Жылыту аспаптары, арматура және құбырлар	19
6.4 Пәтерлер бойынша және жеке жылумен жабдықтау жүйелері	24
6.4.1 Пәтер бойынша жылумен жабдықтау жүйелері	24
6.4.2 Жеке жылумен жабдықтау жүйелері	24
6.4.3 Пешпен жылыту	26
7 ЖЕЛДЕТУ, АУА БАПТАУ ЖӘНЕ АУА ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕЛЕРІ	29
7.1 Жалпы ережелер	29
7.2 Жүйелер	33
7.3 Сыртқы ауаны қабылдау құрылғылары	37
7.4 Ағынды ауаның шығыны	38
7.5 Ауа алмасуды ұйымдастыру	39
7.6 Апаттық желдету	41
7.7 Жабдық	42
7.8 Жабдықтарды орналастыру	44
7.9 Жабдықтарға арналған үй-жайлар	45
7.10 Ауа өткізгіштер	47
8 АТМОСФЕРАҒА АУАНЫ ШЫҒАРУ	54
9 ӨРТ КЕЗІНДЕГІ ТҮТІНГЕ ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫШ	57
10 ІШКІ СУЫҚПЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІ	65
11 ЖЫЛЫТУ, ЖЕЛДЕТУ ЖӘНЕ АУА БАПТАУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ	67
12 ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ АВТОМАТТАУ	69
13 КӨЛЕМДІ-ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ КОНСТРУКТИВТІК ШЕШІМДЕР	73
14 СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ КӨРІЗ	74
15 ПАЙДАЛАНУ	75
А қосымшасы (ақпараттық) Ауа қозғалысының нормаланатын жылдамдығынан ағыстағы ауаның ең жоғарғы жылдамдығына өтудің Кп коэффициенті	77
Б қосымшасы (ақпараттық) Құбырлардағы су қозғалысының рұқсат етілген жылдамдығы	78
В қосымшасы (ақпараттық) Пеш және түтін өңештерінің жанындағы бөліктер мен шегіністердің көлемі	79

ҚР ЕЖ 4.02-101-2012*

Г қосымшасы (ақпараттық) Ағынды ауа шығынының және температурасының есебі.....	80
Д қосымшасы (ақпараттық) Ғимараттарды жылытуға және желдетуге жылу энергиясының үлесті шығынын анықтау	83
Е қосымшасы (ақпараттық) Қызмет көрсетілетін (жұмыс) аймақтағы ауаның нормаланатын температурасынан бастап қызмет көрсетілетін (жұмыс) аймаққа кіру кезінде ағынды ағыстағы температураның рұқсат етілген шегініс	87
Ж қосымшасы (ақпараттық) Металл ауа өткізгіштерінің көлденең қимасының сыртқы көлемдері (МЕМСТ 24751) және металл қалыңдығына қойылатын талаптар	88
И қосымшасы (ақпараттық) Өрт кезінде жойылатын түтіннің шығыны	89
К қосымшасы (ақпараттық) Аз қуаттылық көзінен ағыстағы зиянды заттардың концентрациясын азайтуды сипаттайтын К коэффициентінің мәні	92
*Л қосымшасы (міндетті) Жылыту жүйелері (жылумен жабдықтау).....	91
М-қосымша (ақпараттық) Жануға ауа беру және жану өнімдерін шығару жүйесінің аэродинамикалық есептеу әдістемесі.....	97

КІРІСПЕ

Осы ережелер жинағында ауаны жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерін жобалау, салу және пайдалану бойынша мемлекеттік құрылыс нормалары талаптарын орындау тәжірибеде тексерілген тәсілдерден тұрады. Аталған жүйелердің есептеу әдістері, осы жүйелерді орнату үшін қолданылатын құрылыс материалдарына, бұйымдарға және жабдықтарға, құрылғыға арналған деректер жүйелеріне қолданылатын өнімдер мен жабдықтарға қойылатын талаптарды қамтыған.

БЕЛГІ ҮШІН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АУАНЫ ЖЫЛЫТУ, ЖЕЛДЕТУ ЖӘНЕ КОНДИЦИОНЕРЛЕУ

ОТОПЛЕНИЕ, ВЕНТИЛЯЦИЯ И КОНДИЦИОНИРОВАНИЕ ВОЗДУХА

Енгізілген күні – 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы ережелер жинағы:

- меншік формасынан және ведомстволық бағыныстылығынан тәуелсіз экономиканың барлық саласының ғимараттары мен құрылыстарының үй-жайларындағы ауаны жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерін жобалауға қолданылады және сыртқы және ішкі ауаның есептік параметрлерін, аталған жүйелердің есептік ережелерін, жылыту аспаптарын, желдету жабдықтарын, арматураны, құбырларды есептеу және таңдау ережелерін, өрт кезіндегі түтінге қарсы қорғау жүйелерін жобалау ережелерін, екінші жылу энергетикалық ресурстарын пайдалануға қойылатын талаптарды белгілейді;

- жаңа құрылыс, реконструкция немесе күрделі жөндеу, сондай-ақ қалпына келтіру аяқталғаннан кейін пайдалануға енгізілетін ғимараттардың үй-жайларындағы ауаны жылыту, желдету және ауа баптау жүйелеріне қолданылады;

- ғимараттардың ішкі инженерлік жүйелерінің құрылғылары үшін қолданылатын бұйымдарға қолданылады.

1.2 Осы ережелер мына жүйелерге қолданылмайды:

а) ҚР заңнамасына сәйкес жылжымайтын объектілерге жатпайтын уақытша құрылыстарға;

б) азаматтық қорғаныстың қорғалатын құрылыстарының; радиоактивті заттармен, сәулелерді иондайтын көздермен жұмыс істеуге арналған құрылыстардың; жарылыс заттары өндірілетін, сақталатын немесе қолданылатын жер асты тау кен жұмыстары объектілерінің және үй-жайларының ауаны жылыту, желдету және ауа баптау жүйелеріне;

в) технологиялық процестерге және олардың тағайындалуынан тәуелсіз ғимараттардың және құрылыстардың технологиялық жабдықтарына;

1.3 Ауаны жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерін жобалау кезінде келісілген өзге нормативтік құжаттарда жазылған осы жүйелерге қойылатын талаптарды сақтау керек.

2* НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 24.10.2023 жс. №156-НҚ бұйрық)

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін мына нормативтік құқықтық актілер және нормативтік-техникалық құжаттар қажет:

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242-ІІ Заңы.

ҚР ЕЖ 4.02-101-2012*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242-ІІ Заңы.

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-ІІ Заңы.

«Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығымен бекітілген Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтері.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ-52 бұйрығымен бекітілген «Әкімшілік және тұрғын ғимараттарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.

ҚР ҚН 2.02-14-2002 Газ тектес және сұйық отындағы шағын метражды жылыту қазандықтарын технологиялық жобалау нормалары. Өртке қарсы талаптар.

ҚР ҚН 2.04-07-2022 Ғимараттардың жылу қорғанысы.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ЕЖ 2.02-101-2022 Ғимараттар мен имараттардың өрт қауіпсіздігі.

ҚР ЕЖ 2.02-102-2023 Ғимараттар мен имараттардың өрт автоматикасы.

ҚР ЕЖ 2.04-01-2017* Құрылыс климатологиясы.

ҚР ЕЖ 3.02-127-2013* Өндірістік ғимараттар.

ҚР ҚЕ 4.02-101-2002 Металл полимер құбырларын пайдалана отырып, жылыту жүйелерінің құбырларын жобалау және монтаждау.

ҚР ҚЕ 4.02-103-2002 Жылумен жабдықтаудың автономды көздерін жобалау.

ҚР ЕЖ 4.02-108-2014 Жылу орындарын жобалау.

ҚР ЕЖ ЕН Тіреу конструкцияларына әсер ету 1991-1-1:2002/2011.

МҚН 2.04-02-2004 Ғимараттардың жылу қорғанысы.

МҚН 2.04-03-2005 Шудан қорғау.

МҚН 3.02-03-2002 Мекемелер мен ұйымдарға арналған ғимараттар мен үй-жайлар.

МҚН 4.03-01-2003 Газ тарату жүйелері.

МҚН 4.02-03-2004 Жабдықтарды және құбырларды жылу оқшаулау.

МҚН 4.02-02-2004 Жылу желілері.

МСП 2.04-102-2005 Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың қоршау конструкцияларының дыбыс оқшаулағыштарын жобалау.

МЕМСТ 30494-2011 Тұрғын және қоғамдық ғимараттар. Үй-жайлардағы микроклимат параметрлері.

МЕМСТ 12.1.003-2014 ССБТ Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

МЕМСТ 12.1.004-91* ССБТ Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

МЕМСТ 12.1.005-88 Жұмыс аймағының ауасына қойылатын жалпы санитариялық-гигиеналық талаптар.

Ескертпе – Осы құрылыс нормаларын пайдаланған кезде ағымдағы жылдағы жағдайы бойынша жыл сайын шығарылатын ақпараттық сілтемелері «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарының сілтемесі», «Стандарттау бойынша мемлекетаралық нормативтік құжаттардың

сілтемесі», «Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізімі» бойынша сілтеме стандарттардың және нормативтік құжаттардың қолданысын тексерген орынды. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгерген) болса, онда осы ережелерді пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылмастан жойылған болса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігіне қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында ҚР ҚН 4.02-01 келтірілген тиісті анықтамалары бар терминдер қолданылады:

3.1 Қолайлы жағдайлар (адамның тіршілік етуі үшін): Адамға оның зиянды әсерлерінің факторларының шамадан тыс жол берілмейтін қаупі болмаған жағдайда және адам ағзасының бұзылған функцияларын қалыптастыру үшін мүмкіндіктері бар тіршілік ету ортасының жағдайы; әсер ету – ғимараттың немесе құрылыстың құрылыс конструкцияларының және (немесе) негіздерінің кернеулі-деформацияланған өзгерісін тудыратын құбылыс.

3.2 Түтін құбыры: Жану өнімдерін, түтін газдарын атмосфераға бұруға арналған құбыр. Қазандық немесе жану камерасы жолындағы көлденең немесе еңіс учаскеден тұратын тік құбыр.

3.3 Түтін аймағы: Осы үй-жайдың көлемінен оның жоғарғы бөлігіне шартты немесе конструктивті бөлінген сорып шығаратын түтінге қарсы желдетудің автономды жүйелерімен қорғалатын үй-жайдың бөлігі.

3.4 Тыныс алу аймағы: Жұмыс істеуші атынан 0,5 м радиустағы кеңістік.

3.5 Түтін клапаны: Тығыздығын жоғалтумен ғана сипатталатын отқа төзімділігі бойынша шекті жағдайы бар және қорғалатын дәліздердегі сорып шығаратын түтін шахталарының ойықтарында тікелей орнатуға жататын түтінге қарсы қалыпты жабылған клапан.

3.6 Өртке қарсы клапан: Тығыздығын жоғалтумен және жылуды оқшаулау қабілеттілігімен:

- қалыпты ашық (өрт кезінде жабылатын);
- қалыпты жабық (өрт кезінде ашылатын);
- қос әрекет ететін (өрт кезінде жабылатын және өрттен кейін ашылатын)

сипатталатын отқа төзімділігі бойынша шекті жағдайы бар ғимараттардың қоршалатын құрылыс конструкцияларының желдету өңештері немесе ойықтары аражабындарын автоматты және қашықтықта басқару құрылғысы.

3.7 Когенерация қондырғылары: Электр және жылу энергиясын өндіру үшін газ құбырлық немесе газпоршеньді құрылғылар.

3.8 Өрт бөлігі: Ғимараттың отқа төзімділік дәрежесіне, конструктивтік және функционалдық өрт қаупіне байланысты алаңы және қабаттылығы бойынша шектелген ғимараттың, құрылыстың өртке қарсы бөгеттерімен (қабырғалармен және аражабындармен) конструктивті бөлінген бөлігі.

3.9 Өртке қауіпті қоспа: Егер ол жанған кезде 5 кПа артпайтын қысым өршитін болса, ауамен жанатын газдардың, булардың, шаңдардың, талшықтардың қоспасы. Өртке

қауіпті қоспалар жобалауға арналған тапсырмада көрсетілуі қажет.

3.10 Жұмыс аймағы: Жұмыстарды түрегеп тұрып орындаған кезде биіктігі 2 м немесе жұмыстарды отырып орындағанда биіктігі 1,5 м еден және жұмыс алаңы деңгейінің үстіндегі кеңістік.

3.11 Ғимараттың ішкі жылумен жабдықтау жүйелері: Жылумен жабдықтау, жылыту, су ысыту жүйелері, ыстық сумен жабдықтау, ағынды қондырғылардың ауа қыздырғыштары, ауа баптағыштар, ауа-жылыту агрегаттары, ауа-жылу бүркемелері және басқалардың жүйелері.

3.12 Жергілікті сорғылардың жүйесі: Жергілікті сорғылар қосылатын ауа өткізгіштерге жергілікті сорып шығару желдету жүйесі.

3.13 Ауаны зарарсыздандыру құрылғысы: Бактериялық тұқымдану деңгейін азайту және ауа-тамшылық жолмен жұқпалы ауруларды қоздырушылардың таралуын болдырмау үшін жағдайларды жасау мақсатында қолданылатын зарарсыздандыру құрылғысы (фото өршулі ауа тазалағыш, жабық үлгідегі бактерицидтік ультра күлгін қондырғы, НЕРО сүзгілері және басқалары).

3.14 Таза үй-жай: Үй-жайдың ішіндегі бөлшектердің түсуін, бөлінуін және ұстап қалуды минимумға алып келу үшін салынған және пайдаланылғын ауа өлшенген бөлшектердің концентрациясы бақыланатын және қажет болған жағдайда басқа параметрлерді бақылауға мүмкіндік беретін үй-жай, мысалы, температура, ылғалдық және қысым.

3.15 Ауаның тазалығы: Ластану олар үшін белгіленген деңгейден артпайтын ауаның жағдайы.

3.16 Жылыту жүйесінің тік тарту құбыры: жылыту радиаторлары тік тарту құбырлы арқылы қосылған жылыту желісі. *(Толықтырылды – ҚТҮКШК 19.07.2022 ж. №151-НҚ бұйрық).*

4 АУАНЫ ІШКІ ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ, ЖЫЛЫТУ, ЖЕЛДЕТУ ЖӘНЕ АУА БАПТАУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚОЛАЙЛЫ ҚҰРЫЛЫС ШЕШІМДЕРІ

4.1 Жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерін жобалау кезінде техникалық шешімдерді қамтамасыз ету қажет:

1) МЕМСТ 30494 сәйкес тұрғын және қоғамдық ғимараттардың үй-жайларының, сондай-ақ кәсіпорындардың тұрмыстық ғимаратының (үй-жайларының) қызмет көрсетілетін аймағында оңтайлы немесе рұқсат етілетін микроклимат параметрлерін;

2) МЕМСТ 12.1.005 сәйкес кез келген мақсаттағы ғимараттардағы өндірістік, зертханалық және қойма үй-жайлардың жұмыс аймағындағы оңтайлы немесе рұқсат етілетін микроклимат параметрлерін;

3) микроклимат параметрлерін оңтайлы басқару, ауаны жылыту, желдету және ауа баптау бағдарламасын іске асыратын (зияткерлік ғимарат) басқарудың автоматтандырылған жүйесімен жабдықтауды;

4) жабдық жұмыстарының, сондай-ақ МҚН 2.04-03 сәйкес шудың сыртқы көздерінің шу және дірілдеуінің нормаланған деңгейлерін;

5) МЕМСТ 12.1.003 сәйкес апаттық желдету жүйелерінің және түтінге қарсы

қорғаныс жүйелерінің шу және дірілдеуінің нормаланған деңгейлерін;

6) ауаның нормаланатын сапасын;

7) таза үй-жайларындағы ауаның нормаланған тазалығын;

8) жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерінің жөндеуге жарамдылығын;

9) жарылу-өрт қауіпсіздігін;

10) зиянды заттардың желдету шығындыларынан атмосфералық ауаны қорғауды қамтамасыз ететін техникалық шешімдерді көздеу керек.

4.2 Жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерін таңдауды тапсырыс беруші өтінімді ресімдеу және салу немесе реконструкциялау жобасын әзірлеуге арналған сәйулет-жоспарлау тапсырмасын алу сатысында жүзеге асырады.

Ауаны жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерінің жобаларында жылу-энергиялық ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ететін энергия тиімді техникалық шешімдер, энергия үнемдеу технологиялары және жабдықтардың қолданылуы қажет.

Бір ғимарат немесе ғимараттардың топтары үшін жылу тасымалдағыш және конденсат шығындарының жылу ағынын есепке алу МҚН 4.02-02 талаптарына сәйкес көзделуі керек.

Д қосымшасына сәйкес анықталатын ғимараттардың жылытуына және желдетуіне жылу энергияның үлесті шығындары нормативтіктерден көп емес болуы керек.

4.3 Ауаны жылыту, желдету және ауа баптау жүйелері құрылыс нормалары талаптарын сақтай отырып, сәулет-жоспарлау тапсырмасына, сондай-ақ мемлекеттік қадағалау органдарының нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген жобалау құжаттамасының белгіленген тәртіпте бекітілуі бойынша монтаждалуы керек.

4.4 Жылыту-желдету жабдығының элементтері мен жабдықтары құрылыс конструкцияларының мүмкін жылжуында (соның ішінде негіздердің шөгуінде) ақаулардың пайда болмауы үшін жобалануы және монтаждалуы керек.

4.5 Жылумен жабдықтау, жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерін жобалау және монтаждауды лицензиялары бар ұйымдардың орындауы қажет.

4.6 Жылумен жабдықтау, жылыту, желдету және ауа баптаудың монтаждалған жүйелері орнатылған жабдықта зауыттың нұсқауларының болуын ескере отырып, құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес сыналуы қажет.

4.7 Жасалатын құбырлар мен өгештерді қоспағанда инженерлік жүйелердің жабдықтары мен элементтері тексеру, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және тазалау үшін кіруге болатындай монтаждалуы керек.

4.8 Жылыту-желдету жабдығының, ішкі жылумен, суықпен жабдықтау жүйелері құбырларының, ауа өткізгіштердің, түтін шығарудың және түтіндіктердің жылу оқшаулауы қолданыстағы нормалардың талаптарына сәйкес болуы керек.

4.9 Тотығуға-белсенді ортасының үй-жайларындағы, сондай-ақ тотығуға-белсенді ортасының ауасын жою үшін арналған жылыту-желдету жабдығы, құбырлар және ауа өткізгіштер тотқа қарсы материалдардан немесе тоттан қорғайтын жабындардан көзделуі керек.

4.10 Міндетті сертификатталуға, соның ішінде гигиеналық немесе өрт бағалауына жататын жылыту-желдету жабдығы, ауа өткізгіштер, құбырлар, ғимараттың жылумен жабдықтау, жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерінде пайдаланылатын жылу оқшаулау

конструкциялары мен басқа құрылыс материалдары мен бұйымдары оларды құрылыста пайдалуға болатынын растауы және сәкестікке бағалау үрдістерінен өтуі керек.

4.11 Жылыту, желдету және ауа баптау жүйелері, жылыту-желдету жабдығы, ауа өткізгіштер, құбырлар, жылу оқшаулау конструкциялары мен басқа құрылыс материалдары ЕАЭО мүше мемлекеттерінің қадағалау органдарының нормативтік құжаттарында баяндалған қауіпсіздік талаптарын, сондай-ақ , егер қолданыстағы нормалардың талаптарына қайшы келмесе кәсіпорын-дайындаушылардың нұсқауларын ескере отырып таңдау керек.

4.12 Кез келген мақсаттағы ғимараттарды реконструкциялау, күрделі жөндеу кезінде немесе өндірістік кәсіпорындарды техникалық қайта жабдықтау кезінде жобалауға арналған тапсырма бойынша немесе құрылыс нормаларының талаптары қамтамасыз етілсе, техника-экономикалық негіздеме кезінде қолданыстағы жылумен жабдықтау, жылыту, желдету және ауа баптау және түтінге қарсы желдету жүйелерімен қолдануға рұқсат етіледі.

5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Жылыту және желдету кезінде (микроклимат параметрлері басқа нормативтік құжаттармен белгіленген үй-жайлардан басқа) үй-жайлардың қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағындағы микроклимат параметрлері СанЕжН 2.1.2.2645, МЕМСТ 30494, МЕМСТ 12.1.005 және СанЕжН 2.2.4.548 сәйкес көзделуі керек:

а) тұрғын үй-жайлардың қызмет көрсетілетін аймағында жылдың суық кезеңі кезінде ауа температурасы- оңтайлы температурадан ең төменгі тапсырыс берушінің тапсырма бойынша рұқсат етілетін норма шегіндегі ауа температурасын қабылдау керек;

б) жылдың суық мерзімінде тұрғын ғимараттардың қызмет көрсетілетін аймағындағы (тұрғын үй-жайларды қоспағанда), сондай-ақ қоғамдық және әкімшілік-тұрмыстық ғимараттардағы немесе өндірістік үй-жайлардағы жұмыс аймағындағы (микроклимат параметрлері басқа нормативтік құжаттармен белгіленген үй-жайлардан басқа) – үй-жайлардағы нақты жылуы артылмаған кезінде рұқсат етілетін температурадан ең төменгі; жылудың артылуымен үй-жайлардағы рұқсат етілетін шектердегі үнемді орынды ауа температурасын қабылдау керек. Бір жұмыс істеушіге 50 м² астам алаңы бар өндірістік үй-жайларда тұрақты жұмыс орындарында тек ауаның есептік температурасын және уақытша жұмыс орындарында төмен (бірақ 10 °С төмен емес) температурамен қамтамасыз етуге рұқсат беріледі;

в) жылдың жылы мерзімінде жылу артылған жағдайда үй-жайлардың қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағында – рұқсат етілетін температура шегіндегі ауа температурасы, бірақ қоғамдық және әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлар үшін 3 °С көп емес және сыртқы ауаның есептік температурасынан жоғары өндірістік үй-жайлар үшін 4 °С көп емес (А параметрі) және ҚР ҚН 4.02-01 талаптарына сәйкес ең жоғарғы рұқсат етілген температурадан көп емес, ал жылу артылмағанда – рұқсат етілген температура шегіндегі ауа температурасын қабылдау керек;

г) ауа қозғалысының жылдамдығы - рұқсат етілген нормалар шегінде;

д) жобалауға арналған тапсырма бойынша рұқсат етілген нормалар шегінде ауаның

салыстырмалы ықпалдылығы.

Егер экономикалық негізделген немесе жобалауға арналған тапсырма бойынша үй-жайдың микроклимат параметрлері немесе параметрлердің бірі рұқсат етілгендердің орнына оңтайлы нормалардың шегінде қабылдануына рұқсат етілген болса.

Егер үй-жайдың рұқсат етілген микроклимат нормалары өндірістік немесе экономикалық жағдайлар бойынша жұмыс немесе қызмет көрсетілетін аймақта қамтамасыз етілуі мүмкін болмаса, онда тұрақты жұмыс орындарында 5.8, 7.1.12 тарауларының және ҚР ҚН 4.02-01 талаптарын, суытатын немесе жылытатын панельдерді, жергілікті ауа баптауларды, қондырғыны көшіруді және басқаларын ескере отырып, ауаны тоңазытумен көзделуі керек.

5.2 Жылдың суық кезеңінде ауа параметрлері басқа нормативтік құжаттармен белгіленген үй-жайлардан басқа, ғимараттардың жылытылатын үй-жайларында, олар пайдаланылмайтын кезде және жұмыс уақыты емес кезде нормаланғаннан төмен емес ауа температурасын қолданылуға рұқсат етіледі, бірақ мына температуралардан төмен болмауы керек:

минус 15 °C – тұрғын үй-жайларда;

минус 12 °C – қоғамдық және әкімшілік-тұрмыстық ғимараттардың үй-жайларында;

минус 5 °C – өндірістік үй-жайларда.

Қалыпты температура үй-жайды пайдаланудың басында немесе жұмыстың басталуына қарай қамтамасыз етілуі керек.

Жылдың жылы кезінде микроклиматтың параметрлері мына үй-жайларда нормаланбайды:

- тұрғын ғимараттарда;

- қоғамдық, әкімшілік-тұрмыстық және өндірістік үй-жайларда олар пайдаланылмайтын кездерде және үй-жайлардың температурасына қойылатын технологиялық талаптар болмаған кезде жұмыс уақыты кезінде емес.

5.2-1* Үй-жайларда сәулемен жылыту және қыздыру кезінде (оның ішінде газ және электр инфрақызыл сәулелендіргіштері бар) немесе тұрақты жұмыс орындарын салқындату кезінде үй-жайдың қызмет көрсетілетін (жұмыс) аймағында МЕМСТ 12.1.005 нормаланатын ауа температурасына баламалы температуралық жағдайларды қамтамасыз ете отырып, ауа температурасын есептеу бойынша қабылдау керек.

Сонымен қатар сәулемен жылыту кезінде үй-жайдың қызмет көрсетілетін (жұмыс) аймағындағы жұмыс орнындағы жылу сәулеленуінің қарқындылығы сәулеленетін дененің 50 % және одан да көп бетіне 35 Вт/м² аспауы керек, ал қызмет көрсетілетін (жұмыс) аймағындағы ауа температурасы жылдың суық кезеңіндегі ең жоғары рұқсат етілетін температурадан 1 °C кем болмауы керек және ең аз рұқсат етілетін температурадан төмен болмауы керек және жылдың суық кезеңінде ең аз рұқсат етілген температурадан қоғамдық үй-жайлар үшін 3°C-тан астам және өндірістік үй-жайлар үшін 4 °C-тан төмен болмауы керек.

Технологиялық жабдықтың қызған немесе салқындатылған беттерін сәулелі қыздыру немесе тұрақты жұмыс орындарын салқындату үшін пайдалануға болмайды.
(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 02.09.2019 ж. №129-НҚ бұйрық)

5.3 Үй-жайдың қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағында оның кіре берісіндегі

ҚР ЕЖ 4.02-101-2012*

ағынды ауаның ағысында көзделуі керек:

1) төмендегі формула бойынша есепке сәйкес v_x , м/с ауа қозғалысының ең жоғарғы жылдамдығы:

$$v_x = K_n \cdot v_n, \quad (1)$$

2) төмендегі формула бойынша есепке сәйкес үй-жайдағы жылудың артылу ассимиляциясы кезінде t_x , °C ең жоғарғы температурасы:

$$t_x = t_n + \Delta t_1, \quad (2)$$

3) төмендегі формула бойынша есепке сәйкес үй-жайдағы жылудың артылу ассимиляциясы кезінде t_x' ең жоғарғы температурасы:

$$t_x' = t_n - \Delta t_2, \quad (3)$$

мұнда v_n , t_n – ауа қозғалысының нормаланатын жылдамдығы м/с және үй-жайдың жұмыс аймағындағы қызмет көрсетілетін аймағындағы немесе жұмыс орындарындағы нормаланатын °C ауа температурасы;

K_n – А қосымшасы бойынша анықталатын нормаланатын ауа қозғалысының жылдамдығынан ағыстағы ең жоғарғы жылдамдыққа өту коэффициенті;

Δt_1 , Δt_2 – Е қосымшасы бойынша анықталатын нормаланатыннан ағыстағы °C ауа температурасының рұқсат етілген ауытқуы.

Қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағының шектеріндегі ауа бөлгіштерді орналастыру кезінде қозғалу жылдамдығы және ауа температурасы ауа бөлгіштерден 1 м қашықтыққа нормаланбайды.

5.3.1* Тұрғын үй, қоғамдық, мекемелер, ұйымдар, тұрмыстық, зертханалық, қоймалық және өндірістік ғимараттар мен үй-жайлардағы микроклиматтың берілген параметрлерін және ауа тазалығын қамтамасыз ету мақсатында сыртқы ауаның есептік параметрлері қабылданады:

- А параметрлері – жылдың жылы кезеңіне арналған желдету және ауаны себезгілеу жүйелері үшін;

- Б параметрлері – жылдың суық кезеңіне арналған жылыту, желдету және ауаны себезгілеу жүйелері үшін, сондай-ақ жылдың жылы және суық кезеңіне арналған ауаны баптау жүйелері үшін **(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 23.11.2018 жс. №240-НҚ бұйрық)**

5.3.2* Ауыл шаруашылығы мақсатындағы ғимараттар үшін сыртқы ауаның параметрлері, егер олар арнайы құрылыс немесе технологиялық нормалармен орнатылмаса:

- А параметрлері – жылдың жылы және суық кезеңдеріне арналған желдету және ауаны баптау жүйелері үшін;

- Б параметрлері – жылдың суық кезеңіне арналған жылыту жүйелері үшін **(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 23.11.2018 жс. №240-НҚ бұйрық)**

5.3.3* Жылдың өтпелі жағдайлары үшін сыртқы ауаның параметрлері төмендегідей болуы керек:

- температурасы – 10°C;
- меншікті энтальпиясы – 26,5 кДж/кг; желдету үшін жылытылмаған сыртқы ауаны ағын үшін пайдалануға рұқсат етіледі *(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 23.11.2018 ж. №240-НҚ бұйрық).*

5.4 Өрт қауіпсіздігін, гигиенаны, адамның денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша көлемді-жоспарлау шешімдері

5.4.1 Жылыту, желдету және ауа баптау жүйелері Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы территориясында қабылданған техникалық регламенттерге, мемлекеттік нормативтік құжаттарына және бақылау органдарының құжаттарына сәйкес, сондай-ақ, олар, осы нормалардың талаптарына қайшы келмейтін, дайындаушы кәсіпорындарының жабдықтарына, арматурасына және материалдарына жасалған нұсқауларына байланысты, қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, жобалануы керек.

5.4.2* Ғимаратта жылу тасымалдағыштың температурасын, °C, ағынды қондырғылардың ауа жылытқыштарын, кондиционерлерін, ауа-жылу перделерін және т.б. (бұдан әрі - ішкі жылумен жабдықтау жүйелері) жылыту және жылумен жабдықтау жүйелері үшін үй-жайдағы заттардың өздігінен тұтану температурасынан кем дегенде 20 °C (5.4.4-тармақты ескере отырып) төмен және Л-қосымшасы бойынша ең жоғары рұқсат етілген көрсеткіштен немесе жабдыққа, арматураға және құбыржолдарға арналған техникалық құжаттамада көрсетілген көрсеткіштен артық емес қабылдау керек. *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 02.09.2019 ж. №129-НҚ бұйрық)*

Гидродинамикалық режимде жылумен жабдықтау жүйелерінің кез келген нүктесіндегі қысым (есептік шығындар және су температурасы секілді, олардың мүмкін ауытқулары кезінде) жабдықтың (жылу алмасуларының, бактардың, сорғылардың және т.б.), арматуралардың және құбырлардың беріктігі бойынша рұқсат етілген мәндерден аспауы және судың қайнауын болдырмау, жүйені сумен толтыруды қамтамасыз етуі қажет.

5.4.3 Жылыту аспаптарының және жылыту жүйелері құбырларының қолжетімді бөліктерінің беткі температурасы ең жоғарғы рұқсат етілгеннен аспауы керек.

Балалардың мектепке дейінгі үй-жайларындағы, баспалдақ торларындағы және балалардың мектепке дейінгі мекемелерінің вестибюлдеріндегі 75°C жоғары беткі қолжетімді бөліктері температурасы бойынша жылыту аспаптары және құбырлары үшін қорғаныш қоршаулары немесе құбырлардың жылу оқшаулауы көзделуі керек.

5.4.4 Ішкі жылумен жабдықтау, ауа өткізгіш, түтін шығару және түтіндік жүйелерінің жылыту-желдету жабдықтарын, құбырларын жылу оқшаулау:

- күйіктердің алдын алу үшін;
- рұқсат етілгеннен көп жылуды жоғалтуды болдырмау үшін;
- ылғал алмасуды жоғалтпау үшін;
- жылытылмайтын үй-жайларда немесе жасанды суытылатын үй-жайларда төселетін құбырлардағы жылу тасымалдағыштың қатып қалуын болдырмау үшін көзделуі керек.

Жылу оқшаулағышының жоғарғы температурасы 40°C аспауы қажет.

Газдардың, булардың, аэрозольдардың немесе шаңдардың жану қаупін тудыратын

үй-жайларда орналасқан жылыту-желдету жадықтары, құбырлары, ауа өткізгіштері, түтін шығарғыштары және түтіндіктерінің жанатын беті олардың өздігінен жану температурасынан 20°C төмен оқшаулау бетіндегі температураны көздей отырып оқшаулау керек. Егер жылу оқшаулаудың беткі температурасын көрсетілген деңгейге дейін техникалық азайту мүмкін болмаса, жылыту-желдету жабдықтарын, құбырларды және ауа өткізгіштерді аталған үй-жайларға орналастыру керек.

5.4.5 Жылу оқшаулауды МҚН 4.02-03 сәйкес жобалау керек.

5.4.6 Сәулелі жылытудың жоғарғы температуралық аспаптарының беткі температурасы 250°C жоғары болып қабылданбауы керек.

5.4.7 Беткі температурасы 150°C жоғары сәулелі жылыту аспаптарын орналастыруды үй-жайдың жоғарғы аймағында көзделуі керек.

Сәулелі жылыту аспаптарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік дайындаушы зауыт нұсқаларының талаптарына сәйкес қамтамасыз етілуі қажет.

5.4.8 Газ сәулелері рұқсат етілген көлемнен төмен жұмыс немесе қызмет көрсетілетін аймақтың ауасындағы ШРК зиянды заттарды қамтамасыз ете отырып, жану өнімдерін жою жағдайларында жылыту үшін қолдануына рұқсат етіледі.

5.4.9 Қысылған немесе сұйытылған газы бар баллондарды толтыру және сақтау үшін үй-жайларда, сондай-ақ А, Б, В санаттарындағы қойма үй-жайларындағы және жанатын материалдар қоймасында немесе жанатын материалдарды жинау үшін цехтарда бөлінген жылыту аспаптарын оларды тазалау үшін кіру рұқсаты бар жанбайтын материалдардан жасалған экрандармен қоршалуы керек.

Экрандарды жылыту аспаптарынан 100 мм кем емес қашықтықта орналастыру керек. Қаптары бар конвекторларды экрандармен қоршаудың керекі жоқ.

5.4.10 Ішкі жылумен жабдықтау құбырларының бір өңешінде булардың 170°C шығу температурасы бар жанатын сұйықтықтардың, булардың және газдардың немесе тоттанатын-белсенді булар мен газдардың құбырларын төсеуге немесе қиып өтуге рұқсат етілмейді.

Жарылатын қауіпті қоспалар бар ауа өткізгіштерге өтетін газдардың, булардың, шаңдардың және аэрозольдердің өздігінен жанатын температурасынан төмен (20°C кем емес) температурасы бар жылу тасымалдағыш бар құбырларды кесіп өтуге рұқсат етіледі.

5.4.11* Ауаны жылыту жүйелеріндегі ауаның ауа таратқыштарынан шығу кезіндегі температурасы 5.3 т. ескере отырып, бірақ үй-жайларда бөлінетін газдардың, булардың және аэрозольдардың өздігінен жану температурасынан 70°C жоғары емес және 20°C кем емес төмен қабылдануы керек. *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 24.10.2023 ж. №156-НҚ бұйрық)*

Ауа-жылу бүркемелерімен берілетін ауа температурасы сыртқы есіктерде 50°C жоғары емес және сыртқы қақпада және ойықтарда 70°C жоғары емес қабылдануы керек.

5.4.12 Тоттанатын белсенді ортасы бар, сондай-ақ тоттанатын белсенді жиынтықтардан тұратын ауаны жоюға арналған үй-жайлардағы жылыту-желдету жабдықтары, құбырлары және ауа өткізгіштері тоттануға қарсы материалдардан немесе тоттан қорғау жабыны бар материалдардан жасалуы керек. Ауа өткізгіштерінің тоттануға қарсы қорғанышы үшін қалыңдығы 0,2 мм көп емес жанатын материалдардан жасалған бояуды қолдануға рұқсат етіледі.

5.4.13 Желдету және ауа баптау жүйелерін есептеу кезінде өндірістік үй-жайларының жұмыс орындарында жұмыс аймағының ауасында зиянды заттардың концентрациясын МЕМСТ 12.1.005, сондай-ақ Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау жөіндегі уәкілетті органның нормативтік құжаттарымен белгіленген жұмыс аймағының ауасындағы шекті рұқсат етілген концентрацияға тең қабылдануы керек.

5.4.14 Ауа таратқыштардан шығу кезіндегі ағынды ауадағы зиянды заттардың концентрациясы ауаны қабылдау құрылғыларының орналасу орындарындағы осы заттардың фондық концентрациясын ескере отырып есеп бойынша қабылдау керек, бірақ:

- 1) жұмыс аймағы ауасындағы ШРШ 30% кем емес – кәсіпорындардың өндірістік және тұрмыстық үй-жайлары үшін;
- 2) елді мекен орындарының ауасында ШРШ – тұрғын және қоғамдық үй-жайлар үшін.

5.4.15 Үй-жайлардың ауасындағы өрт-жарылыс, өртке қауіпсіз концентрация желдету және ауа баптау жүйелерінің есебі үшін белгіленген сыртқы ауа параметрлері кезінде қабылдау керек.

5.4.16 Құбырлар, фасондық бөлшектер және біріктірулер п. 6.3.42 т. сәйкес герметикалығын бұзбай және жоғалтпай сынау сынақтарын және тұрақты судың қысымын ұстауы қажет.

6 ІШКІ ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕЛЕРІ

6.1 Ішкі жылумен жабдықтау жүйелері

6.1.1 Ғимараттарды жылумен жабдықтау:

- ЖЭО жылу көздерінен жылумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйесінің жылу желілері бойынша, елді мекеннің, орамның, шағынауданның көздерінің жылу желілері бойынша;

- 2.02-14 ҚР ҚН және ҚР ЕЖ 4.02-103 сәйкес бір ғимаратқа немесе ғимараттардың тобына (кіріктіріп салынған, жапсарлай немесе шатырлы қазандық, когенерациялық немесе жылу сорғы қондырғылары) қызмет көрсететін жылудың автономды көзінен;

- жеке жылу генераторларынан жүзеге асырылуы мүмкін.

6.1.2 Жылумен жабдықтау орталықтандырылған жүйеге оның құрылғыларын қосу жолымен үйдің жылытылуын және ыстық сумен жабдыкталуын қамтамасыз ету қажет, ал ол жоқ болғанда немесе бұл жобалауға арналған тапсырмада көзделген болса – жылумен жабдықтаудың (жылу генераторы) жеке көздерінен автономды жүйені орналастыру жолымен қамтамасыз етілуі қажет.

6.1.3 Үйлердегі жылумен жабдықтаудың орталықтандырылған көздеріне ғимараттарды қосу кезінде МҚН 4.02 – 02, ҚР ЕЖ 4.02-17 сәйкес және тәуелсіз схема бойынша жылу желісіне қосыла отырып, жеке жылу пункттерінен жабдықтау керек. Жылу тасымалдағыштың температурасына және қысымына сәйкес жылумен жабдықтау жүйесінде және үйдің жылыту мен желдету жүйесінде тәуелді схема бойынша жылу желісіне оларды қосуға рұқсат етіледі.

6.1.4 Жылу генераторының талап етілетін өнімділігі жылыту жүйесіне (ал қажет болған жағдайда – желдету жүйесіне) түсетін өңделетін жылудың саны оңтайлыларды (қолайлы) ұстайтындай жеткілікті, ал ыстық сумен жабдықтау жүйесіндегі жылу саны – осы жүйеге ең жоғарғы есептік жүктеме кезінде ыстық судың берілген температурасын ұстау үшін жеткілікті болатындай есеппен анықталуы қажет.

6.1.5 Ғимараттардағы жылумен жабдықтаудың жеке көздері ретінде газ, сұйықтық немесе қатты отындағы жылу генераторлары, электрлік жылытатын құрылғылар, пештер қолданылуы мүмкін. Стационарлық жылу генераторларына қосымша қайта жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын жылу сорғы қондырғылары, жылуды пайдаланушы, күн коллекторлары және басқа жабдықтар ұсынылады. Жылу генераторының үлгісін таңдауда құрылыс ауданындағы отынның әр түрінің құнын ескеру ұсынылады.

6.1.6 Жылу генераторлары ретінде толық зауыт дайындығының автоматтандырылған жабдығы қолданылу қажет.

6.1.7 Жылу тасымалдағышы ретінде ішкі жылумен жабдықтау жүйелері үшін суды қолдану керек. Су буын, сондай-ақ санитариялық-гигиеналық және жарылу, өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін басқа жылу тасымалдағыштарын қолдануға рұқсат етіледі. Минус 40 °С және одан төмен (Б параметрлері) сыртқы ауаның есептік температурасы бар аудандардың ғимараттары үшін оның қатып қалуын болдырмайтын қоспалары бар суды қолдануға рұқсат етіледі.

Жылу тасымалдағышта МЕМСТ 12.1.005 бойынша 1 және 2 сыныпты қауіпті зиянды заттардың, сондай-ақ ШРК ішкі жылумен жабдықтау жүйесінде апат болған жағдайда артатын немесе үй-жайдың ауасында осы заттардың жалынының таралуының төменгі шоғырланған шегі (ЖТТШШ) қоспасы ретінде пайдаланудың керегі жоқ. Қоспалар ретінде 11.5.6 т. ескере отырып, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органымен ішкі жылумен жабдықтау жүйелерінде қолдануға рұқсат берілген 3 және 4 сыныпты заттарды пайдалануға рұқсат беріледі.

Қоспалар ретінде суға құбырлардың материалдары химиялық төзімді болып табылмайтын заттарды пайдалануға рұқсат етілмейді.

6.1.8 Ішкі жылумен жабдықтау жүйелерінің болат құбырларынан жасалған құбырлардың ішкі бетінің баламалы бұдыры, мм гидравликалық есебі кезінде су, бу және басқа жылу тасымалдағыштар үшін 0,2 кем емес және конденсат үшін 0,5 кем емес қабылдануы керек.

Ішкі жылумен жабдықтау жүйесін жылу желісіне байланысты қосқан кезде, сондай-ақ баламалы бұдыры, мм қолданыстағы құбырларды пайдалана отырып, оларды реконструкциялаған кезде су, бу және басқа жылу тасымалдағыштар үшін 0,5 кем емес және конденсат үшін 1,0 кем емес қабылдау керек.

Полимерлік материалдардан жасалған құбырлардың ішкі беткі баламалы бұдыры, сондай-ақ жез және мыс құбырлары 0,01 және 0,11 мм кем емес қабылдануы керек.

6.2 Жылыту жүйелері

6.2.1 Ғимараттарды жылыту жүйелері жылыту кезеңі ішінде үй-жайларда ауаны біркелкі қыздыруды және нормаланған температураны қамтамасыз ететіндей жобалауға

ұсынылады.

6.2.2 Ғимараттардың жылыту жүйелерін жобау кезінде:

- 1) қоршау конструкциялары арқылы жылудың жоғалуын;
- 2) сіңіретін сыртқы ауаны қыздыруға жылу шығыны
- 3) материалдарды, жабдықтарды және транспорттық құралдарды қыздыруға жылу шығыны;

4) электр аспаптарынан, жарықтан, технологиялық жабдыктан, коммуникациялардан, материалдардан, адамдардан және басқа көздерден үнемі түсетін жылу ағыны; бұл ретте, тұрғын үйлердің бөлмелеріне және ас үйіне түсетін жылу ағыны еденнің 1 м^2 10 Вт кем емес қабылдануын ескеру керек.

Жылудың үй-жайлардың ішкі қоршау конструкциялары арқылы жоғалуы осы үй-жайлардағы температураның әр түрлілігі 3°C тең және аздау болса ескерілмейді.

6.2.3 Жылудың қоршау конструкциялары арқылы жоғалуы.

6.2.3.1 Жылудың негізгі және қосымша жоғалуы 10 Вт дейін дөңгелектеп Q , Вт жеке қоршау конструкциялары арқылы жылудың жоғалуын жинақтай отырып, үй-жайлар үшін мына формуламен анықтау керек:

$$Q = A(t_p - t_{ext})(1 + \sum \beta) / R_{\text{доп}}, \quad (4)$$

мұнда A – қоршау конструкциясының есептік алаңы, м^2 ;

$R_{np/o}$ – қоршау конструкцияларының жылу беруге келтірілген қарсыласуы, $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$. Конструкцияның жылу беруге қарсыласуы ҚР ҚН 2.04-21 бойынша (топырақтағы едендерден басқа); топырақтағы едендер үшін - 6.2.3.3 т. сәйкес, жылыланбаған едендер үшін $R_{np/o} = R_c$ қабылдай отырып, және жылыланған едендер үшін $R_{np/o} = R_h$ қабылдай отырып анықталуы керек.

t_p – биіктігі 4 м астам үй-жайлар үшін биіктікке байланысты оның артуын ескере отырып, үй-жайлардағы ауаның $^\circ\text{C}$ есептік температурасы;

t_{ext} – сыртқы қоршау арқылы жылуды есептік жоғалту кезіндегі жылдың суық кезеңі үшін сыртқы ауаның есептік температурасы немесе ішкі қоршаулар арқылы жылуды есептік жоғалтудың суықтау үй-жайдағы ауа температурасы;

β – 6.2.3.2 т. сәйкес анықталатын негізгі жоғалтудың үлестеріндегі жылуды қосымша жоғалту;

n – ҚР ҚН 2.04-21 бойынша сыртқы ауаға қатысты қоршау конструкцияларының сыртқы беткі жағына байланысты қабылданатын коэффициент;

6.2.3.2 Қоршау конструкциялары арқылы β жылуды қосымша жоғалту негізгі жоғалту үлестерінде:

а) 0,1 мөлшерінде солтүстікке, шығысқа, солтүстік-шығысқа, 0,05 мөлшерінде оңтүстік-шығысқа және батысқа қаратылған сыртқы тік және еңіс (тік кескін) қабырғалар, есіктер және терезелер арқылы кез келген мақсаттағы үй-жайларда; егер қоршаулардың бірі солтүстікке, шығысқа, солтүстік-шығысқа және солтүстік батысқа және 0,1 қаратылса – басқа жағдайларда, әр қабырғаға, есікке және терезеге қосымша 0,005 бойынша бұрыштық үй-жайларда;

б) бір сыртқы қабырғада 0,08 мөлшерде және бұрыш үй-жайларда (тұрғын үйлерден басқа) 0,13, ал барлық тұрғын үй-жайларда – 0,13 мөлшерде жарықтың кез келген жағына

қаратылған қабырғалар, есіктер және терезелер арқылы үлгілік жобалау үшін әзірленген үй-жайларда;

в) 0,05 мөлшерде минус 40 °С және одан төмен сыртқы ауаның есептік температурасы бар жерлерде ғимараттардың суық еден астының үстіндегі бірінші қабаттың жылытылмайтын едені арқылы;

г) Ғимараттың биіктігі H , м, болған кезде жердің орташа жоспарланған белгісінен бастап карниздің жоғарғы жағына дейінгі шамның немесе шахта аузының сорғы саңылауының ортасындағы:

- 0,2 H – олардың арасында екі тамбуры бар үш есік үшін;

- 0,27 H – олардың арасында тамбуры бар екі есік үшін;

- 0,34 H – тамбурсыз екі есік үшін;

- 0,22 H – дара есіктер үшін мөлшердегі ауа немесе ауа-жылу бүркемелерімен жабдықталмаған сыртқы есік арқылы

- ауа немесе ауа-жылу бүркемелерімен жабдықталмаған сыртқы есік арқылы – тамбур жоқ болған кезде 3 мөлшерде – қақпа жанындағы тамбур болған кезде 1 мөлшерде қабылдануы керек.

Ескертпе - 4 және 5 тармақтар бойынша баспалдақ және екінші сыртқы есіктер және қақпа үшін жылудың қосымша жоғалуын ескерудің қажеті жоқ.

6.2.3.3 Едендердің жылу беруге қарсыласуын:

а) R_c , м²·°С /Вт:

- 2,1 - I аймақ үшін;

- 4,3 - II аймақ үшін;

- 8,6 - III аймақ үшін;

- 14,2 - IV аймақ үшін; (еденнің қалған алаңы үшін) тең қабылдай отырып, сыртқы қабырғаларға қатар ені 2 м аймақтар бойынша $\lambda \geq 1,2$ Вт/(м²·°С) жылу өткізгіштік коэффициенті бар жердің деңгейінен төмен орналасқан топырақтағы және қабырғалардағы жылыланбаған едендер үшін;

б) R_h , м² · °С/Вт мына формула бойынша:

$$R_h = R_c + (\delta/\lambda_h); \quad (5)$$

қабылдай отырып, қалыңдығы δ , м жылылайтын қабаттың $\lambda_h < 1,2$ Вт/(м²·°С) жылу өткізгіштік коэффициенті бар жердің деңгейінен төмен орналасқан топырақтағы және қабырғалардағы жылыланбаған едендер үшін;

в) R_h , м² · °С/Вт мына формула бойынша:

$$R_h = 1,18(R_c + \delta/\lambda), \quad (6)$$

қабылдай отырып, лагалардағы едендер үшін анықтау керек.

6.2.3.4 Анағұрлым жылудың артылуы бар өндірістік үй-жайлардың қоршау конструкциялары арқылы жылуды жоғалту жылу көздері мен қоршаулар арасындағы сәулелі жылу алмасуды ескере отырып ескерілуі керек.

6.2.4 Үй-жайлардың қоршалатын конструкциясы арқылы сіңірілетін сыртқы ауаны қыздыруға жылу шығыны.

6.2.4.1 Сіңірілетін ауаны қыздыруға Q_i , Вт жылу шығыны мына формула бойынша анықталады:

$$Q_i = 0,28 \sum G_i c (t_p - t_i) k, \quad (7)$$

мұнда G_i – осы қосымшаның 3 т. сәйкес анықталатын үй-жайдың қоршау конструкциялары арқылы сіңірілетін ауаның шығыны кг/сағ;

c – 1 кДж/(кг °С) тең ауаның үлесті жылу сыйымдылығы;

t_p, t_{ext} – үй-жайдағы (биіктігі 4 м аса үй-жайлар үшін артуды ескере отырып орташа) ауаның және жылдың суық кезіндегі (Б параметрлері) сыртқы ауаның есептік температурасы;

k – үш жақтауы бар қабырғалар мен терезелер панельдерінің жіктері үшін 0,7-ге, бөлек жақтаулары бар терезелер және балкон есіктері үшін 0,8-ге және қосарланған жақтаулары және ашық ойықтары бар дара терезелер, терезелер және балкон есіктері үшін 1,0-ге тең конструкциялардағы қарсы жылу ағынының әсерін есепке алу коэффициенті.

6.2.4.2 Жылытылған ағынды ауамен өтелмейтін табиғи сорып шығару желдетуі кезінде тұрғын және қоғамдық ғимараттардың үй-жайларындағы сіңірілетін ауаны қыздыруға Q_i , Вт жылу шығыны (7) және (8) формулалары бойынша есептеп алынған алынған көлемдердің үлкеніне теңдей қабылдау керек:

$$Q_i = 0,28 L_n \rho c (t_p - t_i) k, \quad (8)$$

мұнда L_n – жылытылған ағынды ауамен өтелмеген жойылатын ауа шығыны, м³/сағ; тұрғын ғимараттар үшін – тұрғын үй-жайлардың 1 м²-на үлестік нормативтік шығын 3 м³/сағ;

ρ – үй-жайдағы ауа тығыздығы, кг/м³.

6.2.4.3* Сыртқы қоршаулардың тығызсыздығы арқылы үй-жайлардағы G_i , кг/сағ сіңірілетін ауа шығыны мына формула бойынша анықталады.

$$G_i = 0,216 \sum A_1 \Delta p_i^{0,67} / R_a + \sum A_2 G_i (\Delta p_i / \Delta p_1)^{0,67} + 3456 \sum A_3 \Delta p_i^{0,5} + 0,5 \sum \Delta p_i / \Delta p_1, \quad (9)$$

мұнда A_1, A_2 – жарық ойықтарына (терезелер, балкон есіктері, шамдар) және басқа қоршауларға сәйкес сыртқы қоршалатын конструкциялардың м² алаңы;

A_3 – сыртқы қоршау конструкцияларындағы саңылаулардың және ойықтардың алаңы;

$\Delta p_i, \Delta p_1 - \Delta p_1 = 10$ Па кезіндегі есептік қабаттағы қоршау конструкцияларының сыртқы және ішкі бетіндегі қысым арасындағы есептік әр түрлілік;

R_a – м²·сағ·Па/кг ауаның сіңірілуіне қарсылық [13] бойынша қабылданады;

G_H – сыртқы қоршау конструкцияларының нормативтік ауа сіңіргіштігі, кг/(мг²·сағ) ҚР ҚН 2.04-21 бойынша қабылданады;

l – қабырға панельдері жіктерінің ұзындығы, м.

$\Delta p_i, \Delta p_1$ Па әр қоршау конструкциясының сыртқы және ішкі бетіндегі қысымдар арасындағы есептік әр түрлілік жылу және жел қысымдары және табиғи іске қосылатын және технологиялық қажеттіліктерге шығатын желдету жүйелерімен берілетін және жойылатын ауа арасындағы шығындардың теңгерімсіздігі есебінен $\sum G_{ext}$ одан

жойылатын және ғимаратқа $\sum G_i$ кг/сағ түсетін ауа шығынының тең болуының негізінде p_{int} , Па ғимараттағы (сыртқы қоршау конструкцияларының беткі жағындағы қысымымен теңдестіріледі) ауаның шартты-тұрақты қысымы анықталғаннан кейін қабылданады.

Δp_i қысымдарының есептік әр түрлілігі, мына формуламен анықталады:

$$\Delta p_i = (H - h_i)(\gamma_i - \gamma_p) + 0,5 p_i v^2 (c_{an} - c_{ap}) k_h - p_{int}, \quad (10)$$

мұнда H - шам немесе шахта аузының сорып шығаратын саңылауының ортасының жердің орташа жоспарланған белгісі деңгейінен бастап карниздің жоғарғы жағына дейінгі м, ғимарат биіктігі;

h_i – жер деңгейінен терезелердің, балкон есіктерінің, есіктердің, қақпалардың, ойықтардың жоғарғы жағына дейін немесе қабырға панельдерінің көлденең остеріне және тік ортасына дейінгі м, есептік биіктік;

γ_i, γ_p – үй-жайдағы сыртқы ауаның және ауаның/м³ үлестік салмағы, мына формула бойынша анықталады:

$$\gamma = \frac{3463}{(273 + t)}, \quad (11)$$

мұнда p_i – сыртқы ауа тығыздығы, кг/м³;

v – ҚР ЕЖ 2.04-01 сәйкес қабылданатын желдің жылдамдығы, м/с;

c_{an}, c_{ap} – ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 бойынша қабылданатын ғимараттың желдетілген қоршауларының беткі жағы үшін аэродинамикалық коэффициенттері;

k_h – ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 бойынша қабылданатын ғимараттың биіктігіне байланысты желдің жылдамдық қысымын өзгертуді есепке алатын коэффициент;

p_{int} – ғимараттағы ауаның шартты-тұрақты қысымы, Па.

Ескертпе

1 Сыртқы ауаны жылытуға арналған ең жоғары жылу шығыны ол үшін анағұрлым жағымсыз желдің бағыты кезінде әр үй-жай үшін ескерілуі керек. Сіңіруге жылудың шығынын автоматты реттей отырып, ғимараттың жылу жүктемесін есептеу кезінде барлық ғимарат үшін анағұрлым желдің жағымсыз бағытын қабылдау керек.

2 Сыртқы панель жіктері арқылы үй-жайға ауаның сіңірілуі тек тұрғын ғимараттар үшін ескерілуі қажет.

(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 24.10.2023 ж. №156-НҚ бұйрық)

6.2.5 Сіңірілетін ауа шығыны Б параметрлері бойынша желдің жылдамдығын қабылдай отырып анықталуы қажет. Егер Б параметрлері кезінде жел жылдамдығы А параметрлеріне қарағанда аз болса, онда жылыту аспаптарын таңдауды А параметрлерімен тексеру керек.

Жел жылдамдығын ҚР ҚНЖЕ 1.03-03 бойынша қабылдау керек.

6.2.6 Жылыту жүйелері (жылыту аспаптары, жылу тасымалдағыш, жылу тасымалдағыштың шекті температурасы немесе жылу беру беті) ҚР ҚН 4.02-01-2011 талаптарына сәйкес қабылдау керек.

6.2.7 Кезекші жылыту негізгі жылыту жүйелерін пайдалана отырып, 5.2 т. сәйкес ауа температурасын ұстау үшін көзделуі керек. Кезекші жылытудың арнайы жүйелері

экономикалық негізделуі кезінде жобалауға рұқсат етіледі.

Жылытылмайтын ғимараттарда ауа температурасын ұстау үшін жылытуды жабдықтарды дұрыстау және жөндеу кезінде жеке үй-жайлардағы және аймақтардағы, сондай-ақ уақытша жұмыс орындарындағы технологиялық талаптарға сәйкес келетін жеке жылыту қондырғыларымен көзделуі керек.

6.2.8 Сыртқы ауа температурасы минус 40°C және одан төмен аудандардағы жылыту ғимараттары үшін суық еден астының үстінде орналасқан едендердің беткі жылытылуы көзделуі керек; адамдардың тұрақты келетін тұрғын үй-жайларындағы және үй-жайларда, қоғамдық, тұрмыстық ғимараттарда және кәсіпорындардың үй-жайларында, өндірістік ғимараттарда МҚН 2.04-02 талаптарына сәйкес жылу қорғанысы көзделуі керек.

6.2.9 Қойма үй-жайларын жылытуды 5.4.9-т. көрсетілген шектеулері бар технологиялық талаптарына сәйкес жобалау керек.

6.2.10 Алаңы 5 % бір немесе бірнеше үй-жайлардың негізгі үй-жайлардың жылыту талаптарынан ерекшеленетін ғимараттың жылытса, үй-жайларының жалпы алаңынан кем емес жеке жылыту құрылғыларымен жылыту осы үй-жайлардың өрт, жарылу қауіпсіздігі талаптарын бұзбаса, онда олар негізгі үй-жайлардың талаптарына сәйкес жобалануы керек.

6.2.11 А және Б санаттарындағы үй-жайларда ауалық жылытуды жобалау керек. Сумен өзара әрекеттесу кезінде өздігінен жануға немесе жарылуға қабілетті, сумен және су буымен байланысу кезінде жарылуға қауіпті қоспаларды тудыратын заттар сақталатын немесе қолданылатын үй-жайларды қоспағанда, басқа жүйелерді қабылдауға рұқсат етіледі.

6.2.12 Бір жұмысшыға 50 м² астам еденнен келетін өндірістік үй-жайларды жылыту 5.1 т. сәйкес тұрақты жұмыс орындарында ауаның есептік температурасын және тұрақты емес жұмыс орындарында 10 °C төмен емес төменгі температурасынан астам қамтамасыз ету үшін жобалау керек.

6.2.13 Жылдың жылы кезеңінде 25 °C және одан жоғары (А параметрлері) сыртқы ауаның есептік температурасы бар аудандардағы ғимараттар үшін үй-жайларды суыту үшін жылыту жүйелерін пайдалануға рұқсат етіледі. Бұл ретте, төмен нормаланатын температурадан 2 °C көп үй-жайлар еденінің жанындағы (аспаптан 1 м астам қашықтықта) ауаны қайта суытуға рұқсат етіледі.

Үй-жайларды суыту үшін оларды пайдалану кезінде аспаптардың беткі температурасы үй-жай ауасы нүктесінің жоғары температурасынан 1 °C кем емес қабылдануы керек.

6.2.14 Су жылытуы және жылу тасымалдағыш шығыны жүйесіндегі жылу ағыны мына тәртіпте анықталуға ұсынылады:

6.2.14.1 Су жылыту жүйесінің Q , кВт есептік жылу ағыны мына формуламен анықталады:

$$Q = \sum Q_1 \beta_1 \beta_2 + Q_2 + Q_3, \quad (12)$$

мұнда Q_1 – жылыту аспаптарымен өтелетін ғимараттың кВт жылуын есептік жоғалту бөлігі;

β_1 – 1-кесте бойынша қабылданатын есептік көлемнің үстінен дөңгелектеу есебінен жылыту аспаптарымен белгіленетін қосымша жылу ағынын есепке алу коэффициенті

1-кесте – β_1 коэффициентінің мәні

Жылыту аспаптарының номенклатуралық қатарының қадамы, кВт	β_1 коэффициенті
0,12	1,02
0,15	1,03
0,18	1,04
0,21	1,06
0,24	1,08
0,30	1,13
Ескертпе - 2,3 кВт көп нақты жылу ағыны бар үй-жайлардың жылыту аспаптары үшін $\beta_1' = 0,5 (1 + \beta_1)$ (7.2) формуласы бойынша анықталатын β_1 коэффициентінің орнына β_1' коэффициенті қабылдануы керек.	

β_2 – 2-кесте бойынша қабылданатын сыртқы қоршау жанында орналасқан жылыту аспаптарымен жылуды қосымша жоғалтуды есепке алу коэффициенті;

Q_2 – есеппен анықталатын жылытылмайтын үй-жайлардағы, кВт, өтетін берілетін және кері берілетін магистральдағы жылу тасымалдағыштағы жылудың суып қалу жағдайында жылуды қосымша жоғалту;

Q_3 – 6.3.3, кВт т. бойынша жылытылатын үй-жайлардан өтетін құбырлардан жылудың түсуімен өтелетін жылудың есептік жоғалу бөлігі.

2-кесте – Аспапты орнату кезіндегі β_2 коэффициентінің мәні

Жылыту аспабы	Аспапты орнату кезіндегі β_2 коэффициенті	
	Сыртқы қабырға жанында, соның ішінде жарық ойығының астында	Жарық ойғының шынылауы жанында
Радиатор:	1,02	1,07
Шойын секциялы болат панельді	1,04	1,10
Конвектор: қабы бар	1,02	1,05
қапсыз	1,03	1,07

6.2.14.2 жылыту аспабының артында орналасқан сыртқы қоршау учаскесі арқылы, сондай-ақ жылытылмайтын үй-жайларда төселген құбырлардың жылутасымалдағышының салқындауы есебінен n , % жылудың қосымша жоғалуы сомада жылыту жүйесінің жылу ағынының 7% кем емес қабылдануы керек және мына формула бойынша анықталады:

$$n'_1 = 100 \frac{\sum [Q_1 (\beta_{2,mt} - 1) + Q_2]}{\sum Q_i} \leq 7, \quad (13)$$

мұнда $\beta_{2,mt}$ (12) формула бойынша есептеу кезінде қабылданған орташа өлшенген коэффициент.

6.2.14.3 Жүйедегі, тарамдағы немесе жылыту жүйесінің тіреудегі G , кг/сағ жылу

тасымалдағыш шығыны мына формула бойынша анықталады:

$$G = 3,6 \sum Q_i / (c \Delta t), \quad (14)$$

мұнда Q – жүйенің, тарамның немесе тіреудің жылу тасымалдағышымен қамтамасыз етілетін [(12) формуланы қар], Вт есептік жылу ағыны;

c – 4,2 кДж/(кг·°C) тең судың үлестік жылу сыйымдылығы;

Δt – жүйенің, тарамның немесе тіреудің кіру және шығуындағы жылу тасымалдағыштың °C температурасының әр түрлілігі.

6.2.15 Газ немесе электр инфрақызыл сәулелендіруімен сәулелі жылыту және қыздыру жүйелері ашық және жартылай ашық жылытылмайтын үй-жайлардағы жеке жұмыс орындарын және учаскелерін жылыту үшін В, Г және Д санаттарындағы жеке өндірістік үй-жайларды немесе аймақтарды жылыту үшін жобалауға рұқсат етіледі. Жертөле үй-жайларындағы, сондай-ақ III, IV және V санаттағы отқа төзімді ғимараттарда газ сәулелерін қолдануға рұқсат етілмейді.

6.3 Жылыту аспаптары, арматура және құбырлар

6.3.1 Су және бу жылыту жүйелерінің жылыту аспаптары А, Б, В санаттарындағы үй-жайларда тегіс беті бар жеңіл тазалауға жол беретін, соның ішінде:

- 1) секциялық радиаторлар немесе дара панелді;
- 2) секциялы радиаторлы немесе жанатын материалдардың (бұдан әрі – «жанатын шаң») шаңдары бөлінбейтін үй-жайлар үшін қосарлы немесе дара панельді. В санатындағы үй-жай үшін, онда жанатын шаң жоқ болса, конвекторларды қолдануға рұқсат етіледі;

- 3) тегіс болат құбырлардан жасалған жылыту аспаптары көзделуі керек.

6.3.2 А, Б, В санаттарындағы үй-жайлардағы жылыту аспаптары қабырғаның беткі жағынан 100 мм кем емес қашықтықта (жарыққа) орналастыру керек. Қуыс жерлерге жылыту аспаптарын орналастыруға рұқсат етілмеді.

6.3.3 Жылыту аспаптарының есебі кезінде жылыту құбырларынанана үй-жайларға түсетін жылу ағынының 90% ескерілуі керек.

6.3.4 Жылыту аспабының нақты жылу ағыны есеп бойынша талап етілетін 5 % немесе 60 Вт кем қабылдануы керек.

6.3.5 Жылдың суық мерзімінде минус 15 °C және одан төмен (Б параметрі) сыртқы ауаның есептік температурасы бар аудандардағы терезелерден немесе 2 м қашықтықта орналасқан тұрақты жұмыс орындарындағы өндірістік, зертханалық және қойма үй-жайларындағы жылыту аспаптары жұмыс істеушілерді ауаның суық ағынынан қорғау үшін жарық ойықтары астына (терезе) орналастыру керек.

Осындай жылыту аспаптары еденнен немесе жұмыс орнынан 4 м биіктіктегі, ал негізделген кезде – үлкен биіктіктегі сыртқы қоршау конструкциялары арқылы жылу жоғалтуды өтеуге есептелінуі керек.

6.3.6 Жұмыс орындарын радиациялық жылытудың төменгі температуралық панельдерінің беткі температурасы 60 °C жоғары, радиациялық суыту панельдерін 2 °C

төмен қабылдау керек.

6.3.7 Жылытудың электрлік жүйелерінде 0 сыныпты токпен соғудан қорғау деңгейі және үй-жайдағы ауа температурасына байланысты жылыту элементінің беткі жылу беретін температурасын автоматты реттей отырып, ҚР ҚН 4.02-01 талаптарына сәйкес ең жоғары рұқсат етілгеннен төмен жылу беретін жоғарғы жағының температурсы бар май радиаторларын қолдануға рұқсат етіледі.

*6.3.7-1 Орнатылған жылыту элементтері бар құрылыс конструкциялары бетінің орташа температурасын қабылдау керек, °С, жоғары емес:

- 70 - сыртқы қабырғалар үшін;
- 26 - адамдар тұрақты болатын үй-жайлардың едендері үшін;
- 31 - адамдар уақытша болатын үй-жайлардың едендері үшін, сондай-ақ айналма жолдар, жабық жүзу бассейндерінің орындықтары үшін;

үй-жайдың биіктігі кезінде төбелер үшін

2,5-тен бастап 2,8 м - 28-ге дейін;

2,8-ден бастап 3 м - 30-ға дейін;

3-тен бастап 3,5 м - 33-ге дейін;

3,5-тен бастап 4 м – 36-ға дейін;

4-тен бастап 6 м – 38-ге дейін.

Тұрғын үй ғимараттары мен жүзу бассейндеріндегі еден бетінің температурасы 35°С аспауы керек, ал балалар мекемелерінде - 3.02-110 ҚР ЕЖ сәйкес.

Беттің температурасын шектеу қолданылмайды

Үстіңгі қабаттың температурасын шектеу жабынға немесе еденге салынған жылыту жүйелерінің жеке құбырларына қолданылмайды.

Беткі температураның шектелуі кіріктіріле салынған жабынға немесе еденге салынған жылыту жүйелерінің жеке құбырларына қолданылмайды. *(Толықтырылды – ҚТҮКШК 02.09.2019 ж. №129-НҚ бұйрық).*

6.3.8 «тіркеуде» жылыту аспаптарын қосу бір үй-жай шегінде рұқсат етіледі. Гардеробтардың, дәліздердің, дәретханалардың, жуынғыштардың, қоймалардың жылыту аспаптарын көрші үй-жайлардың аспаптарына «тіркеуге» қосуға рұқсат етіледі.

6.3.9 Өндірістік ғимараттардағы техникалық қадағалау бөлімдері, қойма, лифт бөімшелерінің машина және т.б үшін үлкен емес жеке үй-жайлардың жылыту аспаптарын бір құбырлы схема бойынша транзиттік құбырларға қосуға рұқсат етіледі.

6.3.10 Құбырларды әр жақты қосу секциялары саны 20 астам (табиғи айналымы бар жүйелердегі 15 астам) радиаторларға, сондай-ақ екіден көп саны бар «тіркеуге» қосылған радиаторларға көзделуі керек.

6.3.11 Баспалдақ торларындағы жылыту аспаптары әдетте, бірінші қабатта орналастырылады, ал бөліктерге бөлінген баспалдақ торларында – ҚР ҚНЖЕ 2.02-05 сәйкес әр бөлікте орналастырылады.

Жылыту аспаптарын сыртқы есіктері бар тамбурлардың бөліктерінде орналастыру керек.

Баспалдақ торларындағы жылыту аспаптарын жеке тарамдарға немесе жылу жүйелерінің тіреулеріне қосу керек.

Баспалдақ торларында, соның ішінде жанбайтын баспалдақ торларында баспалдақ

алаңдарының беткі жағынан 2,2 м кем емес биіктіктегі қабырғалардың тегістігінен шығатын жылыту аспаптарын орнатуға рұқсат етілмейді.

6.3.12* Ванна және душ үй-жайларындағы ыстық сумен жабдықтау жүйесіне қосылмаған сүлгі кептіргіштерін жылыту жүйесіне қосу немесе ҚР ЕЖ 4.01-101 талаптарына сәйкес электр сүлгі кептіргіштерін орнатуды көздеу керек. *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 24.10.2023 ж. №156-НҚ және 19.06.2024 ж. №95-НҚ бұйрық)*

6.3.13 Декоративтік экрандар (торлар) оларды тазалау үшін жылыту аспаптарына кіру рұқсатын ескере отырып, қоғамдық ғимараттарда жылыту аспаптарының (қаптары бар конвекторлардан басқа) жанында жасау керек. Экранды (торларды) қолдану кезінде жылыту аспабының нақтылы жылу ағыны ашық орнатылған жылыту аспабының нақтылы жылу ағынының 10 % көлемінен кем емес болуы қажет.

6.3.14 Желдету, ауа баптау, ауалық тоңазыту және ауа-жылу бұркемелері жүйелерінің жылыту, ауақыздырғыштарын және судықыздыруды жылумен жабдықтау жүйелерінің құбырлары (бұдан әрі – «жылыту жүйелерінің құбырлары») сәйкес келуін растайтын үдерістерден өткен полимерлік материалдардан (соның ішінде металлполимерлік және шыныпластикалық) жасалған болат, жез, мыс құбырларынан, жылуға төзімді құбырларынан жобалануы керек. Пластмасс құбырлары бар кешенде қолданылатын құбырлардың үлгісіне сәйкес қосылатын бөлшектер мен бұйымдардың қолданылуы керек.

Металлполимер құбырлардан жасалған құбырларды пайдалана отырып, жылыту жүйелерін жобалауды ҚР ҚН 4.02-101 сәйкес орындау керек.

6.3.15 Жылу оқшаулауын жылытылмайтын үй-жайларда, жылу тасымалдағыштың қатып қалуы мүмкін орындарда, жасанды суытылатын үй-жайларда, сондай-ақ оларға күйіктер мен конденсаттардың ылғалдануының алдын алу үшін төселетін жылыту жүйелерінің құбырлары үшін көзделуі керек.

Жылу оқшаулауы ретінде жылу өткізгіштігі 0,05 Вт/м^{°C} кем емес және қалыңдығы беткі жақта 40 °C жоғары емес температураны қамтамасыз ететін жылу оқшаулау материалдарын қолдану керек.

Жылытылмайтын үй-жайларда төселетін құбырлармен жылуды қосымша жоғалту және сыртқы қоршаудың жанында жылыту аспаптарын орналастырудан туындаған жылуды жоғалтуы ғимаратты жылыту жүйесінің 7% жылу ағынын арттыруы қажет (6.2.14 т. қарау).

6.3.16 Әр түрлі жағдайдағы құбырлар әдетте, жылу пунктiсiнен немесе жалпы құбырдан жеке төселуі керек:

- 1) жергілікті жылыту аспаптары бар жылыту жүйелері үшін;
- 2) желдету, ауа баптау және ауа жылыту жүйелері үшін;
- 3) ауа бұркемелері үшін;
- 4) басқа мерзімдік жұмыс істейтін жүйелер мен құрылғылар үшін.

6.3.17 Су жылыту жүйелерінің құбырларындағы жылу тасымалдағыш қозғалысының жылдамдығы үй-жайдағы рұқсат етілген дыбыстың баламалы деңгейіне байланысты қабылдануы керек:

1) қоғамдық ғимараттардағы және үй-жайлардағы 40 дБА жоғары - 1,5 м/с көп емес; тұрмыстық ғимараттарда және кәсіпорындардың үй-жайларында 2 м/с көп емес; шу

деңгейін шектеуге қойылатын технологиялық талаптары жоқ болған кезде өндірістік, зертханалық және қойма ғимараттарындағы - 3 м/с көп емес;

2) 40 дБА және одан төмен – Б қосымшасы бойынша.

6.3.18 Құбырлардағы бу қозғалысының жылдамдығы:

1) қарсы 20 м/с кезінде будың және конденсаттың 30 м/с ілеспе қозғалысы кезінде төменгі қысымдағы жылыту жүйелерінде (енгізуде 70 кПа дейін);

2) қарсы 60 м/с кезінде будың және конденсаттың 80 м/с ілеспе қозғалысы кезінде жоғары қысымдағы жылыту жүйелерінде (енгізуде 70-тен бастап 170 кПа дейін) қабылдануы керек.

6.3.19 Жылыту жүйесіндегі су айналымы үшін берілетін және кері құбырлардағы су қысымының әр түрлілігі су температурасының әр түрлілігі салдарынан туындайтын қысымды ескере отырып анықталуы керек.

Жылыту жүйесіндегі циркуляциялық қысымның ескерілмеген жоғалулары қысымның ең жоғары жоғалуының 10 % тең қабылдануы керек.

6.3.20 Үлгі жобалардағы жылыту жүйелерінің есебі үшін ғимаратқа енгізудің берілетін және кері қайтарылатын құбырларындағы қысымдардың әр түрлілігі 150 кПа қабылдануы керек.

Су жылыту жүйесінің сорғыларын қолдану кезінде сорғымен өрістейтін қысымды ескере отырып есептелінуі керек.

6.3.21 Жылыту және ішкі жылумен жабдықтау жүйелерінің болат құбырларының ішкі бетінің баламалы бұдырлары:

- су және бу үшін - 0,2, конденсат үшін - 0,5 мм кем емес қабылдануы керек.

Өндірістік ғимараттардың ішкі жылумен жабдықтау жүйелерін жылу желісіне тікелей қосу кезінде:

- су және бу үшін - 0,5, конденсат үшін - 1,0 мм кем емес қабылдануы керек.

Полимерлік және жез (мыс) материалдардан жасалған құбырлардың ішкі бетінің баламалы бұдырлары 0,01 және 0,11 мм кем емес қабылдануы керек.

6.3.22 Қолданыстағы құбырларды пайдалана отырып, ішкі жылумен жабдықтау және жылыту жүйелерін реконструкциялау кезінде болат құбырлардың баламалы бұдырлығы - су және бу үшін - 0,5, конденсат үшін - 1,0 мм кем емес қабылдануы керек.

6.3.23 Температураның ауыспалы әр түрлілігімен жүйелердің есептеу кезіндегі жергілікті жылыту аспаптары бар су жылыту жүйелерінің тіреулеріндегі жылу тасымалдағыш температурасының әр түрлілігі температуралардың есептік әртүрлілігінен 25% (бірақ 8°C көп емес) ерекшеленуі керек.

6.3.24 Сумен жылытудың бір құбырлы жүйелеріндегі тіреулердегі қысымның жоғалуы жалпы учаскелердегі қысымның жоғалуы ескерілмей циркуляциялық сақиналардағы қысымның жалпы жоғалуынан 70% көп емес құрау қажет.

Тіреулердегі қысымның жоғалуы беретін магистральдың төменгі ажыратуы және кері магистралдың жоғарғы ажыратуы бар бір құбырлы жүйелерінде тіреудің әр метрі үшін 300 Па кем емес қабылдануы керек.

Тік екі құбырлы және көлденең бір құбырлы жылыту жүйелерінде жоғары аспаптар (тараулар) арқылы циркуляциялық сақиналардағы қысымның жоғалуы жылу тасымалдағыштың есептік параметрлері кезіндегі олардағы табиғи қысымнан кем емес

қабылдау керек.

6.3.25 Бу жылыту жүйесінің тіреулеріндегі (тарауларындағы) қысымның есептік жоғалуының үйлеспеуі бу өткізгіштері үшін 15% және конденсат өткізгіштерде 10% аспауы қажет.

6.3.26 Циркуляциялық сақиналардағы қысымның жоғалуының үйлеспеуі (жалпы учаскелердегі қысым жылуының жоғалуын ескермей) ілеспе кезінде 5% және үнемі әр түрлі температурадағы есептеу кезінде су жылыту жүйелерінің құбырларын тұйыққа тірелтіп ажырату кезінде 15% артық болмауы керек.

6.3.27 Жылыту жүйелерінің құбырларын төсеу плитустардың, экрандардың, штрабтардың, шахталардың және өнештердің астынан жасырын көзделуі керек. Металл құбырларының, сондай-ақ олардың механикалық және қызулық бүлінулері және ультра күлгін сәулелерінің тура әсерлері болмайтын орындардағы полимерлік құбырларының ашық төсеміне рұқсат етіледі.

6.3.28 Жылыту жүйелерінде оларды босату үшін жеке құрылғылар көзделуі керек. Әр тіреуде шлангтарды қосу үшін штуцерлері бар ысырма арматураны көздеу керек.

6.3.29 Жылытудың көлденең жүйелерінде кез келген қабат саны бар ғимараттың әр қабатында оларды босату үшін жеке құралдардың көзделуі керек.

6.3.30 Пайда болған конденсат бу қозғалысына қарсы ағатын бу жылыту жүйелерінің тіреулері 6 м астам биіктікте жобалануы керек.

6.3.31 Судың жылу тасымалдағышындағы жылыту жүйелерінен және сумен толтырылған конденсат өткізгішінен ауаны жою жоғарғы нүктелерде жылутасымалдағыш буында – төменгі нүктелерде конденсатталатын өздігінен ағатын құбырларда көзделуі керек.

Сумен жылыту жүйелерінде ағынды ауа жинағыштарын немесе крандарын көздеу керек. Ағынды емес ауа жинағыштары 0,1 м/с кем құбырлардағы су қозғалу жылдамдығы кезінде көзделуі керек.

6.3.32 Құбырлар, фасонды бөлшектер және кіру қосындысы гидравликалық сынақтарды, герметикалықтың бұзылуын және жоғалуын ұстауы қажет:

1) 95°C судың тұрақты температурасы кезінде жылыту жүйесінде жұмыс қысымын 1,5 есеге артатын, бірақ 0,6 МПа кем емес судың сыналатын қысымы;

2) жылыту жүйесіндегі судың жұмыс қысымына тең, бірақ жылу тасымалдағышының тұрақты есептік температурасы кезінде 0,4 МПа кем емес, ҚР ҚН 1.04-26 сәйкес анықталатын қызмет мерзімі ішінде 90°C төмен емес судың тұрақты қысымы.

Пластмасс құбырларын гидравликалық сынау 30 минуттан кем емес талап етілетін көлемге дейінгі қысымның артуын көздеуі керек. Құбыр келесі 30 минут ішінде 0,06 МПа кем емес қысымның түсуі кезінде және 2 сағат ішінде 0,02 МПа көп емес қысымның ары қарай түсуі кезінде сынақтан өткен болып саналады.

6.3.33 IV сыныпты және шағын габаритті тұрғын үйлер үшін жобалауға арналған тапсырма бойынша әрбір пәтерге жылу энергиясын есепке алу аспабы бар жеке тораптарды орнатпай, жылу жүйесін тік тарату құбырымен жабдықтауды көздеуге рұқсат етіледі (*Толықтырылды – ҚТҮКШІК 19.07.2022 ж. №151-НҚ бұйрық*).

6.4 Пәтерлер бойынша және жеке жылумен жабдықтау жүйелері

6.4.1 Пәтер бойынша жылумен жабдықтау жүйелері

6.4.1.1 Пәтерлер бойынша жылумен жабдықтау жүйелері биіктігі 75 м дейінгі бір пәтерлі және көп пәтерлі тұрғын ғимараттардағы пәтерлерді, сондай-ақ осы ғимараттарға жапсарлас салынған жалпы мақсаттағы үй-жайлардағы жылыту, желдету және ыстық сумен жабдықтау үшін қолданылуы керек.

6.4.1.2 Жану үшін ауаны жинау:

- жабық жану камералары – ғимараттың тікелей сыртында ауа өткізгіштері бар жеке жылу генераторлары үшін көзделуі керек.

6.4.1.3* ұжымдық түтіндіктер мен ұжымдық ауа өткізгіштердің қимасын жылу өнімділігін, қосылатын жылу генераторларының санын және олардың бір мезгілде жұмыс істеуін ескере отырып, есептеу бойынша айқындаған жөн. Бұл ретте түтіндіктің табиғи тартымы кез келген жұмыс режимі кезінде газ-ауа трактісінің жалпы аэродинамикалық шығынынан кемінде 20 %-ға артық болуы тиіс. Жануға ауа беру және жану өнімдерін шығару жүйесінің аэродинамикалық есептеу әдістемесі М-қосымшада келтірілген. *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 12.08.2021 ж. №120-НҚ бұйрық).*

6.4.1.4 Түтін шығарғыштар, біріктірілетін құбырлар мен түтіндіктер тасымалданатын және қоршаған ортаға төзімді механикалық жүктемелердің герметикалығын және беріктігін жоғалтпай қарсы тұра алатын қабілеттілігі бар түтіндікке біріктіру және қосу орындарындағы ауаны соруға жол бермей II сыныбы тығыздығында 1,0 мм көп емес ішкі бетінің баламалы бұдырлары бар жанбайтын материалдардан орындалуы керек; монтаждан кейін беріктікке және герметикалыққа сыналуы керек.

Түтіншығарларды, біріктірілетін құбырларды және түтіндіктерді асбоцементтен, хризотилден, керамикадан және басқа материалдардан дайындауға тек тиісті рұқсат беру құжаттары болған кезде рұқсат етіледі.

6.4.1.5 Жылу генераторлары үшін түтіндіктердің биіктігі аэродинамикалық есеп нәтижелері, зиянды заттарды атмосфераға себу жағдайларында тексеру бойынша қабылдау керек.

Соңғы жылу генераторының түтіншығарларының қосу орындарынан шатырдағы басына дейінгі түтіндіктің ең жоғарғы биіктігі 3 м кем емес болуы қажет.

Тегіс жабыны бар үйлер үшін түтіндіктің биіктігі 2 м кем болмауы керек.

6.4.2 Жеке жылумен жабдықтау жүйелері

6.4.2.1 Жеке жылумен жабдықтау жүйелері қоса алғанда үш қабатқа дейінгі биіктіктегі тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттарда рұқсат етіледі.

6.4.2.2 Ғимараттарды жеке жылумен жабдықтау үшін жылу тасымалдағыштың параметрлері (температура, қысым) 100 °C және 0,6 МПа көп емес 6.4.1.2 т. талаптарын ескере отырып, толық зауыт дайындығының жылу генераторларын (автоматталған қазандықтар) қолдану керек. Реттеудің автоматты жүйесі ыстық сумен жабдықтау үшін

жылымен жабдықтау жүйесі және ыстық су температурасы үшін жылу тасымалдағыштың берілген температурасын ұстауды қамтамасыз етуі қажет.

6.4.2.3 Бір пәтерлі үйде қолдану үшін пайдаланылуға, тұрақты персоналынсыз қызмет көрсету мүмкіндігі бар жылу генераторлары қолданылуы керек.

6.4.2.4 Орнатылған жылу генераторының техникалық жағдайы оны ары қарай пайдалануға рұқсат беретін (сәйкес келу сертификаты) құқыққа ие мамандандырылған ұйымды тарта отырып жыл сайын қадағалау керек.

6.4.2.5 Жылу генераторы, әдетте, жеке үй-жайда орналасуы қажет. Асүйде қуаттылығы 60 кВт дейінгі жылыту жылу генераторларын орналастыруға рұқсат етіледі.

6.4.2.6 Жылу генераторын орналастыру үшін үй-жай үйдің цоколь немесе жертөле қабатындағы бірінші қабатта орналасуы қажет. 1-ші қабаттан жоғары кез келген энергия тасымалдағышының жылу генераторын орналастыру, үйдің шатырында орналасқан жылу генераторларынан басқасына ұсынылмайды.

6.4.2.7 Жылу генераторы үй-жайының биіктігі (еденнен бастап төмебеге дейінгі) 2,2 м кем болмауы керек. Үй-жайдағы еркін өту ені жабдықты пайдалану және жөндеу бойынша талаптарды ескере отырып қабылдануы керек, бірақ 0,7 м кем емес.

6.4.2.8 Жылу генераторы үй-жайын қоршайтын қабырғалар мен ара жабындардың конструкциялары жабдық жұмыс істеп жатқан кезде 34 дБА аспайтын көрші үй-жайлардағы дыбыс қысымының деңгейі осындай дыбыс оқшаулау қабілетіне ие болуы керек.

6.4.2.9 Жылу генераторы үй-жайындағы еден 10 см дейінгі су құю биіктігінде есептелінген гидрооқшаулауы болуы қажет.

6.4.2.10 120 °C көп төбені қыздырудың ең жоғарғы температурасы бар жылу генераторларын орнату орындарындағы жанатын материалдардан жасалған қабырғаларды жанбайтын материалдармен оқшаулау керек, мысалы, қалыңдығы 15 мм кем емес сылақ қабатымен немесе қалыңдығы 3 мм кем емес асбест табағы бойынша жабынды болатпен қаптау керек. Аталған оқшаулау жылу генераторының габариті артынан оның әр бүйір жағынан 10 см кем емес және одан 50 см кем емес жоғары шығып тұруы керек.

120 °C дейінгі бетінің ең жоғары температурасы бар жылу генератор үшін жанатын материалдардан жасалған қабырғаларды қорғамауға рұқсат етіледі.

6.4.2.11 Жылу генераторы жанбайтын материалдардан жасалған қабырғалардан 20 мм кем емес, жанатын материалдардан жасалған қабырғаларды сыланған және қапталған жанбайтын материалдардан 30 мм кем емес және жанатын материалдардан жасалған қабырғалардан 100 мм кем емес қашықтықта орнатылуы қажет.

6.4.2.12 Сұйық немесе газ тәрізді отында жұмыс істейтін жылу генератор үй-жайында, сондай-ақ осындай отын сақталатын үй-жайларда 1 м³ үй-жай көлемінде 0,03 м² кем емес есеппен шыны терезе ойықтарының болуы қажет.

Жылу генераторының есік ойықтарының көлемі жабдықтың кедергісіз ауыстырылуын қамтамасыз етуі қажет.

6.4.2.13 Жеке ғимаратта орналасқан қатты отын қоймасы тұрғын үйлерден 6 м кем емес қашықтықта орналасуы қажет.

Тұрғын үйдің кірістіріле және жапсарлай салынған үй-жайында осындай қойманы орналастыру кезінде осы үй-жайлар тікелей сыртқа шығуы керек.

6.4.2.14 Жылу генераторының үй-жайында орналасқан сұйық отын үшін шығын

сыйымдылығының көлемі 50 л көп емес болуы қажет.

6.4.2.15 Үй жанындағы учаскеде сұйық отынды және сығылған газды сақтау жанбайтын материалдардан жасалған жеке ғимараттарда немесе тереңдетілген бактарда көзделуі керек. Басқа ғимараттарға дейінгі қашықтық 10 м кем емес болуы қажет. Қойманың сыйымдылығы 5 м³ көп емес болуы қажет.

6.4.2.16 Жылу генераторының үй-жайындағы газ және сұйық отын құбырлары желдету торларын, терезелер және есіктер ойықтарын қимай, ашық төсеу керек. Олардың барлық ұзындығы бойынша тексеру және жөндеуге рұқсат қамтамасыз етілуі қажет.

6.4.3 Пешпен жылыту

6.4.3.1 Пешпен жылыту ҚР ҚНЖЕ 2.02-05 талаптарын сақтай отырып, ғимараттарда пайдалануға рұқсат етіледі.

6.4.3.2 Үй-жайлардағы жылуды есептік жоғалту жылыту пештерінің орташа жылу қуаттылығымен: тәулігіне екі оттықтан шығатын мерзімді оттығы бар, ал ұзақ жанатын пештер үшін үздіксіз оттықтан өтелуі керек.

Мерзімді оттығы бар үй-жайлардағы ауа температурасының тербеліс мәндері тәулік ішінде 3°C артпауы қажет.

6.4.3.3 Жалпы білім беру мектептері, балалардың мектепке дейінгі ғимараттарындағы, емдеу-алдын алу мекемелеріндегі, клубтардағы, демалыс үйлеріндегі және қонақ үйлердегі пештердің оттықтары табиғи іске қосылатын форточкалары және сорып шығару желдетуі бар терезелері бар қосалқы үй-жайлардан немесе дәліздерден қызмет көрсетілетіндей орналастырылуы керек.

6.4.3.4 Пештер, әдетте, түтіндік өңештерін орналастыру үшін олардың пайдалануын жанбайтын материалдардан жасалған ішкі қабырға және аражабын жанында орналастыру керек.

Түтін өңештері жанбайтын материалдардан жасалған жылыланған сыртқы қабырғаларда орналастыру, ал қажет болған жағдайда бөлінген газдардан ылғал конденсатын болдырмас үшін сыртқы жағынан орналастыру қажет. Түтінді бөлу үшін түтін өңештерінің орналастырылуы мүмкін қабырғалар болмаған жағдайда қондырылған немесе тұрақты түтін құбырларын қолдану керек.

6.4.3.5 Әр пеш үшін, әдетте, жеке түтін құбыры немесе өңеші (бұдан әрі – «құбыр») көзделуі керек. Бір қабатта бір пәтерде орналасқан бір құбырға екі пешті қосуға рұқсат етіледі. Құбырларды қосу кезінде құбырлардың бірігуінің төменгі жағынан қалыңдығы 0,12 м және биіктігі 1 м кем емес тілгішінің көзделуі керек.

6.4.3.6 Пештің жылу қуаттылығына байланысты түтін құбырларының қиысуы:

- 140×140 – пештің жылу қуаттылығы 3,5 кВт дейінгі кезде
- 140×200 - 3,5 « 5,2 « бастап
- 140×270 - 5,2 « 7 « бастап мм, кем емес қабылдануы керек.

Дөңгелек түтін өңештерінің қиысу алаңы аталған тікбұрышты өңештердің алаңынан кем емес болуы қажет.

Жанбайтын материалдардан (минераловаталық жылылағыштары бар металл құбырлары) түтін өңешін орындау кезінде оның қиысуын әр кВт қуаттылығының 8 см²

дейін азайтуға рұқсат етіледі.

6.4.3.7 Ағаш отында жұмыс істейтін пештердің түтін өңештерінде дәйекті түрде екі тығыз ысырмаларды орнату, ал көмір немесе шымтезек пештерінде жұмыс істейтін пеш өңештерінде онда диаметрі 15 мм саңылаулары бар бір ысырманы орнату көзделуі керек.

6.4.3.8 Желтартқыш торынан бастап аузына дейін түтін құбырларының биіктігі 5 м кем болмауы керек.

Шатырдан шығып тұрған тегіс конструкциялардың тең және үлкен биіктігі қашықтығында орналасатын түтін құбырларының биіктігі:

- тегіс шатыр үстінен – 500 мм кем емес;
- шатырдың түйіскен жерінің үстінен немесе түйіскен жерінен немесе парапеттен 1,5 м дейінгі қашықтықта құбырлардың орналасуы кезіндегі парапеттен - 500 мм кем емес;
- түйіскен жерінен немесе парапеттен 1,5-тен бастап 3 м дейінгі қашықтықта түтін құбырының орналасуы кезінде - шатырдың түйіскен жерінен немесе парапеттен төмен емес;
- түйіскен жерден бастап 3 м көп қашықтықта түтін құбырлары орналасқан кезде - 10° бұрыштан көкжиекке қарай түйіскен жерден төмен жүргізілген желіден төмен емес қабылдануы керек.

Түтін құбырлары пешпен жылытылуы бар ғимаратқа жапсарлай салынған өте жоғары ғимараттардың шатырынан жоғары шығарылуы керек.

Түтін құбырларының жанында орналасқан сорып шығару желдету өңештерінің биіктігі осы құбырлардың биіктігіне тең қабылдануы керек.

6.4.3.9 Түтін құбырлары жабылатын есіктерді тазалау үшін саңылаулары бар 250 мм тереңдікте олардың негіздеріне қалталарды көздей отырып, қалыңдығы 60 мм ыстыққа төзімді бетон немесе қалыңдығы 120 мм кем емес қабырғалары бар балшық кірпіштен жасалған ойықтарсыз тік жобалануы керек. Асбестоцементтік құбырлардан жасалған түтіндіктерді немесе зауытта дайындалған (жанбайтын материалдан жасалған жылу оқшаулауы бар екі қабатты болат құбырлары) тоттанбайтын болаттан жасалған жиналған бұйымдарды қолдануға рұқсат етіледі. Бұл ретте, кететін газдардың температурасы асбестоцементтік құбырлар үшін 300°C арпауы және тоттанбайтын болаттан жасалған құбырлар үшін 500°C артпауы қажет. Көмірмен жанатын пештер үшін асбестоцементтік, сондай-ақ тоттанбайтын болаттан жасалған түтіндіктерді қолдануға рұқсат етілмейді.

1 м көп емес қатыстылығы бар тігіне қарай 30° дейінгі бұрышқа құбырлардың ауытқуын қабылдауға рұқсат етіледі; еңіс учаскелері тегіс учаскелерден көлденең қиысу алаңынан кем емес алаңды үнемі кесіп өтетін тегіс болуы қажет.

6.4.3.10 0,2 м биіктіктегі кірпіш түтін құбырларының аузы атмосфералық қалдықтардан қорғалуы керек. Түтін құбырларындағы зонттардың, дефлекторлардың және басқа қондырмалардың құрылғыларына рұқсат етілмейді.

6.4.3.11 Жанбайтын материалдардан жасалған шатырлары бар ғимараттардағы түтін құбырлары көлемі 5×5 мм көп емес саңылаулары бар металл торларынан жасалған ұшқын тұтқышпен көзделуі керек.

6.4.3.12 Ажыратқыштардың көлемі В қосымшасына сәйкес қабылдануы керек. Ажырату аражабын қалыңдығынан 70 мм үлкен болуы керек. Пеш ажыратқышын ғимара конструкциясына тіреудің немесе қатаң біріктірудің керегі жоқ.

Түтін құбырлары немесе түтін өңештері қабырғаларының қалыңдығы олардың металл немесе темір бетон балкаларына жанасу орнында 130 мм қабылдау керек.

6.4.3.13 Жанбайтын материалдан жасалған қабырғалардың және аражабындардың ойықтарында белгіленген пештер мен құбырлардың ажыратқыштары үй-жайдың шегіндегі пеш немесе түтін құбырының барлық биіктігіне көзделуі керек. Бұл ретте, ажыратқыштың қалыңдығы аталған қабырғаның немесе аражабынның қалыңдығынан кем емес қабылдау керек.

6.4.3.14 Аражабындар, қабырғалар, аралықтар және ажыратқыштар арасындағы тесіктер жанбайтын материалдармен толтыру арқылы көзделуі керек.

6.4.3.15 Жылжытқыш – жанатын және жануы қиын материалдардан жасалған пештің, түтін құбырының немесе түтін өңешінің және қабырғаның, аралықтың немесе ғимараттың басқа конструкциясының сыртқы беті арасындағы кеңістік 8 қосымшаға сәйкес, ал зауытта дайындалған пештер үшін дайындаушы зауыттың құжаттары бойынша қабылдануы керек.

Балалардың мектепке дейінгі және емдеу-алдын алу мекемелері ғимараттарындағы пештің жанындағы жылжытқыш жанбайтын материалдардан жасалған қабырғалары және аражабындары бар жабық көзделуі керек.

Жапқыштарды жауып тұратын қабырғаларда еден үстінде саңылаулар және тұрғын киып өтудің әр алаңы 150 см^2 кем емес үстінгі торларымен көзделуі керек. Жабық жылжытқыштағы еден жанбайтын материалдардан болуы керек және үй-жай еденінен 70 мм орналасуы керек.

6.4.3.16 Кірпіштің үш қатарынан орындалған пештің аражабынының үсті және қалыңдығы 10 мм асбест картоны бойынша болат тор немесе болат табақ бойынша сылақпен қорғалған жанатын немесе жануы қиын материалдардан жасалған төбе арасындағы қашықтық мерзімді оттығы бар пештер үшін 250 мм және ұзақ жанатын пештер үшін 700 мм, ал қорғалмаған төбесі бар болса 350 және 1000 мм қабылдануы керек. Екі қатар кірпіштен аражабыны бар пештер үшін көрсетілген қашықтық 1,5 есеге артуы керек.

Жылуоқшауланған аражабыны және қорғалған төбесі бар металл пештерінің жоғары жағы арасындағы қашықтық 800 мм, ал жылуоқшауланбаған аражабыны және қорғалмаған төбесі бар пештер үшін 1200 мм қабылдануы керек.

6.4.3.17 Жанатын немесе жануы қиын материалдардан жасалған жылуға сыйымды пеш аражабыны және төбесі арасындағы кеңістікті барлық жағынан кірпіш қабырғалармен жабуға рұқсат етіледі. Бұл ретте, пеш аражабынының қалыңдығын кірпіш қалауының төрт қатарына дейін арттыру керек, ал төбедегі қашықтық 7.6.20 т. сәйкес қабылдануы керек. Пеш үстіндегі жабық кеңістік қабырғаларында әр тұрғын қима алаңы 150 см^2 кем емес, торлары бар әр деңгейдегі екі саңылау көзделуі керек.

6.4.3.18 Кірпіш немесе бетон түтін құбырларының сыртқы бетінен бастап итарқа, торлар және жанатын немесе жануы қиын материалдардан жасалған шатырдың басқа бөлшектеріне дейінгі қашықтық жарықта 130 мм кем емес, оқшаулаусыз керамикалық құбырлардан – 250 мм, ал жылу беруге қарсылығы бар жылу оқшаулау - $0,3 \text{ м}^2\text{°C/Вт}$, жанбайтын және жануы қиын материалдармен – 130 мм болып көзделуі керек.

Жанбайтын және жануы қиын материалдардан жасалған түтін құбырлары және жабын

конструкциялары арасындағы кеңістік жанбайтын жабын материалдарымен жабу керек.

6.4.3.19 Ғимараттардың конструкцияларын жанудан қорғау керек:

1) Пеш бойында оның жағындағы ұзындықта орналасқан көлемі 700×500 мм металл табақты отын есігі астынан жанатын және жануы қиын материалдардан жасалған еденді;

2) пеш фронтының бұырышына жанасатын, - металл торы немесе металл табағы бойынша сылақ қалыңдығы 25 мм, , еденнен бастап отын есігінің үстінгі жағынан жоғары 250 мм деңгейіне дейінгі асбест картоны бойынша қалыңдығы 8 мм жанатын материалдардан жасалған қабырға немесе аралықты.

Отын есігінен бастап қарама қарсы қабырғаға дейінгі қашықтық 1250 мм кем емес қабылдануы керек.

6.4.3.20 Еден деңгейінен газ айналымдарының және күлдіктерінің түбіне дейінгі ең төменгі қашықтық:

1) күлдіктің түбіне дейін 140 мм, газ айналымының түбіне дейін 210 мм жанатын және жануы қиын материалдардан жасалатын аражабындардың немесе едендердің конструкциясы кезінде;

2) еден деңгейінде жанбайтын материалдардан жасалған аражабын немесе еден конструкциялары кезінде қабылдануы керек.

6.4.3.21 Қаңқа пештері астындағы, соның ішінде аяқтары бар жанатын материалдардан жасалған еденді жанудан қалыңдығы 10 мм асбест картон бойынша болат табақпен қорғау керек, бұл ретте, пештің төменгі жағынан бастап еденге дейінгі қашықтық 100 мм кем болмауы керек.

6.4.3.22 Пештерді түтін құбырларына қосу үшін ұзындығы 0,4 м көп емес түтін шағарларына рұқсат етіледі, егер:

1) Түтін шығарудың жоғары жағынан бастап жанатын материалдардан жасалған төбеге дейін қашықтық төбені жанудан қорғау қарастырылмаған кезде 0,5 м кем болмаса, қорғау бар болған кезде 0,4 м кем болмаса;

2) Жанатын немесе жануы қиын материалдардан жасалған түтін шығарғыштың төменгі жағынан бастап еденге дейінгі қашықтық 0,15 м кем болмауы қажет.

Пештерді түтін құбырларына қосу үшін ұзындығы 0,4 м көп емес түтін шығарғышты қолдануға рұқсат етіледі, мына жағдайларда:

Түтін шығарғыштар отқа төзімділік шегі 0,75 және одан көп қамтамасыз ететін жанбайтын материалдардан қабылдануы керек.

6.4.3.23 Қатты отындағы камин: тұрғын үйдің соңғы қабатындағы пәтерде, үйдің биіктігі бойынша соңғы орналасқан көп деңгейлі пәтердің кез келген деңгейінде жобалауға рұқсат етіледі. Бұл ретте, каминнің түтіндігі окшаулау және осы пәтердің үй-жайы арқылы өтуі қажет. Камин жылуға төзімді шыныдан жасалған жабылатын есіктері (экраны) бар болуы қажет.

7 ЖЕЛДЕТУ, АУА БАПТАУ ЖӘНЕ АУА ЖЫЛЫТУ ЖҮЙЕЛЕРІ

7.1 Жалпы ережелер

7.1.1 Желдету рұқсат етілген нормалар шегінде микроклиматтың параметрлерін және ауаның сапасын қамтамасыз ету үшін қабылдау керек.

7.1.2 Ауа баптау:

- бірінші сыныпта – экономикалық негіздеу немесе арнайы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес, жобалауға арналған тапсырма бойынша технологиялық үдеріс үшін талап етілетін микроклиматтың параметрлерін және ауа сапасын қамтамасыз ету үшін;

- екінші сыныпта – жобалауға арналған тапсырма бойынша онтайлы нормалардың шегінде (барлық немесе жеке параметрлердің) микроклиматтың параметрлерін және ауа сапасын қамтамасыз ету үшін;

- үшінші сыныпта – егер ауаны жасанды суытуды қолданбастан жылдың жылы кезеңінде желдетумен қамтамасыз етілуі мүмкін емес болғанда рұқсат етілген нормалар шегінде қажетті микроклиматтың параметрлерін және ауа сапасын қамтамасыз ету үшін көзделуі керек.

Ауа баптау кезінде жобалауға арналған тапсырма бойынша ауа қозғалысының жылдамдығы рұқсат етілген нормалар шегінде үй-жайлардың қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағында (тұрақты және тұрақты емес жұмыс орындарында) қабылдануы керек.

7.1.3 Механикалық іске қосылатын желдету (бұдан әрі – механикалық желдету):

- а) егер микроклимат параметрлері және ауа сапасы бір жыл ішінде табиғи іске қосылатын (бұдан әрі – табиғи желдету) желдетумен қамтамасыз етілуі мүмкін болмаса;

- б) табиғи желдетуі жоқ үй-жайлар және аймақтар үшін;

- в) сыртқы ауаның есептік температурасы минус 40 °С және одан төмен (Б параметрі) аудандардағы қоғамдық және әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлар үшін көзделуі керек.

7.1.4 Ауа ағыны немесе ауаны жою үшін (бұдан әрі – аралас желдету) табиғи желдету жүйелерін ішінара пайдалана отырып механикалық желдету микроклимат параметрлері және ауа сапасы жыл кезеңдерінде табиғи желдетуді қамтамасыз ете алмаған жағдайда көзделуі керек.

7.1.5 Механикалық желдету немесе ауа баптау жылудың артылуы 23 Вт/м³ көп үй-жайлардағы крандардың кабиналары үшін немесе краншының 140 Вт/м² көп қарқынды жылу сәулесімен сәулеленуі кезінде көзделуі керек.

Егер Краншының кабинасын қоршаған ауада зиянды заттардың концентрациясы ШРК артып кетсе, онда желдетуді сыртқы немесе тазаланған ауамен көздеу керек.

7.1.6 Сыртқы ауаны бере отырып (тәулік бойы және жыл бойы), механикалық ағынды желдету А және Б санаттарындағы ғимарат лифтерінің машина бөлімдеріндегі үй-жайларында, сондай-ақ тамбур-шлюздерде ауа тіреуін қамтамасыз ете отырып көзделуі керек.

- А және Б санаттарындағы үй-жайлар;

- 1 және 2 сыныпты қауіпті зиянды газдар, булар немесе аэрозольдер бөлінетін үй-жайлар.

А және Б санаттарындағы екі және одан көп үй-жайлардағы жалпы тамбур-шлюз құрылғысына рұқсат етілмейді.

7.1.7 Сору-сыртқа тарататын немесе сорып шығаратын механикалық желдету 0,5 м және одан көп тереңдіктегі шұңқырлар үшін, сондай-ақ күн сайынғы қызмет көрсетуді талап ететін және А және Б санаттарындағы үй-жайларда немесе ауа тығыздығынан көп

тығыздықтағы зиянды газдар, булар немесе аэрозольдар бөлінетін үй-жайларда орналасқан қарау өңештері үшін көзделуі керек.

7.1.8 Әр жұмыс істеушіге көлемі 40 м^3 немесе 30 м^3 (қоғамдық немесе өндірістік үй-жайлар үшін) сыртқы қоршауларда олардың жарық ойықтарымен табиғи жарығы бар үй-жайларда фрамугтар және форточкалар арқылы мерзімдік желдетуді пайдалануды негіздеу кезінде рұқсат етіледі.

7.1.9 Үй-жайларға сыртқы ауаның түсуі мәжбүрлі сору-сыртқа тарату желдетуін, мәжбүрлі ағынды желдетуді пайдалану жолымен немесе сыртқы қабырғалардағы немесе терезелердегі арнайы ағынды құрылғылар арқылы көзделуі керек. Соңғы жағдайда терезе және қабырға конструкцияларының жылу техникалық сипаттамаларының азаюын, сондай-ақ ылғалдың концентрациясын немесе ағынды құрылғылардың қатып қалуын болдырмайтын іс-шаралардың көзделуі керек.

7.1.10 Төбе желдетулері және желдету-желпуіштері (жұмыс орындарын тоңазыту үшін қолданылатындардан басқа) МЕМСТ 30494 және МЕМСТ 12.1.005 сәйкес жылдың жылы кезеңінде рұқсат етілгеннен жоғары ауа қозғалысының жылдамдығын мерзімді арттыру үшін ағынды желдету жүйелеріне қосымша, бірақ ғимарат үй-жайларының жұмыс орындарында немесе жеке учаскелерінде $0,3 \text{ м/с}$ көп емес:

1) IV климаттық ауданында орналасқан қоғамдық, өндірістік, зертханалық, қойма және тұрмыстық үй-жайларда, сондай-ақ негізделген кезде өзге климаттық аудандарда рұқсат етіледі.

2) тығыздығы 140 Вт/м^2 көп беткі жылу ағынының сәулесімен сәулелендіру кезінде өндірістік, зертханалық және қойма тұрақты жұмыс орындарында көзделуі керек.

7.1.11 Сыртқы ауамен немесе сыртқы және циркуляциялық ауаның қоспасымен немесе тұрақты жұмыс орындарының суытылған ауасымен ауаны тоңазыту тығыздығы 140 Вт/м^2 сәулелі жылу ағынымен сәулелендіру кезінде көзделуі керек.

Балқытатын, құятын, илейтін және өзге ыстық цехтарда ауаны суыту немесе суытпастан осы цехтардың жұмыс орындарының бос ауа аралықтарын ішкі ауамен тоңазытуға рұқсат беріледі.

7.1.12 Ауа және ауа-жылу бүркемелері:

а) үй-жайлардың сыртқы қабырғаларындағы үнемі ашық ойықтардың жанында, сондай-ақ сыртқы ауаның минус 15°C және одан төмен (Б параметрі) есептік температурасы бар аудандарда тәулігіне 40 мин кем емес немесе бес реттен көп ашылатын және тамбурлары бар сыртқы қабырғадағы ойықтардың және қақпаның жанында;

б) қоғамдық және әкімшілік-тұрмыстық ғимараттардың вестибюлдерінің сыртқы есіктері жанында – сыртқы ауаның есептік температурасына (Б параметрі) және 1 сағат ішінде есіктер арқылы өтетін адамдардың санына байланысты:

минус 15°C бастап 25°C дейін – 400 және одан көп адам;

минус 26°C бастап минус 40°C дейін – 250 және одан көп адам;

минус 40°C төмен – 100 және одан көп адам;

в) жобалауға арналған тапсырма бойынша;

г) дымқыл режимдегі үй-жайлардың сыртқы есіктері, қақпалары және ойықтары жанында;

д) негізделген кезде – бір үй-жайдан екінші үй-жайға ауаның өтуін болдырмау үшін

өндірістік үй-жайлардың ішкі қабырғаларындағы және аралықтарындағы ойықтардың жанында;

е) жобалауға арналған тапсырма бойынша және арнайы технологиялық талаптар бойынша ауа баптауы бар үй-жайлардың қақпаларының, есіктерінің және ойықтарының жанында көзделуі керек.

Мерзімді әрекет етудегі ауа және ауа-жылу бүркемелерінің ауа және жылу шығыны ғимараттың ауа және жылу баланстарында ескерілуі керек.

7.1.13 Кесіп өтетін ауа бүркемесі зиянды заттардың таралуын болдырмау үшін:

- зиянды заттарды бөлумен сүйемелденетін ашық технологиялық процестер және жасыру немесе жергілікті сорып шығару желдету құрылғыларының мүмкін болмауы кезінде тұрақты жұмыс орындарында;

- олардың бірінде зиянды заттар бөлініп шығатын үй-жайлардың арасында көзделуі керек.

7.1.14* Л қосымшасында көрсетілген үй-жайлар үшін ауалық жылытуды ауа шығынын анықтай отырып Г қосымшасына сәйкес, ағынды ауа температурасын 5.4.11 т. бойынша көздеу керек. *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 24.10.2023 ж. №156-НҚ бұйрық)*

7.1.15 Сыртқы есіктер, қақпалар және ойықтар арқылы үй-жайға түсетін ауа қоспаларының есептік температурасы:

қоғамдық мақсаттағы ғимараттардың вестибюлі үшін 18°C;

жеңіл жұмыс және орташа ауырлықтағы жұмыс кезінде өндірістік үй-жайлар үшін және тұрғын және әкімшілік-тұрмыстық ғимараттардың вестибюлдары үшін 12°C;

ауыр жұмыста және 6 м және есіктерден, қақпалардан және ойықтардан аздау қашықтықта тұрақты жұмыс орындарының болмауы кезінде өндірістік үй-жайлар үшін 5 °C кем емес қабылдануы керек.

7.1.16 Ағынды және қайта циркуляциялық қондырғыларда ауаны қыздыру кезінде ауа қыздырғыштары үшін қызмет көрсетілетін үй-жайда орналасқан жылу тасымалдағыштың (су, бу және басқа) температурасы, сондай-ақ электрмен ауаны қыздырудың және газ ауа қыздырғыштарының жылу беретін бетіндегі температура үй-жай санатына және мақсатына сәйкес қабылдануы керек.

7.1.17 Механикалық желдету және ауа баптау жүйелеріндегі шаңнан ауаны тазалау:

а) тұрғын үй-жайларға және қоғамдық ғимараттарға оны беру кезінде - елді-мекендердің атмосфералық ауасындағы ШРК-нан;

б) өндірістік және әкімшілік-тұрмыстық ғимараттардың үй-жайларына оны беру кезінде – жұмыс аймағының ауасында ШРК-нан 30%;

в) краншылардың кабиналарына, басқару пульттеріне, жұмыс істейшілердің демалу аймағына, сондай-ақ ауаны тоңазытуда оны беру кезінде – көлемі 10 мкм көп емес шаң бөлшектері үшін жұмыс аймағы ауасында ШРК-нан 30%;

г) желдеткіш жабдықтарға және ауа өткізгіштерге техникалық шарт бойынша рұқсат етілген концентрациясынан көп емес берілетін ауадағы шыңның тұруын қамтамасыз етуі қажет.

7.1.18 Ауадағы жойылатын жанатын газдардың, булардың, аэрозольдердің және шаңдардың жергілікті сору жүйелеріндегі концентрациясы жойылатын қоспа температурасы кезінде ЖТТШШ 50 % артпауы қажет.

7.1.19 Ағынды және қайта циркуляциялық ауаны өңдеу үшін пайдаланылатын суғару камерасын, ылғалдату және ылғалдатуға дейінгі және өзге құрылғыларды сумен жабдықтау ас суы сапасындағы сумен көзделуі керек. Егер су буды немесе суды ылғалдатқышқа сіңіру үшін берілетін болса, рН және сұйықтық көрсеткіштері бойынша жабдықты өндірушінің талаптарына сәйкес келмесе судың алдын ала өңделуі керек.

7.1.20 Тоңазытқыш құрылғыларының аппаратурасын суытатын су сапасын суық машиналарға техникалық шарттар бойынша қабылдау керек.

7.1.21 Газды ауа қыздырғыштары қоғамдық мақсаттағы ғимараттардың үй-жайларында (балалар мекемелерінің және емделу мақсатындағы үй-жайларынан басқа), сондай-ақ өндірістік мақсаттағы үй-жайларында (жану өнімдерін жою жағдайларында А, Б, В1 және В2 және А, Б, В1 және В2 санаттарының қоймаларындағы) жобалауға арналған тапсырма бойынша ауалық жылыту немесе ағынды желдету жүйелерінің қабылдануына рұқсат етіледі.

Газ ауа қыздырғыштары жанудың жабық (герметикалық) камерасы бар, автоматталған, толық зауыт дайындығы бар, тұрақты қызмет көрсететін персоналсыз жұмыс істейтін болуы қажет. Жылу тасымалдағыштың параметрлері (температура, қысым) 1000 °С және 0,6 Мпа көп емес болуы керек.

50 кВт көп жылу өнімділігінде газды ауа қыздырғыштар жеке үй-жайда орналасуы керек.

7.2 Жүйелер

7.2.1 Ауалық жылытумен біріктірілген ауалық жылыту жүйелері және ағынды желдету жүйелері резервтік желдетумен (немесе желдеткіштің электр қозғалтқышымен) немесе екіден кем емес жылыту агрегаттарымен (немесе екі жүйемен) көзделуі керек. Желдету істен шығып қалған кезде үй-жайдағы ауа температурасының төмендеуі нормаланатыннан төменге түсуіне рұқсат етіледі, бірақ сыртқы ауаны беру Г-1 қосымшасына сәйкес қамтамасыз етілгенде 12°С кем емес. *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 24.10.2023 ж. №156-НҚ бұйрық)*

7.2.2 Табиғи желдетуі жоқ кәсіпорындардың өндірістік, зертхана, қойма және тұрмыстық - үй-жайлары үшін (адамдардың тұрақты келіп тұратын) жалпы алмастырылатын желдету жүйелері екі ағынды немесе екі сорып шығаратын желдеткіштерден кем емес әр қайсысының шығыны талап етілетін ауа алмасуының 50% бойынша көзделуі керек. Қоғамдық үй-жайлар және кәсіпорындардың тұрмыстық үй-жайлары үшін резервтік желдеткіші немесе резервтік электр қозғалтқышы бар бір сорып тарату және бір сорып шығару жүйелерін пайдалануға рұқсат етіледі.

Өрт-жарылу қаупі сол санаттағы шектес үй-жайлары бар және ұқсас зиянды заттарды бөліп шығаратын біріктірілген ашылатын ойықтары бар өндірістік, зертханалық және қойма үй-жайлары үшін резервтік желдеткіші жоқ, ал сорып шығаратын резервтік желдеткішінің ағынды жүйесін жобалауға рұқсат етіледі.

7.2.3 Ондағы жұмыс тәулігіне 8 сағаттан көп жүргізілетін өндірістік, зертханалық және қойма үй-жайлары үшін ағынды механикалық желдету жүйесі, әдетте, ауалық жылытумен бірге көзделуі керек.

7.2.4 Үй-жайлардағы талап етілетін ауа параметрлерін тәулік бойы және жыл бойы қамтамасыз ету үшін арналған ауа баптау жүйелері, сондай-ақ жалпы алмастырылатын

ағынды жүйелерді кем дегенде екі ауа баптаумен көздеу керек. Бір ауа баптау істен шыққан кезде жылдың суық кезінде берілген температура (бірақ 12 °С төмен емес) және талап етілетін ауа алмасуының 50 % кем емес қамтамасыз етілуі қажет; үй-жайдағы берілген параметрлердің тұрақтылығына қойылатын технологиялық талаптардың бар болуы жағдайында ауаның талап етілген параметрлерін ұстау үшін резервті ауа баптаулар немесе желдеткіштер, сорғылар орнату керек.

7.2.5 1-ші және 2-ші сыныпты зиянды заттардың жергілікті сорғы жүйелері әр жүйе үшін немесе екі жүйе үшін бір резервтік желдеткіштерінің бар болуы керек, егер желдеткіш тоқтап қалған кезде үй-жайдағы технологиялық жабдықтың орнатылуы және зиянды заттар концентрациясының белгіленуі мүмкін болмаған кезде жұмыс ауысымы ішінде ШРК арттыру керек.

Егер зиянды заттардың концентрациясы ШРК дейін төмендесе резервтік желдеткішті пайдаланбасада болады, ол 12.13 б) т. сәйкес көзделген автоматты қосылатын апаттық желдеткішпен қосылуы мүмкін.

7.2.6 А және Б санаттарының үй-жайлары үшін механикалық іске қосылатын жалпы алмастырылатын сорып шығару желдету жүйесі газ, бу және шаң ауалы қоспасы ЖТТШШ 10% аспайтын жанатын газдар, булар немесе шаңдар концентрациясын үй-жайларда ұстау үшін қажетті ауа шығынын қамтамасыз ететін бір резервтік желдетуі (әр жүйе үшін немесе бірнеше жүйелер үшін) көзделуі керек.

Резервтік желдету:

1) егер жалпы алмастырылатын желдету жүйесін тоқтатқан кезде онымен байланысты технологиялық жабдық және жанатын газдардың, булардың және шаңдардың бөлінуінің тоқтауы мүмкін болғанда;

2) егер газ, бу және шаң ауалы қоспасы ЖТТШШ 10% аспайтын жанатын газдар, булар немесе шаңдар концентрациясын қамтамасыз ету үшін кем дегенде қажетті ауа шығыны бар апаттық желдету көзделгенде рұқсат етіледі.

Егер «1» және «2» тармақтарына сәйкес резервтік желдету белгіленбесе, онда апаттық сигнализацияны қосу 12.14 т. сәйкес көзделуі керек.

Жарылуға қауіпті қоспалардың жергілікті сорғыларының жүйесі әр жүйелер үшін немесе екі жүйе үшін бір резервтік желдеткіш (соның ішінде эжекторлық қондырғы үшін) көзделуі керек, егер желдету тоқтаған кезде технологиялық жабдықтың тоқтауы мүмкін және жанатын газдардың, булардың және шаңдардың концентрациясы ЖТТШШ 10% асып кеткен жағдайларда көзделуі керек. Егер 12.13 б т. сәйкес автоматты қосылатын апаттық желдету жүйесімен қамтамасыз етілуі мүмкін ЖТТШШ 10% дейін үй-жай ауасындағы жанатын заттардың концентрациясын азайтса резервтік желдетуді қолданбауға рұқсат етіледі.

7.2.7 Өндірістік, зертханалық және қойма үй-жайлары үшін ауалық жылыту жүйелері тұрақты жұмыс орындарының жанындағы жарық ойықтары астындағы ауаны бере отырып, жылуды жоғалту өтемінен ескере отырып көзделуі керек, егер осы ойықтардың астында 6.3.7 т. сәйкес жылыту аспаптарының орналасуы мүмкін болмаса.

7.2.8 Ауаны және ауалық жылытудың желдету, ауа баптау жүйелері бір өрт бөлігі шегінде орналасқан үй-жайлардың әр тобы үшін жеке көзделуі керек.

Өртке қарсы бөгеттермен бөлінбеген жарылу өрт қаупі бойынша бір санаттағы үй-

жайлар, сондай-ақ жалпы алаңы 1 м^2 көп өзге жайларға шығатын ашық ойықтарды бір үй-жай ретінде қарауға рұқсат етіледі.

7.2.9 Желдету, ауа баптау және ауа жылыту жүйелері (бұдан әрі – «желдету») бір өрт бөлігі шегінде орналасқан мына үй-жайлар үшін ортақ көзделуі керек:

- 1) тұрғын;
- 2) қоғамдық, кәсіпорындардың тұрмыстық үй-жайлары және Д санаттарындағы өндірістік (кез келген үйлесімдегі);
- 3) үш қабаттан көп емес орналасқан (бөлек немесе дәйектілікпен орналасқан) А немесе Б санаттарының біріндегі өндірістік;
- 4) В, Г немесе Д санаттарының біріндегі өндірістік;
- 5) үш қабаттан көп емес орналасқан (бөлек немесе дәйектілікпен орналасқан) А немесе Б санаттарының біріндегі қоймалар мен зат қоймалары;
- 6) егер үй-жайлар жеке бір қабатты ғимаратта және тікелей сыртқа есіктері болған жағдайда ғана кез келген үйлесімдегі А, Б және В санаттары және жалпы алаңы 1100 м^2 көп емес кез келген үйлесімдегі А, Б және В санаттарындағы қоймалар;
- 7) Г және Д санаттары және Д санаттарындағы қоймалар.

7.2.10 Бір өрт бөлігі шегінде жалпы алаңы 200 м^2 көп емес үй-жайлардың тобына екінші топтағы үй-жайларды қосып, мына топтағы үй-жайлардың желдету жүйесін бір жүйеге қосуға рұқсат етіледі:

1) басқа мақсаттағы үй-жайлардың тобына қосылатын жинамалы ауа өткізгіште отты ұстайтын клапанды орнату жағдайларындағы (2-бөлімде келтірілген тиісті нормативтік құжаттардың талаптарын ескеру) тұрғын, қоғамдық және кәсіпорындардың тұрмыстық үй-жайлары;

2) Г және Д санаттарындағы өндірістік және кәсіпорындардың тұрмыстық үй-жайлары (адамдардың жаппай келу үй-жайларынан басқа);

3) А, Б, немесе В санаттарының өндірістік және кез келген санаттардағы өндірістік, соның ішінде басқа мақсаттағы үй-жайлардың тобына қосылатын жинамалы ауа өткізгіште отты ұстайтын клапанды орнату жағдайларындағы қоймалар мен зат қоймалары (немесе адамдардың жаппай келу тұрғын үй-жайларынан және үй-жайлардан басқа басқа мақсаттағы үй-жайлар).

7.2.11 Бір үй-жай үшін жеке желдету жүйелерін техника-экономикалық негіздемелер кезінде жобалауға рұқсат етіледі.

7.2.12 Зиянды заттардың жергілікті сорғыларының жүйелері немесе өрт-жарылу қауіпі бар қоспаларды жалпы алмастырылатын желдету жүйелерінен жеке, жойылатын қоспа температурасы кезінде ЖТТШШ 50% артпайтын ауадағы жойылатын газдардың, булардың, аэрозольдердің және шаңдардың концентрациясын сақтай отырып жобалау керек.

Резервтік желдетумен жабдықталған жалпы алмастырылатын сорып шығару желдету жүйесінде тәулік бойы жұмыс істейтін зиянды заттардың жергілікті сорғыларын қосуға рұқсат етіледі, егер олардан ауаны тазалау қажет етілмесе.

7.2.13 Осы аймақта өрт-жарылу қауіпі бар қоспалардың пайда болуы мүмкін жанатын заттардан тұратын жабдық айналасындағы 5-метрлік аймақтан ауаны жоятын В, Г және Д санаттарындағы үй-жайлар үшін жалпы алмастырылатын сорып шығару желдету жүйелері осы үй-жайлардың басқа жүйелерінен жеке болуы керек.

7.2.14 Жылу ағынымен сәулелендірілетін жұмыс орындарында ауаны беру үшін ауаны тоңазыту жүйелері басқа мақсаттағы жүйелерден жеке жобалануы керек.

7.2.15* А және Б санаттары үй-жайларының тамбур-шлюзіне сыртқы ауаны тәулік бойы және жыл бойы беру жүйелері резервтік желдеткішті көздей отырып, ҚР ЕЖ 3.02-127 талаптарына сәйкес және 9.18, 9.19 т. сәйкес басқа мақсаттағы жүйелерден жеке жобалануы керек.

А немесе Б санатының үй-жайларының біріндегі тамбур-шлюзге және А немесе Б санатының желдету жабдығы үшін үй-жайлардың тамбур-шлюзіне ауаны беру осы үй-жайлар үшін арналған ағынды жүйелерден немесе өрт туындаған кезде А, Б, В, Г немесе Д санаттарының үй-жайларындағы ауа ағынын автоматты сөндіру және тамбур-шлюздер үшін талап етілетін ауа айналымына резервтік желдеткішті көздей отырып, В, Г және Д санаттарының қызмет көрсетілетін үй-жайларының жүйесінен (қайта циркуляциясыз) жобалауға рұқсат етіледі.

Басқа мақсаттағы тамбур-шлюзге ауаны беру үшін жүйелер, әдетте, осы тамбур-шлюздермен қорғалған үй-жайлардың жүйелерімен жалпы көзделуі керек. **(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 24.10.2023 ж. №156-НҚ бұйрық)**

7.2.16 Технологиялық жабдықтың жергілікті сорғы жүйелері бірігуі жарылуы қауіпті қоспаны тудыруы немесе өте қауіпті және зиянды заттарды құруы мүмкін заттар үшін жеке көзделуі керек. Жобаның технологиялық бөлігінде жалпы жүйелерге жанатын және зиянды заттардың жергілікті сорғыларын біріктіру мүмкіндігі көрсетілуі қажет.

7.2.17 Ауа өткізгіштерде немесе желдету жабдығында тұндырылатын немесе ауа бапталатын жанатын заттардың жергілікті сорғы жүйелері жабдықтардың бірнеше бірліктерін, шкафтарды бір үй-жайға немесе жабдықтардың әр бір бірлігін бір үй-жайда біріктіре отырып, әр үй-жай үшін жеке жобалау керек.

7.2.18 Механикалық желдету жүйелері кіру кезінде жүйені жергілікті басқаруды орналастыра отырып, талап етілетін ауа айналымына механикалық сорып шығару желдетудің резервтік жүйесі бар жанатын газдардың және булардың бөлінуімен А, Б және В санаттары қоймаларының үй-жайлары үшін көзделуі керек. 3-ші және 4-ші сыныпты қауіпті зиянды газдардың және булардың бөлінуі кезінде табиғи іске қосылатын жалпы алмастырылатын желдету жүйелеріне рұқсат етіледі.

7.2.19 Механикалық жалпы алмастырылатын сорып шығару желдету жүйелері А және Б санаттарының үй-жайлары үшін көзделуі керек. 7.5.9 т. талаптарын және жылдың жылы кезеңінде жел болмағанда жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету кезінде табиғи іске қосылатын осындай жүйелерге рұқсат етіледі.

7.2.20 Үй-жайлардың жалпы алмастырылатын желдету жүйелері А және Б санаттарының үй-жайларында немесе ауаның үлестік салмағынан көп үлесті салмағы бар зиянды газдарды, буларды немесе аэрозольдарды бөлетін үй-жайларда орналасқан және күн сайынғы қызмет көрсетуді талап ететін тереңдігі 0,5 м және одан көп шұңқырларды және қарау орларын желдету үшін пайдалануға рұқсат етіледі.

7.2.21 Ғылыми-зерттеу және өндірістік мақсаттағы зертхана үй-жайлары үшін желдету жүйелері жарылуға және өртке қауіпті санаттарды ескере отырып, өндірістік үй-жайлар үшін белгіленген талаптарға сәйкес жобалануы керек.

7.2.22 Зертхана үй-жайларындағы жалпы алмастырылатын желдетудің және

жергілікті сорғының жалпы сорып шығару жүйесі:

- 1) зерттелетін заттарды жедел сақтау А санатының зат қоймасы үшін;
- 2) егер жергілікті сорғылармен жабдықталған сорғыда жарылуға қауіпті қоспалар пайда болмаса В, Г және Д санаттарындағы бір зертхана үй-жайлары үшін жобалануына рұқсат етіледі.

7.2.23 Жалпы ағынды жүйелер В, Г және Д санаттарының және зерттелетін заттардың жедел қорын сақтау үшін әр алаңы 36 м² көп емес А санатындағы екі қоймадан көп емес қосылыстары бар тұрмыстық үй-жайының кем дегенде 11 қабатында (техникалық және жер төле) орналасқан зертхана үй-жайларының тобы үшін жобалауға рұқсат етіледі. Осы қоймалардың ауа өткізгіштерінде отқа төзімді 0,5 сағат шегі бар отты ұстайтын клапандарды орнату керек. В санатының үй-жайы үшін ауа өткізгіштер 7.10.1-3) немесе 7.10.1-4) т. сәйкес жобалануы керек.

7.3 Сыртқы ауаны қабылдау құрылғылары

7.3.1 Қабылдау құрылғылары, сондай-ақ табиғи іске қосылатын ағынды желдету үшін пайдаланылатын ашық терезелер мен ойықтар 5.4.14 т. талаптарына сәйкес орналастыру керек.

7.3.2 Жылдың жылы кезеңінде технологиялық процестерден 150 Вт/м³ көп жылудың артылу үлесі бар өндірістік ғимараттар үшін қабылдау құрылғылары 5.12-5.14 тармақтарында белгіленгенмен салыстыру бойынша сыртқы ауа температурасының артуын ескере отырып көзделуі керек.

7.3.3 Қабылдау құрылғылары үшін саңылаудан төмен гидрометеостанциялардың деректері немесе есебі бойынша, бірақ жер деңгейінен 2 м төмен емес анықталатын тұрақты қар жамылғысы деңгейінен 1 м көп биіктікте орналасуы керек.

Құм боран аудандарындағы және қабылдау саңылаулары артындағы шаң мен құмды қарқынды көшіруде шаңды және құмды тұндыру үшін камералар және жер деңгейінен 3 м төмен емес саңылауларды төмен орналастыру керек.

Өсімдік тегіндегі қоспалармен ілінген ластан қабылдау құрылғыларын қорғау жобалауға арналған тапсырмадағы нұсқаулардың бар болуы кезінде көзделуі керек.

7.3.4 Сыртқы ауаның жалпы қабылдау құрылғысын әр түрлі өрт бөліктеріне қызмет көрсететін кез келген жүйелер үшін (соның ішінде ағынды түтінге қарсы желдету жүйелерімен) жобалауға рұқсат етілмейді.

Шектес өрт бөліктерінде орналасқан ауаны жинау үшін ойықтар арасындағы көлденең қашықтық 3 м кем емес болуы қажет.

Сыртқы ауаны жалпы қабылдау құрылғысының бір өрт бөлігі шегінде:

- 1) желдеткіш жабдығы үшін бір үй-жайда орналастыруға рұқсат берілмейтін жабдықтың ағынды жүйелері үшін;

2) ағынды жүйелер және түтінге қарсы желдету жүйелері үшін; ағынды жүйелер сыртқы ауаның жалпы қабылдау құрылғысын көздеуге (А және Б санаттарының үй-жайларына және қоймаларына қызмет көрсетілетін жүйелерден басқа) және ағынды қондырғылардың қақпалары алдындағы өртті ұстайтын қақпаларды орнату жағдайларында ағынды түтінге қарсы желдету жүйелерімен сыртқы ауаны беру үшін

сыртқы ауаның жалпы қабылдау құрылғыларына рұқсат етіледі.

7.4 Ағынды ауаның шығыны

7.4.1 Ағынды ауа шығыны (сыртқы немесе сыртқының қоспасы және қайта циркуляциялық) Г қосымшасына сәйкес есеппен анықтау және санитариялық нормаларды немесе жарылу, өрт қауіпсіздігі нормаларын қамтамасыз ету үшін қажетті көлемдердің үлкенін қабылдау керек.

7.4.2* Үй-жайдағы сыртқы ауа шығыны нормаланатын теңгерімсіздікті ескере отырып, бірақ Г-1 қосымша бойынша талап етілетін шығыннан кем емес сорып шығару желдету және технологиялық жабдық жүйелерімен сыртқа жойылатын ауа шығыны бойынша анықталуы керек. *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 24.10.2023 ж. №156-НҚ бұйрық)*

7.4.3 7.1.6 и 7.2.15 тармақтарына сәйкес тамбур-шлюздерге берілетін ауа шығыны тамбур-шлюз арналған үй-жайдағы қысымға қатысты 20 Па артық қысымды (жабық есіктерде) оларда құру және ұстау есебінен қабылдау керек. Тамбур-шлюзге берілетін ауа шығыны $250 \text{ м}^3/\text{сағ}$ кем емес болуы қажет. А және Б санаттарының ғимараттарындағы лифтердің машина бөлімдерінде берілетін ауа шығыны лифт шахтасының жанасатын бөлігіндегі қысымнан 20 Па жоғары қысымды құру есебімен анықталуы керек. Тамбур-шлюздегі (лифтердің машина бөлімдеріндегі) және жанасатын үй-жайдағы ауа қысымының әр түрлілігі 50 Па артпауы қажет.

7.4.4 Жылуы артылатын үй-жайлар үшін жылдың жылы кезеңіндегі ағынды ауа шығыны:

- 1) сыртқы ауаның тура немесе жанама буландырып суытумен;
- 2) жұмыстарды орындау жағдайлары бойынша ауаның жоғары ылғалдылығын талап етілетін үй-жайлардағы ауаны ылғалдатқанға дейін анықталуы керек.

7.4.5 Ауаны қайта циркуляциялау әдетте, сыртқы ауа параметрлерінің өзгеруіне байланысты өзгермелі шығынмен көзделуі керек.

7.4.6 Ауаны қайта циркуляциялауға:

- 1) сыртқы ауаның ең жоғарғы шығыны 1-ші және 2-ші сыныпты қауіпті зиянды заттардың массасымен анықталатын үй-жайларда;
- 2) Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау жөніндегі уәкілетті органымен белгіленетін нормалардан жоғары концентрациялары бар ауру тудыратын бактериялары және грибоктары немесе жағымсыз иісі бар үй-жайларда;
- 3) егер ауа қыздырғыш алдында ауаны тазалау көзделмесе, ауа қыздырғыштарының қызған беткі жағымен жанасуы кезінде болатын зиянды заттары бар үй-жайлардағы;
- 4) А және Б санаттарының үй-жайларында (сыртқы қақпа және есіктер жанындағы ауалық және ауа-жылу бұркемелерінен басқа);
- 5) зиянды немесе жанатын газдары, булары және аэрозольдары бар жұмыстардың жүргізілуі мүмкін ғылыми-зерттеу мақсаттағы зертхана үй-жайларында;
- 6) егер жанатын газдар, булар, аэрозольдар мен ауадан жарылуға қауіпті қоспалардың пайда болуы мүмкін осы аймақтарда В, Г және Д санаттарының үй-жайларында орналасқан жабдық айналасындағы 5 метрлік аймақтан;
- 7) зиянды заттардың және ауамен жарылуға қауіпті қоспалардың жергілікті сорғы

жүйелерінен;

8) тамбур-шлюздерден рұқсат етілмейді.

Ауаны қайта циркуляциялау оларды шаңнан тазалағаннан кейін шаң ауалық қоспалардың (жарылуға қауіпті шаң ауа қоспаларынан басқа) жергілікті сорғы жүйелерінен рұқсат етілмейді.

7.4.7 Ауаны қайта циркуляциялау:

1) бір пәтер, қонақ үйдегі нөмір немесе бір пәтерлі үй шектерімен;

2) қоғамдық ғимараттардағы бір үй-жай шектерімен;

3) 8.4.6 т. келтірілген үй-жайлардан басқа 1-ші және 2-ші сыныпты бірдей зиянды заттар бөлінетін бір немесе бірнеше үй-жайлардың шектерімен шектеледі.

7.5 Ауа алмасуды ұйымдастыру

7.5.1 Жылдың суық кезеңінде желдетудің механикалық жүйелерімен жабдықталған қоғамдық, өндірістік, зертханалық, қойма ғимараттарында және кәсіпорындардың тұрмыстық үй-жайларында, әдетте, ағынды және ауаны сорып шығару шығыны арасында теңгерім қамтамасыз етілуі керек.

7.5.2 Қоғамдық және кәсіпорындардың тұрмыстық үй-жайларына арналған ағынды ауа бөлігі үй-жайға қызмет көрсетуге арналған ауа шығынының 50% көп емес көлемде дәліздерге немесе шектес үй-жайларға беруге рұқсат етіледі.

7.5.3 А және Б санаттарының үй-жайлары үшін, сондай-ақ зиянды заттар бөлінетін немесе жағымсыз иістер бар өндірістік, зертханалық, қойма үй-жайлары үшін ауаның артық қысымын ұстауы қажет «таза» үй-жайлардан басқа кері теңгерімсіздік көзделуі керек.

Ауа бапталатын үй-жайлар үшін оң теңгерімсіздік көзделуі керек, егер оларда зиянды және жарылуға қауіпті газдар, булар немесе аэрозольдер немесе жағымсыз иістер жоқ болса.

Тамбур-шлюз жоқ болған кезде теңгерімсіздікті қамтамасыз ету үшін ауа шығыны қорғалатын үй-жайдағы (жабық есіктерде) қысымға қатысты 10 Па кем емес қысым әр түрлілігін құру есебінен, бірақ қорғалатын үй-жайдың әр есігіне 100 м³/сағ кем емес анықталады. Тамбур-шлюз болған жағдайда теңгерімсіздікті қамтамасыз ету үшін ауа шығыны тамбур-шлюзге берілетін шығынға тең қабылданады.

7.5.4 Жасанды іске қосылатын жүйелермен жабдықталған қоғамдық, өндірістік ғимараттарда және тұрмыстық үй-жайларда жылдың суық кезеңінде, әдетте, ағынды және сорылытқан ауа шығыны арасындағы теңгерім қамтамасыз етілуі керек.

Өндірістік ғимаратта жылдың суық кезеңінде техника-экономикалық негіздеме бойынша биіктігі 6 м көп үй-жайларда 1 м² еденге 6 м³/сағ есебінен аз және биіктігі 6 м үй-жайлардағы 1 сағаттағы бір реттік ауа алмасуынан көп емес көлемде кері теңгерімсіздікке рұқсат етіледі.

Сыртқы ауаның есептік температурасы минус 40°C және одан төмен (Б параметрлері) аудандардағы қоғамдық және кәсіпорындарының тұрмыстық үй-жайларында (дымқыл және ылғал режимдері бар ғимараттардан басқа) жылдың суық мерзімінде биіктігі 6 м көп үй-жайларда 1 м² еденге 6 м³/сағ есебінен аз және биіктігі 6 м

үй-жайлардағы 1 сағаттағы бір реттік ауа алмасуы көлемінде оң теңгерімсіздікті қамтамасыз ету керек.

7.5.5 Ағынды ауаны, әдетте, адамдар тұрақты келіп тұратын үй-жайларға тікелей беру және үлкен ластануы бар аймақ арқылы аз ластануы бар аймаққа ауа түспейтіндей және жергілікті сорғы жұмыстарын бұзбайтындай бағыттау керек.

7.5.6 Өндірістік үй-жайларға ауа таратқыштардан жұмыс аймағына ағынды ауаны беру керек:

1) жұмыс аймағының шегінде немесе жоғары, соның ішінде боранды желдету кезінде шығарылатын көлденең ағыспен;

2) 2 м және еденнен жоғары биіктікте шығарылатын еңіс (төмен) ағыспен;

3) 4 м және еденнен жоғары биіктікте шығарылатын тік ағыспен.

Жылудың болмашы артуы кезінде өндірістік үй-жайларда тік, жоғарыдан төменге бағытталған, көлденең немесе еңіс (төмен) ағыстармен жоғарғы аймақта орналасқан ауа таратқыштардан беруге рұқсат етіледі.

7.5.7 Жылу ылғал қатынасы кезінде 4000 кДж/кг анағұрлым ылғал бөлетін үй-жайларда, әдетте, ғимараттың қоршау конструкцияларына ылғал конденсациясы аймағына ағынды ауаның бөлігін беру керек.

Шаңдарды бөлетін үй-жайларда ағынды ауа, әдетте, жоғарғы аймақта орналасқан ауа таратқыштардан жоғарыдан төмен бағытталған ағыстармен берілуі керек.

Шаң бөлінбейтін әр түрлі мақсаттағы үй-жайларда ағынды ауа қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағында орналасқан ауа қыздырғыштарынан төменнен жоғарыға бағытталған ағыстармен беруге рұқсат етіледі.

Тұрғын, қоғамдық ғимараттардың үй-жайларында және кәсіпорындардың тұрмыстық үй-жайларында ағынды ауа, әдетте, жоғары аймақта орналасқан ауа таратқыштарынан берілуі керек. Биіктігі 3 м көп жылудың артуы бар қоғамдық мақсаттағы үй-жайларда ығыстыратын желдетуді қолдануы мүмкін (үй-жайдың жоғарғы аймағынан ауаны жою және қызмет көрсетілетін аймаққа арнайы ауа таратқыш арқылы еденнен ағынды суық ауаны беру).

7.5.8 Ағынды ауа тұрақты жұмыс орындарына берілуі қажет, егер олар жергілікті сорғыларды орналастыру мүмкін емес болғанда зиянды заттар бөлінетін көздің жанында орналасқан болса.

7.5.9 Желдету жүйелерімен үй-жайлардан ауаны жою ауа анағұрлым ластанған немесе анағұрлым жоғары температурасы немесе энтальпиясы бар аймақтардан көзделуі керек. Шаңдар мен аэрозольдер бөлінген кезде ауаны жалпы алмастырылатын желдету жүйелерімен жою төменгі аймақтан көзделуі керек.

Ластанған ауаны адамдардың тұрақты келетін орындарына оладың тыныс алатын аймақтарына бағыттауға болмайды.

Қайта циркуляциялық ауаның қабылдау құрылғылары, әдетте, үй-жайдың жұмыс немесе қызмет көрсетілетін аймағында орналастыру керек.

Зиянды немесе жанатын газдарды немесе буларды бөле отырып өндірістік үй-жайларда ластанған ауаны 1 сағатына бір реттік ауа алмасумен жоғарғы аймақтарда жою керек, ал биіктігі 6 м көп үй-жайларда – 1 м^2 үй-жайларда $6 \text{ м}^3/\text{сағ}$ көп емес болуы керек.

7.5.10 Жоғары аймақтан жалпы алмастырылып сорып шығару желдету жүйелерімен

ауаны жою үшін қабылдау саңылаулары орнатылады:

- 1) жылудың артылуын, ылғалды және зиянды газдарды жою үшін еденнен бастап саңылаулардың төменгі жағына дейін 2 м төмен емес төбе немесе жабын астында;
- 2) газдардың, булардың және аэрозольдардың (ауамен сутек қоспаларынан басқа) жарылуға қауіпті қоспаларын жою кезінде төбе тегістігінен немесе жабыннан бастап саңылаулардың жоғарғы жағына дейін 0,4 м төмен емес;
- 3) ауамен сутек қоспасын жою кезінде биіктігі 4 м көп үй-жайлардағы үй-жайлардың биіктігі 0,025 кем емес (бірақ 0,4 көп емес) немесе биіктігі 4 м үй-жайлардағы төбе тегістігінен немесе жабыннан бастап 0,1 м төмен емес.

7.5.11 Төменгі аймақтан жалпы алмастырылып сорып шығару желдету жүйелерімен ауаны жою үшін қабылдау саңылаулары еденнен бастап саңылаулардың төменгі жағына дейінгі 0,3 м дейінгі деңгейде орналастыру керек.

Жұмыс аймағы шегінде орналасқан төменгі сорғылар арқылы өтетін ауа шығыны осы аймақтан ауаны жою ретінде ескерілуі керек.

7.6 Апаттық желдету

7.6.1 Зиянды немесе жанатын газдардың, булардың немесе аэрозольдердің үлкен санының кенеттен түсуі мүмкін үй-жайлар үшін апаттық желдету, технологиялық және желдету жабдығының апат уақыты бойынша үйлесімсіздігін ескере отырып, жобаның технологиялық бөлігінің талаптарына сәйкес көзделуі керек.

7.6.2 Апаттық желдету үшін ауа шығыны жобаның технологиялық бөлігінің деректері бойынша қабылдануы керек.

7.6.3 А және Б санаттарының үй-жайларындағы апаттық желдетуді механикалық іске қосылумен жобалау керек.

Жанатын газдардың, булардың және аэрозольдардың жарылуға қауіпті қоспаларының температурасы, санаты және тобы жарылудан қорғалған желдету үшін техникалық шарттардың деректері сәйкес келмесе, онда апаттық желдету жүйелері кез келген қабаттағы ғимараттар үшін эжекторлармен (7.7.3 т. сәйкес) немесе аэрациялық шамдар, шахталар немесе дефлекторлары арқылы газдарды және буларды ығыстыру үшін механикалық іске қосылатын (7.7.4 т. сәйкес) ағынды желдетудің көзделуі керек.

7.6.4 В1-В4, Г және Д санаттары үй-жайларының апаттық желдетуі механикалық іске қосылумен жобалау керек; жылдың жылы кезеңінде есептік Б параметрлерінде талап етілетін ауа шығынын қамтамасыз ету жағдайларында табиғи іске қосылатын апаттық желдетуді жобалауға рұқсат етіледі.

7.6.5 Апаттық желдету үшін:

- 1) апаттық желдету үшін қажетті ауа шығынын қамтамасыз ететін жергілікті сорғылар жүйелері және жалпы алмастырылатын желдетудің негізгі және резервтік жүйелері;
- 2) 1-тармақта көрсетілген жүйелер және қосымша жетіспейтін ауа шығыны үшін апаттық желдету жүйелері;
- 3) Егер негізгі және резервтік жүйелерді пайдалану мүмкін емес немесе мақсатқа сай болмаса апаттық желдету жүйелеріне ғана пайдалану керек.

7.6.6 Апаттық желдету жүйелерімен үй-жайларғы түсетін газдарды және буларды жою үшін сорып шығару құрылғыларын (торлар немесе патрубклар) талаптарды ескере отырып:

1) жұмыс аймағында - жұмыс аймағындағы ауаның үлесті салмағынан көп газдардың және булардың түсуі кезінде жұмыс;

2) жоғарғы аймақта - аз үлестік салмағы бар газдар және булар түскен кезде жоғары аймақтарда орналастыру керек.

7.6.7 Апаттық желдетумен жойылатын ауа шығынын өтеу үшін:

а) қажет ауа шығынын қамтамасыз ететін резервтік желдеткіштері бар жалпы алмастырылатын ағынды желдету жүйелері;

б) 7.6.6 а) көрсетілген жүйелер және қосымша жетіспейтін ауа шығыны үшін арнайы ағынды желдету жүйелері;

в) ауаның қажетті шығыны үшін механикалық немесе табиғи іске қосылатын арнайы ағынды жүйелер;

г) автоматты ашылатын ойықтар арқылы ауаның ағыны пайдаланылуы керек.

7.7 Жабдық

7.7.1 Желдетулер, ауа баптау, ағынды камералар, ауа қыздырғыштар, жылуды пайдаланушылар, шаң тұтқыштар, сүзгілер, клапандар, шуды бәсеңдеткіштер және басқалар (бұдан әрі – «жабдықтар») дайындаушы зауыт деректері бойынша жабдықтардағы, 7.10.7 т. талаптарына сәйкес желдетуден кейін желдету мен ағынды жүйелерге дейін сорып шығару жүйелерінің ауа өткізгіштеріндегі (олармен қызмет көрсетілетін үй-жайлардың шегінде төселетін жалпы алмастырылатын желдету жүйелерінің ауа өткізгіш учаскелерін қоспағанда) тығыз емес жерден сорып алуды және жоғалтуды ескере отырып, ауаның есептік шығынынан шыға отырып таңдалуы керек. Түтін және отты бөгейіш клапандардың тығыз емес жерлерінен ауаны сору 9.4. т. талаптарына сәйкес болуы қажет.

7.7.2 Ауа қыздырғыштарының түтіктеріндегі судың қатып қалуынан қорғау үшін:

1) түтіктердегі су қозғалысының жылдамдығы есеппен негізделуі немесе 0°C кезінде Б параметрлері бойынша сыртқы ауаның есептік температурасы кезінде 0,12 м/с кем емес қабылдау керек;

2) техникалық негіздеу кезінде ауа қыздырғыштарының жанында араластырғыш сорғыларды орнатуды көздеу;

3) бу жылу тасымалдағышы кезінде конденсатты бұрғыш конденсат ағатын ауа қыздырғыштарының төменгі келте құбырынан төмен 300 мм кем емес орналастыру және конденсатты бұрғышардан конденсатты жою керек

Таңдалған ауа қыздырғыштың жылу ағыны есептік ағынының 10% көп емес артпауы қажет.

7.7.3 Жарылудан қорғау орындауындағы жабдық:

1) егер ол А және Б санаттарының үй-жайында немесе осы үй-жайдың қызмет көрсетілетін ауа өткізгіштерінің жүйелерінде орналасса;

2) А және Б санаттарының үй-жайларындағы желдету, түтінді жою, ауа баптау және

ауалық жылыту үшін (соның ішінде ауа-ауалық жылу пайдаланушыларымен);

3) 7.2.13 т. көрсетілген сорып шығару желдету жүйелері үшін;

4) жарылуға қауіпті қоспалардың жергілікті сорғы жүйелері үшін көзделуі керек.

Қалыпты орындаудағы жабдық бу, газ ауа қоспаларын жоятын В, Г және Д санаттарының үй-жайларында орналасқан жергілікті сорғы жүйелері үшін көзделуі керек, егер технологиялық жобалау нормаларына сәйкес технологиялық жабдықтың қалыпты жұмысы немесе апаты кезінде жарылуға қауіпті концентрацияның көрсетілген қоспалардың туындауы мүмкін болмаған жағдайда.

Егер ауамен жанатын газдардың, булардың, аэрозольдердің, шаңдардың жарылуға қауіпті қоспаларының температурасы, санаты және тобы жарылудан қорғалған желдеткіштердің техникалық шарттарына сәйкес келмесе, онда эжекторлық қондырғылардың көзделуі керек. Эжекторлық қондырғылары бар жүйелерде, егер олар сыртқы ауада жұмыс істесе, қалыпты орындаудағы желдеткіштердің, ауа үрлегіштердің немесе компрессорлардың көзделуі керек.

7.7.4 А және Б санаттарының үй-жайлары үшін желдету, ауа баптау және ауалық жылытудың ағынды жүйелерінің жабдықтары, сондай-ақ желдету жабдығы үшін үй-жайларда орналасқан басқа санаттардың үй-жайларынан (А, Б, В басқа) ауа жылуын пайдалана отырып, осы үй-жайлар үшін ауа-ауалық жылу пайдаланушыларын жарылудан қорғалған кері клапандары көзделген болса қалыпты орындауда қабылдау керек.

7.7.5 Қорғау қоршаулары ауа өткізгіштеріне қосылмаған желдеткіштердің соратын және баспа саңылауларында көзделуі керек.

7.7.6 Жанатын заттардан жарылуға қауіпті шаң ауалық қоспаларды тазалау үшін шаң тұтқыштарды және сүзгілерді (бұдан әрі – «шаң тұтқыштар») қабылдау керек:

1) құрғақ тазалау кезінде – жарылудан қорғалған орындауда, әдетте, тұтылған шаңды үздіксіз жою үшін құрылғылармен;

2) дымқыл тазалау кезінде (соның ішінде көбік) – әдетте, жарылудан қорғалған орындауда, техникалық негіздеу кезінде қалыпты орындауда рұқсат етіледі.

7.7.7 Ағынды ауаның ауа таратқыштары:

1) құрылғылары бар ауалық жылыту, желдету және ауа баптау кезінде - ауа шығынын реттеу үшін;

2) көлденең тегістікте 180° дейінгі бұрышқа және тік тегістікте 30° дейінгі бұрышқа ағынды бағыттау және шығынды реттеу құрылғыларын - жұмыс орындарын тоңазыту үшін қабылдау керек.

7.7.8 Сорып шығару жүйелерінде газ аспаптарымен жабдықталған үй-жайларда оларды толық жабу мүмкіндігін болдырмайтын ауа шығынын реттеу үшін құрылғылары бар торларды (сондай-ақ желдеткіш жанындағы қақпалар) қолдану керек.

7.7.9 Ағынды ауаның ауа таратқыштары (перфорланған және тесіктері бар ауа өткізгіштерден басқа) және сорып шығару құрылғыларын жанатын материалдардан қабылдауға рұқсат етіледі.

7.7.10 Жылуды пайдаланғыштарды және шуды бәсеңдеткіштерді жылупайдаланғыштардың жылу алмастырылатын (ішкі) беттері үшін жанбайтын материалдардан қолдану керек.

7.8 Жабдықтарды орналастыру

7.8.1 Ағынды ауаны шаңнан тазалаудың бірінші дәрежелі сүзгілері, әдетте, ауа қыздырғышына дейін, қосымша тазалау – үй-жайға ауаны шығарудың алдында орналастырылады.

Ағынды ауаны тазалау үшін май сүзгілері ауаның сыртқы есептік температурасы минус 25°C және одан төмен (Б параметрлері) жерлердегі ауа қыздырғыштарынан кейін орналасуы керек.

7.8.2 Жарылуға қауіпті шаң ауалық қоспаларын құрғақ тазалау үшін шаң тұтқыштар мен сүзгілерді (бұдан әрі – «шаң тұтқыштар»), әдетте, желдеткіштер алдында орналастыру керек.

7.8.3 Өртке қауіпті шанды ауалық құрғақ тазалау үшін шаң тұтқыштар:

1) егер терезе ойықтары жоқ шаң тұтқыштардан көлденең бойынша 2 м кем емес қашықтықтағы ғимараттың барлық биіктігінде немесе шыныблоктарынан толтырылған немесе арматураланған шыныдан шынылай отырып, металл түптеулердегі екі рамалы ашылмайтын терезелері бар болса, I және II дәрежелі ғимараттардан тыс тікелей қабырға жанында орналастыру керек; ашылатын терезелері бар болған жағдайда шаң тұтқыштар ғимарат қабырғаларынан 10 м кем емес қашықтықта орналасуы керек;

2) қабырғалардан 10 м кем емес қашықтықта отқа төзімді III, IVa дәрежелі ғимараттардан тыс орналастыру керек;

3) желдеткішпен және өртке қауіпті шаң ауалық қоспалардың басқа шаң тұтқыштарымен бірге желдеткіш жабдықтар үшін жеке үй-жайлардағы ғимараттардың ішінде орналастырылуы керек; осындай шаң тұтқыштарды орнату бункерлердегі немесе жертөле үй-жайларындағы басқа жабық сыйымдылықтағы жиналатын шаңның салмағы 200 кг артпаса жанатын шанды механикалық үздік жою немесе оны қолмен жою жағдайларында жертөлелердің үй-жайларында, сондай-ақ шаң тұтқыштар технологиялық жабдықпен бұғатталған болса, 15 мың м³/сағ көп емес ауа шығынында өндірістік үй-жайлардың ішінде (А және Б санаттарының үй-жайларынан басқа) осындай шаң тұтқыштарды орнатуға рұқсат етіледі.

Егер сүзгі орнатылған үй-жайға тікелей түсетін тазаланған ауадағы шаң концентрациясы жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың ШРК 30% аспаса, өндірістік үй-жайларда жанатын шаңнан өртке қауіпті шаң ауалық қоспасын тазалау үшін сүзгілерді орнатуға рұқсат етіледі.

7.8.4 Шаң ауалық қоспаларды дымқыл тазалау үшін шаң тұтқыштарды желдеткіштермен бірге немесе олардан бөлек жылытылатын үй-жайларда орналастыру керек. Шаң тұтқыштарды жылытылмайтын үй-жайларда немесе ғимараттардан тыс орналастыруға рұқсат етіледі.

Жылытылмайтын үй-жайларда немесе ғимараттардан тыс шаң тұтқыштарды орналастыру кезінде (шаң ауалық қоспаны құрғақ немесе дымқыл тазалау үшін) шаң тұтқыштардағы судың қатып қалуынан немесе ылғалдың конденсациясынан қорғау бойынша іс-шаралар көзделуі керек.

7.8.5 Осы үй-жайларда орналасқан әкімшілік, жұмыс істеушілердің демалатын және оларды жылту бөлмелерін қоса алғанда А және Б санаттарының үй-жайларына қызмет

көрсететін ағынды жүйелердің ауа өткізгіштерінде желдету жабдығы үшін үй-жайлардың қоршауларын ауа өткізгіштерімен қиып өту орындарындағы жарылудан қорғалған кері қақпалар көзделуі керек.

7.8.6 А және Б санаттарының үй-жайларына қызмет көрсететін жалпы алмастырылатын желдетудің сорып шығару жүйелерінің жабдығы басқа жүйелер үшін жабдықтармен бірге желдету жабдығы үшін жалпы үй-жайларда орналастырылуы керек.

Егер ауа өткізгіштерде жанатын заттардың бөлінуі болмаса, А және Б санаттарының үй-жайлары үшін жалпы алмастырылатын желдетудің сорып шығару жүйелерінің жабдығы шаң тұт қыштары жоқ немесе дымқыл шаң тұтқыштары бар жарылуға қауіпті қоспалардың жергілікті сорғылар жүйелерінің жабдығымен бірге желдету жабдығы үшін жалпы үй-жайда орналастыруға рұқсат етіледі. В санатының үй-жайларының сорып шығару жүйелерінің жабдығы Г санатының үй-жайларынан сорып шығару жүйелерінің жабдығымен жалпы үй-жайда орналастырылуы керек.

7.8.7 Жарылуға қауіпті жергілікті сорғы жүйелерінің жабдығын 7.8.6 т көрсетілген жағдайдардан басқа желдету үшін жалпы үй-жайлардағы басқа жүйелердің жабдығымен бірге орналастыруға ұсынылмайды.

7.8.8 Жылуы ауа-ауалық жылу пайдаланғышта пайдаланылатын сорып шығару жүйелерінің жабдықтары, сондай-ақ қайта циркуляциялық жүйелердің жабдығы 7.8.6 т талаптарын ескере отырып орналастырылуы керек.

7.9 Жабдықтарға арналған үй-жайлар

7.9.1 Әр түрлі мақсаттағы ғимараттардың желдету жабдығы үшін үй-жайларды жобалаған кезде ҚР ҚН 4.02-01 және 2-бөлімде келтірілген тиісті нормативтік құжаттардың талаптары сақталуы керек.

7.9.2 сорып шығару жүйелерін жабдықтау үшін үй-жайлар өрт-жарылу және өрт қауіпі бойынша мына санаттарға жатқызылуы керек:

1) олар қызмет көрсететін үй-жайлардың санатына – егер оларда өндірістік ғимараттардың жалпы алмастырылатын желдету жүйелері орналастырылатын болса;

2) Д санатына – егер оларда осы үй-жайлардан тыс орналасқан эжекторларға сыртқы ауаны беретін желдеткіштер, ауа үрлегіштер және компрессорлар орналасатын болса;

3) эжекторларға желдеткіштермен ауа үрлегіштермен және компрессорлармен ауа беру үшін ауа алынатын үй-жайлардың, санатына;

4) есеп бойынша МЕМСТ 12.1.004 сәйкес немесе А немесе Б санатын қабылдау – егер қоғамдық және кәсіпорындардың тұрмыстық үй-жайларындағы В, Г және Д санаттарының үй-жайларында орналасқан технологиялық жабдықтан жарылуға қауіпті заттарды жоятын жергілікті сорғы жүйелерінің жабдықтары, сондай-ақ 7.2.13 т. сәйкес жалпы алмастырылатын сорып шығару желдету жүйелерінің жабдықтары оларда орналастырылған болса;

Желдеткіштер алдында орналастырылған дымқыл шаң тазалау тұтқыштары бар жарылуға қауіпті шаң ауалық қоспалардың жергілікті сорғылары жүйелерінің жабдықтары үшін үй-жайы Д санатының үй-жайларына жатқызу негізделген кезде рұқсат етіледі:

5) Д санатына – егер кәсіпорындардың тұрғын, қоғамдық және тұрмыстық үй-жайларының жалпы алмастырылатын желдетуінің сорып шығару жүйелері жабдықтары оларда орналастырылатын болса.

Өрт-жарылу және өрт қауіпі бойынша әр түрлі санаттарының бірнеше үй-жайларына қызмет көрсететін сорып шығаратын жүйелердің жабдығы үшін үй-жайды өте қауіпті санаттардың біріне жатқызуға болады.

7.9.3 Ағынды жүйелердің жабдықтары үшін үй-жайларды өрт-жарылу және өрт қауіпі бойынша санатқа жатқызу керек:

1) В санатына – егер, оларда қондырғылардың бірінде сыйымдылығы 75 л және одан көп майы бар қондырғылар (сүзгілер және басқалар) оларда орналастырылған болса;

2) В және Г санаттарына – егер ауа үй-жайлардан жанатын газдардың және шаңдардың бөлінуінсіз алынған немесе ауаны шаңнан тазалау үшін көбік немесе дымқыл шаң тұтқыштар қолданылған жағдайлардан басқа В және Г санаттарының үй-жайларында ауаны қайта циркуляциялаумен жүйе жұмыс істесе;

3) В санатына – егер желдету жабдығы үшін үй-жайда В санатына сәйкес үй-жайларға қызмет көрсететін сорып шығару қондырғылары орналастырылатын болса;

4) ағынды жүйелердің жабдығы үшін үй-жайда орналастырылатын ауа-әуелік жылу пайдаланғыштар пайдаланылатын жойылған ауа жылуының үй-жайларындағы санаттарына;

5) Г санатына – егер оларда газ аспаптары орналастырылса;

6) Д санатына – басқа жағдайларда. Өрт-жарылу және өрт қауіпі бойынша әр түрлі санаттардағы бірнеше үй-жайларға қызмет көрсететін ағынды жүйелердің жабдықтары үшін үй-жайлар өте қауіпті санатқа жатқызылуы керек.

7.9.4 А және Б санаттарының үй-жайларына және 7.2.13 т көрсетілген жүйелеріне қызмет көрсететін сорып шығаратын жүйелер үшін үй-жайларда, сондай-ақ жарылуға қауіпті қоспалардың жергілікті сорғы жүйелерінің жабдықтары үшін үй-жайларда жылу пункттері, су сорғылары, жөндеу жұмыстарын орындау, майдың регенерациялануы және басқа мақсаттар үшін орындардың көзделуі керек.

7.9.5 Желдету жабдығы үшін үй-жайды қызмет көрсетілетін үй-жайлар орналасқан өрт бөлігінің шегінде орналастыру керек. Тік өрт бөліктері арасында орналасқан техникалық қабат болған кезде онда желдеткіші және басқа инженерлік жабдығы бар қажетті үй-жайларды орналастыруға рұқсат етіледі. Желдету жабдығы үшін үй-жайлард отқа төзімділігі І және ІІ дәрежедегі ғимараттардағы қызмет көрсетілетін өрт бөлігінің өртке қарсы бөгеттерінен кейін орналастыруға рұқсат етіледі; желдету жабдықтары үшін аталған үй-жайларда А, Б және В санаттарының үй-жайларында, А, Б, В санаттарының қоймаларында, сондай-ақ 7.2.13 т. бойынша жарылуға қауіпті қоспаларының және жүйелерінің жергілікті сорғы жүйелерінің жабдықтары үшін орналастыру керек. Желдету жабдығы үшін үй-жайда желдету жабдығы үшін үй-жайда нормаланатын отқа төзімді үй-жай қоршауларының барлық жүйелерін ауа өткізгіштермен қиып өту орындарында отты бөгегіш клапандарды орнату жағдайларында әр түрлі өрт бөліктерінде үй-жайға қызмет көрсететін жабдықты орналастыруға рұқсат етіледі.

7.9.6 Жарылуға қауіпті қоспаларды құрғақ тазалау үшін шаң тұтқыштары бар үй-жайларды адамдар жаппай келетін (апаттық жағдайлардан басқа) үй-жайлардың астында

орналастыруға рұқсат беріледі.

7.9.7 Желдету жабдығы үшін үй-жайдың биіктігі жабдықтың биіктігінен 0,8 м үлкен, сондай-ақ ондағы жүк көтергіш машиналарының жұмысын ескере отырып, бірақ еденнен бастап аражабын конструкцияларының төменгі шығатын жеріне дейін 1,8 м кем емес көзделуі керек.

Үй-жайларда және жұмыс алаңдарында жабдықтардың шығып тұрған бөліктері арасындағы, сондай-ақ жабдық пен құрылыс конструкциялары арасындағы өту ені монтаждық және жөндеу жұмыстарын орындауды ескере отырып, 0,7 м кем емес көздеу керек.

7.9.8 Сорып шығару жүйелерінің жабдықтары үшін үй-жайларда 1 сағатта бір реттік ауа алмасуынан кем емес сорып шығару желдетуі көзделуі керек.

7.9.9 Ағынды жүйелердің жабдықтары үшін үй-жайларда (ағынды түтінге қарсы желдету жүйелерінен басқа) осы үй-жайларға орналасқан жабдықтарды немесе жеке жүйелерді пайдалана отырып, 1 сағаттағы екі реттік ауа алмасуынан кем емес сорып тарататын желдету көзделуі керек.

7.9.10 Желдету жабдығына арналған үй-жай арқылы:

- 1) тез тұтанатын және жанатын сұйықтықтары мен газдары бар құбырларды;
- 2) кәріз құбырлары (нөсерлі кәріз құбырларынан және желдету жабдығы үшін жоғары жатқан үй-жайлардан суды жинауға арналған құбырлардан басқа) төсеуге рұқсат етілмейді.

7.9.11 Жабдықтың бірлік салмағы немесе оның бөліктері 50 кг көп жабдықты (желдеткіштерді, электр қозғалтқыштарын) жөндеуді қамтамасыз ету үшін жүк көтергіш машиналар керек (егер технологиялық қажеттіліктер үшін арналған механизмдерді пайдалану мүмкін болмаса).

7.10 Ауа өткізгіштер

7.10.1 Жалпы алмастырылатын желдету, ауалық жылыту және ауа баптау жүйелерінің (бұдан әрі – желдету жүйелері) ауа өткізгіштерінде өрт кезінде жану (түтіндеу) өнімдерінің үй-жайларға кіруін болдырмау мақсатында мына құрылғылардың көзделуі керек:

1) отты бөгейіш клапандар – тұрғын және қоғамдық үй-жайлар, кәсіпорындардың тұрмыстық үй-жайлары және В және Г санаттарының өндірістік үй-жайлары үшін тік немесе көлденең коллекторға оларды қосу орындарындағы қабат бойынша жиналмалы ауа өткізгіштерге;

2) ауа ысырмалары – тұрғын, қоғамдық, Г санатының өндірістік үй-жайлары және кәсіпорындардың тұрмыстық үй-жайлары үшін тік немесе көлденең коллекторға оларды қосу орындарындағы қабат бойынша жиналмалы ауа өткізгіштерге. Ауа бүркемелерінің геометриялық және конструктивтік сипаттамалары әр түрлі қабаттардың үй-жайларына қабат бойынша жиналмалы ауа өткізгіштер арқылы коллекторлардан өрт кезіндегі жану өнімдерінің таралуын болдырмауды қамтамасыз етеді; ауа бүркемесі ауа өткізгішінің тік учаскесінің ұзындығы есеп бойынша, бірақ 2 м кем емес қабылдануы керек.

Тік коллекторларды шатыр астындағы немесе техникалық қабатқа

орналастырылатын жалпы көлденең коллекторға қосуға рұқсат етіледі; жалпы көлденең коллекторға оларды қосу орындарындағы тік коллекторларға биіктігі 28 м көп ғимараттарда отты бөгейіш клапандарды орнату керек.

Әр көлденең коллекторға дәйекті орналасқан қабаттардың 5 қабатты ауа өткізгіштерден көп емес қосылуы керек. 5 қабаттан көп ғимараттарда:

- көлденең және тік коллекторларға – әр қабаты бойынша (5 жоғары) ауа өткізгіштерде отты бөгейіш клапандарды орнату жағдайлары кезінде 5 қабатты ауа өткізгіштерден көбіне;

- оларды жалпы коллекторға қосу орындарындағы отты бөгейіш клапандарын орнату кезінде шатыр астындағы немесе техникалық қабатқа орналастырылатын жалпы коллекторға көлденең коллекторлардың тобына;

3) отты бөгейіш клапандар - А, Б, В санаттарының үй-жайларында және қоймаларында қызмет көрсетілетін ауа өткізгіште, сондай-ақ жарылуға және өртке қауіпті қоспалардың жергілікті сорғы жүйелерінің және қызмет көрсетілетін үй-жайдың өртке қарсы бөгеттерін ауа өткізгіштермен қиып өту орындарындағы 7.2.13 т. бойынша жүйелердің ауа өткізгішіне;

4) отты бөгейіш клапан – жалпы дәлізге шығуы бар бір қабат шегіндегі жалпы алаңы 300 м² көп емес А, Б, В санаттарының біріндегі үй-жайлар тобына қызмет көрсететін әр транзиттік жиналмалы ауа өткізгішке (желдеткішке жақын таралымға 1 м көп емес қашықтықта) қосылуы керек.

1 Ескертпе - 7.10.1 1), 2) және 3) тармақтарында көрсетілген отты бөгейіш клапандарды өртке қарсы бөгет немесе кез келген жағынан тікелей бөгет жанында немесе отқа төзімді бөгет шегінде бөгеттен бастап клапанға дейінгі ауа учаскесіне қамтамасыз ете отырып, оның шегінде орнату керек.

2 Ескертпе - Егер техникалық себептер бойынша отты бөгейтін клапандарды немесе ауа бүркемелерін орнату мүмкін болмаса, онда әр түрлі үй-жайлардағы ауа өткізгіштерді бір жүйеге біріктірудің керегі жоқ. Бұл жағдайда әр үй-жай үшін клапандарсыз немесе ауа бүркемелерінсіз жеке жүйелер көзделуі керек.

3 Ескертпе - тұрғын, қоғамдық (емдеу-алдын алу мақсатындағы ғимараттардан басқа) және кәсіпорындардың тұрмыстық ғимараттарының жалпы алмастырылатын сорып шығару желдету ауа өткізгіштерінің жылы шатыр астыларын біріктіруге рұқсат етіледі.

4 Ескертпе - Емдеу-алдын алу мақсатындағы ғимараттардағы тік коллекторларды қолдануға рұқсат етілмейді.

7.10.2 Кері клапандарды орнату зиянды заттар ықпалының шарттарынан анықталған әр түрлі қабаттарда орналасқан сыртқы ауа шығынының бір үй-жайдан екіншісіне 1-ші және 2-ші сыныпты қауіпті зиянды заттардың өтуінен қорғау үшін көзделуі керек.

Кәсіпорындардың қоғамдық, тұрмыстық үй-жайларын немесе дәліздерден Г және Д санаттарының өндірістік үй-жайларын бөлетін өртке қарсы қабырғаларда және аралықтарда саңылауларды отты бөгейіш клапандармен қорғау кезінде ауаның өтуі үшін саңылаулар құрылғысына рұқсат етіледі. Аталған клапандарды орнату олардың есіктері үшін отқа төзімділік шегі нормаланбайтын үй-жайларға талап етілмейді.

7.10.3 Асбестоцемент конструкцияларынан жасалған ауа өткізгіштерді сорып тарататын желдету жүйелерінде қолдануға рұқсат етілмейді. Ауа өткізгіштердің тасымалдауға және қоршаған ортаға төзімді жабынының болуы қажет. Отқа төзімділіктің

нормаланатын шегі бар ауа өткізгіштерді (соның ішінде жылуды қорғайтын және оттан қорғайтын жабындар) жанбайтын материалдардан жобалау керек. Бұл ретте, ауа өткізгіштердің конструкциялары үшін табақ болат қалыңдығы 0,8 мм кем емес болуы керек. Ауа өткізгіштер үшін көлденең бойына қиманың және болат табағы қалыңдығының көлемі Ж қосымшасы бойынша қабылдау керек. Осындай конструкциялардың ажыратылып қосылатын біріктірулерін тығыздау үшін (соның ішінде ернемек арқылы жалғастыру) торап біріктірулерінің ішкі және сыртқы беттері бойынша оттан қорғалатын жабындары бар Г2 төмен емес жанатын материалдардың тобын пайдалануға рұқсат етіледі.

100°C көп көшетін ауа температурасы кезінде отқа төзімді нормаланатын шектері бар ауа өткізгіштерінің конструкцияларын жылудың желілік кеңейтілген компенсаторларымен, сондай-ақ осындай ауа өткізгіштерінің бекіту (аспалы) элементтері ауа өткізгіштер үшін нормаланатыннан кем емес отқа төзімді шектерімен көзделуі керек. Ауа өткізгіштер үшін нормаланатыннан асса немесе тең отқа төзімділік шегі бар ғимараттардың жанбайтын желілік конструкциялары тез конденсацияланатын булардан туратын ауаны тасымалдау үшін пайдалануға рұқсат етіледі. Бұл ретте, конструкцияларды герметизациялау, ішкі беттердің тегіс әрлеуін (өшірілуі, жапсыру және басқа) және тазалау мүмкіндігін көздеу керек.

7.10.4 Жанбайтын материалдардан жасалған ауа өткізгіштер:

- 1) 80°C және одан жоғары ауаны тасымалдайтын және апаттық жарылуға және өртке қауіпті қоспалардың жергілікті сорғы жүйелері үшін;
- 2) отқа төзімді шекпен нормаланатын ауа өткізгіштердің учаскелері үшін;
- 3) тұрғын және қоғамдық ғимараттар, кәсіпорындардың тұрмыстық ғимараттары және өндірістік ғимараттардың желдету жүйелерінің тасымалдау учаскелері немесе коллекторлары үшін;
- 4) желдету жабдығы үшін үй-жайлардың шектерінде, сондай-ақ техникалық қабаттарда, шатыр астында, жертөле және еден астында төсеу үшін жобалануы керек.

7.10.5 Жанатын материалдардан жасалған II сыныбының ауа өткізгіштері 7.10.4 1), 2) және 4) тармақтарында және адамдардың жаппай келу үй-жайларында көрсетілген жүйелерден басқа Д санатының тұрғын, қоғамдық, тұрмыстық және өндірістік үй-жайлары үшін бір қабатты ғимараттарда рұқсат етіледі.

7.10.6 Жанатын материалдардан жасалған ауа өткізгіштер 7.10.4 тармағында көрсетілген ауа өткізгіштерден басқа қызмет көрсетілетін үй-жайлардың шегінде қолдануға рұқсат етіледі. Д санатының үй-жайлары арқылы қызмет көрсетілетін және өтетін жүйелерді ауа өткізгіштердегі жанатын материалдардан жасалған иілгіш ендірмелер мен бурғыштары олардың ұзындығы жанатын материалдардан жасалған II сыныбы ауа өткізгіштерінің 10% көп емес ұзындығын және жанбайтын материалдардан жасалған ауа өткізгіштер үшін 5% көп емес ұзындығын құраса жобалауға рұқсат етіледі.

7.10.7* Желдету жүйесінің, түтін шығарғыштардың және түтін құбырларының ауа өткізгіштері:

- 1) II сыныбының (тығыз) – жалпы алмастырылатын желдету және желдеткіштің 600 Па көп статикалық қысымы кезінде ауа жылытуы жүйелерінің транзиттік учаскелері үшін, отқа төзімділіктің нормаланатын шегі бар кез келген жүйелердің жергілікті сорғы, ауа

ҚР ЕЖ 4.02-101-2012*

баптау, ауа өткізгіштер жүйелерінің, түтін шығарғыштардың және түтін құбырларының, сондай-ақ желдеткіштің қысымынан бастап тәуелсіз А және Б санаттарының қызмет көрсетілетін үй-жайлары жүйелерінің транзиттік учаскелері үшін;

2) Н сыныбының (қалыпты) – басқа жағдайларда кәзделуі керек.

Өр жүйенің ауа өткізгіштерінің тығыз емес жерлерінен L , м³/сағ жалпы жоғалтулары мен сорғылары мына формула бойынша есептелінген ауа шығынынан артпауы қажет:

$$L = p \sum A_i, \quad (15)$$

мұнда p – ауа тығыздығының сыныбына байланысты 3-кесте бойынша қабылданатын ауа өткізгіштердің ауасын 1 м² кең алаңына м³/сағ үлесті жою немесе сору;

$\sum A_i$ – желдетудің бір жүйесінің барлық ауа өткізгіштердің м² жалпы кең алаңы.
(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 24.10.2023 ж. №156-НҚ бұйрық)

3*-кесте – Ауа өткізгіштің 1 м² кең алаңына м³/сағ ауа өткізгіштеріндегі ауаны үлесті жою немесе сору (Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 24.10.2023 ж. №156-НҚ бұйрық)

Ауа өткізгіштің сыныбы	Желдеткіштен бастап 1 м дейінгі қашықтықта ауа өткізгіштегі (оң немесе теріс) артық статикалық ауа қысымы, кПа															
	0,2	0,4	0,6	0,8	1,0	1,2	1,4	1,6	1,8	2,0	2,5	3,0	3,5	4,0	4,5	5,0
Н	3,6	5,8	7,6	9,2	10,7	12,1	13,4	-	-	-	-	-	-	-	-	-
П	1,2	1,9	2,5	3,0	3,5	4,0	4,4	4,9	5,3	5,7	6,6	7,5	8,2	9,1	9,9	10,6

7.10.8* Бір өрт бөлігі шегіндегі төсеу шарттары, сондай-ақ желдету жабдығы үшін қызмет көрсетілетін үй-жайдың өртке қарсы бөгеттерінің (қабырғалары, аражабындары, аралықтары) қиылысу орындарынан бастап үй-жайға дейінгі барлық ұзындықтағы кез келген мақсаттағы жүйелердің транзиттік ауа өткізгіштерінің және коллекторларының отқа төзімді шегі 4-кестеге сәйкес көзделуі керек.

Бір қабаттың бірнеше әр түрлі үй-жайлары арқылы төселетін ауа өткізгіштер үшін отқа төзімді шегінің бірдей үлкен мәні көзделуі керек.

Шатыр асты және еден асты арқылы төселетін транзиттік ауа өткізгіштер 0,5 сағ отқа төзімді шегімен көзделуі керек. (Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 24.10.2023 ж. №156-НҚ бұйрық)

4-кесте – Транзиттік ауа өткізгіштер мен коллекторлардың төсеу шарттары мен отқа төзімділік шегі

Желдету жүйесі қызмет көрсететін үй-жайлар	Транзиттік ауа өткізгіштер мен коллекторларды төсеу шарттары және отқа төзімділік шегі, оларды үй-жайлар арқылы төсеу сағаттары								
	А, Б, В және жанғыш материалдар санатындағы қоймалар мен қоймалар ²	Өндіріс категориялары			Өндірістік ғимараттың техникалық қабаттары, жер асты, дәлізі	Қоғамдық, мекемелер мен ұйымдарға арналған үй-жайлар	Тұрмыстық (ванна, душ, жуынатын бөлмелер, ванналар және т.б.)	Техникалық қабат, шатыр, жер асты, дәліз (өндірістік ғимараттан басқа)	Тұрғылықты
		А, Б мен В	Г	Д					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А, В, С санаттарының қоймалары мен қоймалары және жанғыш материалдар ² , А және В санаттарындағы үй-жайлардағы ауа тығындары, сондай-ақ жарылғыш қоспалар мен жүйелерді жергілікті сору	$\frac{0,5}{0,5}$	$\frac{0,5}{0,5}$	$\frac{0,5}{0,5}$	$\frac{0,5}{0,5}$	$\frac{0,5}{0,5}$	РЕ	РЕ	0,5	РЕ
А, Б немесе В категориялары	$\frac{0,5}{0,5}$	$\frac{0,25}{0,5}$	$\frac{0,25}{0,5}$	$\frac{0,25}{0,5}$	$\frac{0,25}{0,5}$	$\frac{0,25^3}{0,5}$	$\frac{0,25}{0,5}$	$\frac{0,25}{0,5}$	РЕ
Г категория	$\frac{0,5}{0,5}$	$\frac{0,25}{0,5}$	НН	НН	$\frac{0,25}{0,5^1}$	$\frac{0,5}{0,5}$	$\frac{0,25}{0,5}$	$\frac{0,25}{0,5}$	РЕ
Д категория	$\frac{0,5}{0,5}$	$\frac{0,25}{0,5}$	НН	НН	$\frac{0,25}{0,5^1}$	$\frac{0,25}{0,5^1}$	$\frac{0,25}{0,5^1}$	$\frac{0,25}{0,5^1}$	РЕ
Өндірістік ғимараттың дәлізі	$\frac{0,5}{0,5}$	$\frac{0,25}{0,5}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	РЕ
Қоғамдық, мекемелер мен ұйымдарға арналған үй-жайлар және тұрмыстық	РЕ	$\frac{0,25^2}{0,5}$	$\frac{0,5}{0,5}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5}$	РЕ
Тұрмыстық (жуынатын бөлмелер, душ, жуу, монша және т. б.)	$\frac{0,5}{0,5}$	$\frac{0,25}{0,5}$	$\frac{0,25}{0,5}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5}$	РЕ
Дәліз (өндірістік ғимараттардан басқа)	РЕ	РЕ	РЕ	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5}$	$\frac{НН}{0,5}$
Тұрғын үй	РЕ	РЕ	РЕ	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5^1}$	$\frac{НН}{0,5}$	РЕ

¹ 0,25 сағат - III немесе IV дәрежелі отқа төзімді ғимараттарда.

² А және Б санаттарының үй жайлары арқылы төсеуге жол берілмейд.

³ А және Б санатындағы үй жайлардан ауа өткізгіштерді төсеуге жол берілмейді.

Ескертпелер

1. РЕ - транзиттік ауа өткізгіштерді төсеуге рұқсат етілмейді.

2. НН - транзиттік ауа өткізгіштердің отқа төзімділік шегі нормаланбайды.

3. Отқа төзімділіктің шекті мәндері кестеде бөлшек түрінде берілген:

алымда-қызмет көрсетілетін қабат шегінде;

бөлгіште-қызмет көрсетілетін қабаттан тыс.

4. Қоғамдық ғимараттарда қоғамдық және тұрмыстық үй-жайларды желдету жүйелерінің транзиттік ауа өткізгіштерін транзиттік ауа құбырлары өртке қарсы бөгеттерді (қалқалар мен қалқалар) кесіп өтетін жерлерде өртке қарсы клапандар орнатылған жағдайда В категориядағы қоймалар мен қоймалар арқылы төсеуге рұқсат етіледі. төбелер) қоймалар мен қоймалар үшін стандартталған отқа төзімділік шегі бар.

(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 24.10.2023 жс. №156-НҚ бұйрық)

7.10.9 Транзиттік ауа өткізгіштер және бір өрт бөлігі шегіндегі кез келген мақсаттағы жүйелердің коллекторлары:

1) отқа төзімділік шегі сағатына 0,5 жанбайтын материалдардан жасалған жеке шахтада, қапта немесе гильзадағы әр ауа өткізгішті төсеу жағдайларында отқа төзімділік шегі нормаланатыннан төмен II жанатын материалдардан;

2) отқа төзімділік шегі сағатына 0,75 қоршау конструкциялары бар жалпы шахталарда транзиттік ауа өткізгіштердің және коллекторлардың (А және Б санаттарының өндірістік үй-жайлары үшін, сондай-ақ А, Б, В санаттарының қоймаларына арналған ауа өткізгіштер мен коллекторлардан басқа) төселуі және шахтаның қоршау конструкцияларын қиып өтетін әр ауа өткізгішке отты бөгейіш клапандарын орнату жағдайларында сағатына 0,25 кемес нормаланатыннан төмен отқа төзімді шегі бар жанбайтын материалдардан;

3) отқа төзімділіктің нормаланатын шегі бар әр өртке қарсы бөгеттерді ауа өткізгіштерімен қиып өту кезінде отты бөгейіш клапандарын орнату транзиттік ауа өткізгіштерді (А, Б санаттарының үй-жайларынан және қоймаларынан, В санатының қоймаларынан, сондай-ақ тұрғын үй-жайларда) төсеу кезінде көздей отырып, отқа төзімділіктің нормаланатыннан төмен шегі бар жанбайтын материалдардан жобалануына рұқсат етіледі.

Желдету жабдығы үшін үй-жайларда төселетін ауа өткізгіштер мен коллекторлардың (транзиттіктен басқа), сондай-ақ ғимараттың сыртында төселетін ауа өткізгіштер мен коллекторлардың отқа төзімділік шегі нормаланбайды.

7.10.10 Қызмет көрсетілетін өрт бөлігінің өртке қарсы бөгетін онымен қиып өткеннен кейін қызмет көрсетілетін өрт бөлігінің шегінде төселетін транзиттік ауа өткізгіштерді сағатына 2,5 отқа төзімді шегімен жобалау керек.

Аталған транзиттік ауа өткізгіштер отқа төзімділік шегі 2,5 сағат қоршалған конструкциялары бар жеке шахтада оларды төсеу кезінде 0,5 сағаттан кем емес отқа төзімділік шегі нормаланатыннан төмен жобалауға рұқсат етіледі.

7.10.11 Әр түрлі өрт бөліктерінің кез келген мақсаттағы жүйелерінің транзиттік ауа өткізгіші және коллекторы 2,5 сағаттан кем емес отқа төзімді шегі бар жанбайтын материалдардан жасалған қоршау конструкциялары бар жалпы шахталарға төсеуге мына жағдайларда рұқсат етіледі:

1) қызмет көрсетілетін өрт бөлігі шегіндегі транзиттік ауа өткізгіштер мен коллекторлар 0,5 сағаттық отқа төзімді шегімен көзделеді, қабат бойынша тарамдар отты

бөгейіш клапандар арқылы тік коллекторларға қосылғанда;

2) басқа өрт бөлігі жүйелерінің транзиттік ауа өткізгіштері отқа төзімділік шегі 2,5 сағат болып көзделгенде;

3) басқа өрт бөлігі жүйелерінің транзиттік ауа өткізгіштері нормаланатын отқа төзімділік шегі 2,5 сағат және одан көп әр өртке қарсы бөгеттерді олармен қиып өту орындарындағы ауа өткізгіштерге отты бөгейіш клапандарды орнату жағдайларында 1 сағаттық отқа төзімді шегімен көзделеді.

7.10.12 А және Б санаттарының үй-жайлары кезіндегі тамбур-шлюздарға қызмет көрсететін жүйелердің, сондай-ақ жарылуға қауіпті қоспалардың жергілікті сорғылары жүйелерінің транзиттік ауа өткізгіштері:

1) бір өрт бөлігі шегіндегі – 0,5 сағат отқа төзімділік шегімен;

2) қызмет көрсетілетін бөлік шектерінен тыс – 2,5 сағат отқа төзімділік шегімен жобалау керек.

7.10.13 Өртке қарсы бөгеттерді қиып өтетін саңылауларды және ауа өткізгіштерді белгілейтін отты бөгейіш клапандар 12.3 тармағының талаптарын ескере отырып көзделуі керек:

- 1,5 сағ. – 2,5 сағаттық және одан көп өртке қарсы бөгеттің нормаланған отқа төзімді шегі кезінде;

- 1 сағ. – 1 сағаттық өртке қарсы бөгеттің нормаланған отқа төзімді шегі кезінде;

- 0,5 сағ. – 0,75 сағаттық өртке қарсы бөгеттің нормаланған отқа төзімді шегі кезінде;

- 0,25 сағ. – 0,25 сағаттық өртке қарсы бөгеттің нормаланған отқа төзімді шегі кезінде;

Басқа жағдайларда отты бөгейіш клапандарды олар орнатылатын ауа өткізгіш үшін нормаланатыннан кем емес, бірақ 0,25 сағаттан кем емес отқа төзімді шектерімен көзделуі керек.

7.10.14 Ауа өткізгіштерді:

1) транзиттік – баспалдақ торлары (осы баспалдақ торларына қызмет көрсететін сорып тарататын түтінге қарсы желдету жүйелерінің ауа өткізгіштерін қоспағанда) және баспана үй-жайлары арқылы;

2) А және Б санаттарының үй-жайларына қызмет көрсететін және жертөле және еден асты өңештерінің жарылуға қауіпті қоспаларының жергілікті сорғы жүйелеріне;

3) жарылуға қауіпті қоспаларының, сондай-ақ 1-ші және 2-ші сыныпты қауіпті зиянды заттардың немесе жағымсыз иістің жергілікті сорғы жүйелерінің ауа өткізгіштерінің ағынды учаскелеріне – басқа үй-жайлар арқылы төселуі керек. II сыныбының аталған ауа өткізгіштері дәнекерленген ажыратқыш қосылуларсыз төсеуге болмайды.

7.10.15 Ғимарат қабырғалары, аражабындары және аралықтары арқылы транзиттік ауа өткізгіштердің өту орны (соның ішінде қаптамалардағы және шахталардағы) 7.10.9 2), 7.10.11 1), 2), 3) тармақтарына сәйкес орындалған транзиттік ауа өткізгіштері бар шахталардың арақабырғалары (қызмет көрсетілетін бөлік шектерінде) арқылы өтетін орындарды қоспағанда, қоршалған конструкциямен кесіп өтетін нормаланған отқа төзімді шекті қамтамасыз ете отырып, жанбайтын материалдармен тығыздау керек.

7.10.16 Ауа өткізгіштердің ішінде, сондай-ақ олардың қабырғаларына 100 мм кем

емес қашықтықта сыртта жанатын заттары бар газ құбырлары мен құбырларды, кабелдерді, электр сымы мен кәріз құбырларын орналастыруға рұқсат етілмейді; сондай-ақ осы коммуникациялармен ауа өткізгіштерінің қиысуына рұқсат етілмейді. Желдету жүйелерінің ауа өткізгіштері бар шахталарда тұрмыстық және өндірістік кәріз құбырларын төсеуге рұқсат етілмейді.

7.10.17 Жалпы алмастырылатын сорып шығару жүйелерінің және ауадан жеңіл жанатын газдары бар ауа қоспасының жергілікті сорғы жүйелерінің ауа өткізгіштері газ ауа қоспасының қозғалыс бағытындағы 0,005 кем емес көтермелеуімен жобалау керек.

7.10.18 Ылғалдың немесе басқа сұйықтықтардың тұнуы немесе конденсациясы мүмкін ауа өткізгіштерді ауа қозғалысының жағына 0,005 кем емес еңіспен жобалау және дренаждау көзделуі керек.

8 АТМОСФЕРАҒА АУАНЫ ШЫҒАРУ

8.1 Ластайтын зиянды заттардан тұратын (бұдан әрі – «шаң газ ауа қоспасы») өндірістік үй-жайлардың жергілікті сорғы және жалпы алмастырылатын желдету жүйелерінен атмосфераға шығарылатын ауа, әдетте, тазалануы керек. Сонымен қатар, атмосферада зиянды заттардың қалған санын ыдырату қажет. МЕМСТ 12.1.044 сәйкес басқа шығарындылардың фондық концентрацияларын ескере отырып, осы объектінің желдеткіш шығарындыларынан атмосферадағы зиянды заттардың концентрациясынан артпауы қажет:

1) Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау жөніндегі Уәкілетті органымен бекітілген елді мекендердің атмосфералық ауасындағы зиянды заттардың шекті рұқсат етілген ең жоғарғы бір жолдық концентрациялары (бұдан әрі – ШРК_n) немесе осы объект үшін белгіленген шипажайлардың, ірі санаторийлердің, демалыс үйлерінің және қалалардың демалыс аймақтарының немесе аз көлемінің - 0,8 ШРК_n. Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау жөніндегі Уәкілетті органымен белгіленбеген зиянды заттар үшін ең жоғарғы бір жолдық концентрациясы бар ШРК_n ретінде елді мекендердің ауа атмосферасындағы зиянды заттардың орта тәулікті шекті рұқсат етілген концентрацияны қабылдау керек;

2) ауа ағыны үшін пайдаланылатын қабылдау құрылғылары, ашылатын терезелер және ойықтар арқылы кәсіпорындардың өндірістік және тұрмыстық ғимараттарына түсетін өндірістік үй-жайлардың жұмыс аймағы үшін ауадағы зиянды заттардың 0,3 шекті рұқсат етілген концентрациясы (бұдан әрі - ШРК_{w, z}).

8.2 8.1-тармақтың талаптары сақталған кезде немесе егер «Ластанудан атмосфералық ауаны қорғау» жобасының бөліміне сәйкес шығарындыларды тазалау талап етілмесе табиғи іске қосылатын жүйелерден, сондай-ақ механикалық іске қосылатын аз қуаттағы көздердің жүйелерінен шаң газ ауа қоспасының шығарындыларын тазалауды көздемеуге рұқсат етілмейді.

Апаттық желдету жүйелерінен зиянды заттарды атмосфераға ыдырату жобаның технологиялық бөлімінің деректері бойынша жобалануы керек.

8.3 Аз қуаттылықтың желдету көзі деп q_1 , q_2 және q_3 артпайтын, ал шаң үшін, сонымен қатар 100 мг/м^3 көп емес әр зиянды зат бойынша бір немесе q , мг/м^3 шартты көз

үшін концентрациясы $L \leq 10 \text{ м}^3/\text{с}$ шаң газ ауа қоспаларының жалпы шығынымен диаметрі 20 м шеңбер ауданы шектеріндегі ғимараттың жабынында орналасқан көздердің тобын алмастыратын бір көзді немесе шартты көзді есептеу керек. q_1 , q_2 және q_3 мәндері мына формулалармен анықталады:

$$q_1 = 10 \frac{H + D}{D} q_n, \quad (16)$$

$$q_2 = \frac{L_{con}}{L} q_n, \quad (17)$$

$$q_3 = 0,08 \frac{I}{D} K q_{w,z}, \quad (18)$$

мұнда H – м, жер деңгейінің үстіндегі көз аузының орналасқан биіктігі; көздер тобы үшін H биіктігі топ көздерінің барлық биіктігінен орташа арифметикаға тең шартты көздің биіктігі ретінде анықталады;

D – көз аузының диаметрі, м; көздер тобы үшін шартты көз диаметрі мынаған тең:

$$D = (D_a^2 + D_b^2 + \dots D_i^2)^{0,5}, \quad (19)$$

Егер көз аузы доңғалақ болмаса, онда D үшін мына формула бойынша анықталатын диаметрді қабылдау керек:

$$D = 1,13 A^{0,5}, \quad (20)$$

мұнда A – көз аузының көлденең қимасының алаңы, м^2 ;

L_{con} – шығарылатын зиянды заттарды сұйылту үшін атмосфералық ауаның шартты шығыны; көзден елді мекеннің шекарасына дейінгі 50, 100, 300, 500 м одан аса қашықтықта және ауаның шартты шығыны 60, 250, 2000, 6000 $\text{м}^3/\text{с}$ тең кезде;

I – бір нақты немесе шартты көз үшін шаң газ ауа шығыны, $\text{м}^3/\text{с}$

l – бір көз аузы мен қабылдау құрылғысы арасындағы м, қашықтығы, көлденең бойына сыртқы ауа үшін: $l < 10 D$ кезінде $l = 10 D$ қабылдау керек, $l > 60 D$ кезінде $l = 60 D$ қабылдау керек.

i тобы үшін l қабылдау саңылауынан шартты көз қашықтығы көздері мынаған тең:

$$l = (l_a + l_b + \dots l_i)/i, \quad (21)$$

мұнда $l_a, l_b \dots l_i$ – сыртқы ауа үшін көзделетін қабылдау құрылғысы жағына жел бағыты кезінде ағыс өсінен әр көз тобынан көлденең бойына қашықтық оның габариті бойынша кіргізіледі;

K – K қосымшасы бойынша ағықталатын ағыстағы зиянды заттардың концентрациясының азаюын сипаттайтын коэффициент;

$q_n, q_{w,z}$ – елді мекендердің ауасына және жұмыс аймағының ауасына қатысты зиянды заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясы, $\text{мг}/\text{м}^3$.

Бір затқа келтірілген q , $\text{мг}/\text{м}^3$ шартты концентрацияның іс әрекет ету жиынтығының

әсеріне ие зиянды заттардың шығындылары бар бір көз және шартты көз үшін төмендегідей анықталады:

1) мына формула бойынша q_1 және q_2 салыстыру кезінде:

$$q = q_1 + q_2 \frac{q_{n_1}}{q_{n_2}} + \dots q_i \frac{q_{n_i}}{q_{n_i}}, \quad (22)$$

2) мына формула бойынша q_3 салыстыру кезінде:

$$q = q_1 + q_2 \frac{q_{w,z_1}}{q_{w,z_2}} + \dots q_i \frac{q_{w,z_i}}{q_{w,z_i}}, \quad (23)$$

мұнда $q_1 \dots q_i$ – іс әрекет жиынтығының әсеріне ие мг/м³ зиянды заттардың концентрациясы;

$q_{n1} \dots q_{ni}$; $q_{w,z1} \dots q_{w,zi}$ - ШРК_n және ШРК_{w,z} сәйкес зиянды заттар үшін іс әрекет ету жиынтығының әсеріне ие;

$1 \dots i$ – жұмыс аймағының ауасына қатысты жиынтық әсеріне ие зиянды заттардың саны.

(16) - (19) формулаларында және q_n және $q_{w,z}$ жиынтық әсерге ие зиянды заттардың көздері үшін q , мг/м³ шартты концентрациясы анықталған заттың ШРК_n және ШРК_{w,z} тең қабылданады.

8.4 Механикалық іске асырылатын жүйелерден шаң, газ, ауа қоспаларының шығарылымдарын зонттары жоқ, құбырлар мен шахталар арқылы жүйелерден тік жоғары көзделуі керек:

1) А және Б санаттарының үй-жайларынан жалпы алмастырылатын желдетуден немесе 1-ші және 2-ші сыныпты қауіптіліктегі зиянды заттарды және жағымсыз иісі бар заттарды жоятын жүйелерден;

2) зиянды және жағымсыз иісі бар заттардың және жарылуға қауіпті қоспалардың жергілікті сорғыларынан.

8.5 Өндірістік үй-жайлардың желдету жүйелерінен атмосфераға шығарылатындарды сыртқы ауа үшін қабылдау құрылғысынан 10 м кем емес немесе 6 м қашықтықта көлденеңінен немесе көлденең орналасқан кезде тігінен 10 м кем емес қашықтықта орналасуы немесе есептелінуі керек. Сонымен қатар, зиянды заттардың жергілікті сорғы жүйелерінен зиянды заттардың шығарылуы ғимараттың жоғары бөлінгіндегі шатыр үстінен 2 м кем емес биіктікте орналастыру керек, егер оның шығып тұрған жерге дейінгі қашықтығы 10 м кем емес болмаса.

Апаттық желдету жүйесінен заттарды шығару жерден саңылаудың төменгі шетіне дейін 3 м кем емес биіктікте орналастыру керек.

8.6 l_z , м жалындаудың мүмкін көздерінің (ұшқын, жоғары температурасы бар игаздар және басқалар) жақын нүктелеріне дейін жарылуға қауіпті бу газ ауалық жергілікті сорғылар жүйелерінің шығару көздерінен қашықтығы:

$$l_z = 4D \frac{q}{q_z} \geq 10 \quad (24)$$

кем емес қабылдануы керек.

мұнда D – көз аузының диаметрі, м;

q – шығару аузындағы жанатын газдардың, булардың, шаңдардың концентрациясы, мг/м³;

q_z – жалынның таралуының төменгі концентрациялық шегіндегі олардың 10% тең, жанатын газдардың, булардың және шаңдардың концентрациясы мг/м³.

8.7 Егер құбырлардың немесе шахталардың біреуінде жанатын заттардың бөлінуі мүмкін немесе егер шығарылатын заттар араласқан кезде жарылуға қауіпті қоспалардың пайда болуы мүмкін болса, сорып шығару желдету жүйесінен шығарындылар, әдетте, жеке жобаланады,

Әр ауа өткізгіштің қосу орындарынан аузына дейін 0,5 сағат отқа төзімді шегі бар тік ажыратқыштарды көздей отырып, осындай шығарылатын заттарды бір құбырға немесе шахтаға біріктіруге рұқсат етіледі.

9 ӨРТ КЕЗІНДЕГІ ТҮТІНГЕ ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫШ

9.1 Ғимараттардың түтінге қарсы желдетуінің сору-сыртқа тарату жүйелері адамдарды көшіру үшін жеткілікті және МЕМСТ 12.1.004 бойынша әр нақты жағдайда анықталатын уақыт ішінде көшіру жолдарындағы газ тәріздес жану өнімдерін жою және температураны азайтуды, түтіндемеуді қамтамасыз ету үшін көзделеді.

Түтінге қарсы желдету жүйелерінің есебі кезінде МЕМСТ 12.1.004, ҚР ҚНЖЕ 2.02-05 талаптарын және «Өрт кезіндегі түтінге қарсы қорғаныс» нұсқаулығын басшылыққа алу керек.

Түтінге қарсы желдету жүйелері шектес өрт бөліктерінің баспалдақ торларын және лифт шахталарын қорғауға арналған ағынды түтінге қарсы желдету жүйелерінен бастап әр өрт бөлігі үшін автономды болуы қажет.

9.2 Өрт кезінде пайда болатын газ тәріздес жану өнімдерін жоюды:

*1) 28 метрден астам биіктіктегі кәсіпорындардың тұрғын, қоғамдық, өндірістік және тұрмыстық ғимараттарының дәліздерінен немесе залдарынан, 2-бөлімде келтірілген тиісті нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып, биіктігі 50 м астам көп функционалды ғимараттардың жерүсті бөлігінің барлық қабаттарынан. Ғимараттардың биіктігі (адамдарды эвакуациялауға арналған) жоғарғы техникалық қабатты (қабаттарды) есептемегенде жоспарланған жер белгісінің деңгей белгісіндегі және жоғарғы қабаттың еден деңгейі (мансардтық қабатты қоса алғанда) айырмашылығымен анықталады. Жер учаскелерінде бұрышпен орналасқан ғимараттар биіктігі жоспарланған жер белгісінің төменгі деңгейінің белгілері мен жоғарғы қабаттың еден деңгейі айырмашылығымен анықталады (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 01.08.2018 ж. №171-НҚ бұйрық*);

2) адамдардың тұрақты келуіне арналған үй-жайлардан (осы үй-жайлардағы адамдардың санынан тәуелсіз) осы дәліздерге шығу кезінде тұрғын және қоғамдық ғимараттардың, кәсіпорындардың тұрмыстық ғимараттарының, өндірістік және көп функционалды ғимараттардың сыртқы қоршауларындағы жарық ойықтары бар табиғи жарықсыз жертөле және цоколь қабаттарының дәліздерінен (тонельдерінен);

*3) ұзындығы 15 м астам дәліздерден ғимараттардың табиғи жарықтануынсыз:

- А, Б, және В1-В4 санатты өндірістік және қоймалық ғимараттар үшін екі және одан көп қабатты;

- қоғамдық және көп функционалды ғимараттар үшін алты және одан көп қабатты;
(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 23.11.2018 ж. №240-НҚ бұйрық);

4) түтіндемейтін баспалдақ торлары бар ғимараттардағы жалпы дәліздерден, вестибюлдерден, холлдардан және фойелерден;

5) анағұрлым алыс пәтерлердің есіктерінен бастап баспалдақ торына тікелей шығуға дейін немесе 12 м астам үлгісіндегі түтіндемейтін баспалдақ торының ауалық аймағына апаратын тамбурға шығуға дейінгі қашықтықтағы тұрғын ғимараттардың табиғи жарығы жоқ дәліздерінен;

6) биіктігі 28 м астам атриумдарынан, сондай-ақ биіктігі 15 м астам атриумдардан және атриумдар мен пассаждардың кеңістігіне шығатын есік ойықтары немесе балкондары бар пассаждардан;

7) емдеу мекемелерінің стационарларында ғимараттары шаммен өртенген кезде ашылатын Л2 үлгісіндегі баспалдақ торларынан;

8) табиғи жарығы жоқ немесе егер үй-жайлар IV отқа төзімділік дәрежесіндегі ғимараттардағы А, Б немесе В; Г немесе Д санаттарына жатқызылатын болса, шамдардағы (екі жағдайда өрт кезінде түтінді жою үшін жеткілікті алаңы бар) ашылатын ойықтары үшін және еденнен жоғары фрамугтан төмен және 2.2 м деңгейдегі терезелердің жоғарғы бөлігіндегі фрамугты ашу үшін механикаландырылған жіктері жоқ табиғи жарығы бар тұрақты жұмыс орындары бар әр өндірістік немесе қойма үй-жайларынан;

9) табиғи жарығы жоқ әр үй-жайдан:

- адамдардың жаппай кеуі үшін арналған қоғамдық;

- алаңы 50 м² және одан көп жанатын заттарды және материалдарды сақтау немесе пайдалану үшін арналған тұрақты жұмыс орындары бар;

- ҚР ҚН 3.02-22 сәйкес сауда залдарынан;

- алаңы 200 м² және одан көп гардероб ү-жайынан көзделуі керек.

Өндірістік В санаттарының немесе жанатын заттарды және материалдарды сақтау немесе пайдалану үшін арналған алаңы 200 м² және одан көп үй-жайлардан жанасатын дәліз арқылы газ тәрізді жану өнімдерін жоюды жобалауға рұқсат етіледі.

Осы тармақтың талаптары:

1) А немесе Б санатының үй-жайларынан басқа автоматты су немесе көбікпен өртті сөндіру қондырғыларымен жабдықталған 200 м² кем емес алаңы бар үй-жайға;

2) автоматты газ өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталған үй-жайларға;

3) алаңы 36 м² және одан аз санаттағы зертханалық үй-жайға;

4) егер осы дәлізге немесе холлға шығатын есіктері бар барлық үй-жайлар үшін түтінді тікелей жою жобаланса дәліздерге және холлдарға қолданылмайды.

Ескертпе – Егер газ тәріздес жану өнімін жою көзделген негізгі үй-жай алаңына әр қайсысының алаңы 50 м² және одан аз басқа үй-жайлар орналасқан болса, онда осы үй-жайлардан түтінді жеке жою осы үй-жайлардың жиынтық алаңын ескере отырып, түтін шығынының есебі кезінде көзделуіне рұқсат етіледі.

9.3 Сорып шығару түтінге қарсы желдетумен жойылатын газ тәрізді жану

өнімдерінің шығыны үлестік өрт жүктемесін, газ тәріздес жану өнімдерін жоятын температурасын, сыртқы ауа параметрлерін, элементтердің көлемді-жоспарлау геометриялық сипаттамаларын және ойықтардың:

- 1) ұзындығы 30 м көп емес әр дәлізі үшін 9.2 1), 2), 3), 4), 5) т. бойынша дәліздерде;
- 2) алаңы 1600 м² көп емес әр түтін аймағы үшін 9.2 6), 7), 8), 9) т. бойынша үй-жайларда орындарын ескере отырып, өрт кезінде түтінге қарсы қорғаныс бойынша ұсынымдарына сәйкес есеп бойынша анықталуы керек.

9.4 Жойылатын газ тәріздес жану өнімдерінің шығынын анықтау кезінде мыналарды ескеру керек:

- 1) 7.10.7 т. сәйкес түтін шахталарының, өңештерінің және ауа өткізгіштерінің тығыз емес жерлерінен G_v , кг/сағ ауаны соруды;
- 2) дайындаушылардың деректері бойынша жабық түтін клапандарының тығыз емес жерлерінен кг/ч сағ ауаны соруды, бірақ мына формуладан кем емес:

$$G_v = 40,3(A_v \Delta P)^{0,5} n, \quad (25)$$

мұнда A_v — клапанның өту қимасының алаңы, м²;

ΔP — клапанның екі жағы бойынша Па қысымының әр түрлілігі;

n — өрт кезіндегі жүйедегі жабық клапандардың саны.

9.5 9.2 т. сәйкес 4) және 5) атап шыққанда үй-жайлардан тікелей жойылатын түтін шығыны есеп бойынша немесе И-қосымшасына сәйкес анықталуы керек.

- а) G , кг/сағ өрт ошағының периметрі бойынша;
- б) G_1 , кг/сағ оларды шегінен тыс түтіннің кіруінен эвакуациялық шығу есіктерін қорғау шарттарынан.

1 Ескертпе - 9.6 т. сәйкес, б) аталған түтін шығынын анықтау кезінде жел жылдамдығын E қосымшасы бойынша қабылдау керек, бірақ 5 м/с көп емес.

2 Ескертпе - 9.2 т. сәйкес д) аталған оқшауланған үй-жайлары үшін дәліздер арқылы түтінді жоюға рұқсат етіледі, есептік үшін 9.3 немесе 9.6 тармақтарының талаптарына сәйкес анықталатын үлкен түтін шығыны қабылданады.

9.6 Алаңы 1600 м² аса үй-жайларды олардың бірінде өрттің болуын ескере отырып, түтін аймақтарына бөлу қажет. Әр түтін аймағын, әдетте, төбе астынан (аражабын) «түтін резервуарларын» құрайтын, бірақ одан 2,5 м төмен емес төбеден (аражабын) еденге түсетін жанбайтын материалдардан тығыз тік бүркемелермен қоршалуы керек.

Бүркемелермен қоршалған немесе қоршалмаған түтін аймақтары мүмкін өрт ошақтарын ескере отырып көзделуі керек.

Түтін аймағының алаңы 1600 м² аспауы қажет.

9.7 Үй-жай түтінмен толған немесе түтін резервуарының t , с, уақыты мына формуламен анықталады:

$$t = 6,39 A (U^{0,5} - H^{0,5}) / P_f, \quad (26)$$

мұнда A - үй-жай алаңы немесе түтін резервуары, м²;

U - 2,5 м, үй-жайлар үшін қабылданатын еденге дейінгі түтіндеген аймақтың төменгі

шекарасынан немесе еденге дейін түтін резервуарын құрайтын бүркемелердің төменгі шетінен m , қашықтық;

H - үй-жайдың биіктігі, m ;

P_f - есеп немесе II қосымшасы бойынша анықталатын өрт ошағының периметрі.

9.8 Клапандардағы, шахталардағы және ауа өткізгіштердегі түтін қозғалысының жылдамдығы, m/s , мына есеп бойынша қабылдануы керек.

Орташа үлестік салмақ γ , H/m^3 , және көлемі $10\,000\,m^3$ және одан аз үй-жайлардан түтінді жою кезінде t , $^{\circ}C$ түтін температурасы:

- сұйықтықтар мен газдар жанған кезде - $\gamma = 4$, $t = 600$;

- қатты денелер жанған кезде - $\gamma = 5$, $t = 450$;

- талшықты заттар жанған кезде және дәліздер мен холлдардан түтін жойылған кезде - $\gamma = 6$, $t = 300$ қабылдануы керек.

Көлемі $10000\,m^3$ көп үй-жайдан оны жою кезінде γ_m орташа үлесті түтін салмағын мына формула бойынша анықтау керек:

$$\gamma_m = \gamma + 0,05(V_p - 10), \quad (27)$$

мұнда V_p — үй-жайдың көлемі, мың m^3 .

9.9 Дәліздерді қорғауға арналған сорып шығаратын түтінге қарсы желдету жүйелері үй-жайларды қорғау үшін арналған жүйелерден жеке жобалау керек.

9.10 Газ тәріздес жану өнімдерін жою кезінде түтінді қабылдау құрылғылары дәліз немесе холл төбесі астындағы шахталарда орналастыру керек. Түтін шахталарына баратын тарамдарда түтінді қабылдау құрылғыларын қосуға рұқсат етіледі. Бір түтін қабылдау құрылғысымен қызмет көрсетілетін дәліздің ұзындығы $30\,m$ көп емес қабылданады. Түтін қақпағы іс әрекетінің радиусы – $15\,m$; бір жаққа $20\,m$ қабылдауға рұқсат етіледі.

9.11 Алаңы $1600\,m^2$ көп үй-жайлардан тікелей газ тәріздес жану өнімдерін жою кезінде оларды әр қайсысының алаңы $1600\,m^2$ көп емес түтін аймақтарына бөлу, сондай-ақ аймақтардың бірінде өрттің пайда болу мүмкіндігін ескеру қажет. Бір түтінді қабылдау құрылғысымен қызмет көрсетілетін үй-жай алаңын $900\,m^2$ көп емес қабылдау керек.

9.12 Бір қабатты ғимараттардың үй-жайларынан тікелей газ тәріздес жану өнімдерін жою, әдетте, түтін клапандары бар шахталар, түтін люктары немесе ашылатын үрленбейтін шамдар арқылы табиғи іске қосылатын сорып шығаратын жүйелермен көзделуі керек.

Ені $\leq 15\,m$ терезе аймағына жанасудан еденнен $2,2\,m$ кем емес деңгейде олардан төмен тұрған терезе фрамуттары (жарма) арқылы түтінді жоюға рұқсат етіледі. Көп қабатты ғимараттарда механикалық іске қосылатын сорып шығару жүйелері көзделуі керек.

9.13 Сорып шығару түтінге қарсы желдету жүйелері үшін:

1) көшетін газдардың есептік температурасына байланысты және қызмет көрсетілетін үй-жайлардың тиісті санатында орындалған желдеткіштер (соның ішінде радиалды шатырлы желдеткіштер);

2) ҚР ҚНЖЕ 2.02-05 және МЕМСТ 30247 сәйкес отқа төзімділік шектері бар П сыныбының жанбайтын материалдарынан жасалған 7.10.3 сәйкес ауа өткізгіштер және өңештер:

- 2,5 сағаттан кем емес – қызмет көрсетілетін өрт бөлігі шегінен тыс транзиттік ауа өткізгіштер мен шахталар үшін; бұл ретте, өрт бөліктерінің өртке қарсы бөгеттерін кесіп өтетін ауа өткізгіштері мен шахталардың транзиттік учаскелерінде отты бөгегіш клапандарды орнатудың керегі жоқ;

- 0,75 сағаттан кем емес – қызмет көрсетілетін үй-жайлардан тікелей газ тәріздес жану өнімдерін жою кезінде қызмет көрсетілетін өрт бөлігі шектерінде тік ауа өткізгіштер мен шахталар үшін;

- 0,5 сағаттан кем емес – басқа жағдайларда қызмет көрсетілетін өрт бөлігі шектерінде;

3) отқа төзімді шектерімен автоматты және қашықтықта басқару жетектері бар (термоэлементтерінсіз) түтін клапандары:

- 0,75 сағаттан кем емес – тікелей қызмет көрсетілетін үй-жайлар үшін;

- 0,5 сағаттан кем емес – түтін сорып шығару шахталарынан ауа өткізгіштердің тарамдарындағы түтін клапандарын орнату кезінде дәліздер және холлдар үшін;

- 0,5 сағаттан кем емес – тікелей шахта ойықтарындағы түтін клапандарын орнату кезінде дәліздер және холлдар үшін;

- бір үй-жайға қызмет көрсететін жүйелер үшін нормаланбайтын отқа төзімді шегі бар түтін клапандарын қолдануға рұқсат етіледі (А, Б, В санаттарының үй-жайларынан басқа);

4) газ тәріздес жану өнімдерінің шығарылуы, әдетте, ғимараттар мен құрылыстардың төбесі үстінен сорып шығару түтінге қарсы желдету жүйелерінің ауа жинаушы құрылғыларынан 5 м кем емес қашықтықта болуы керек; атмосфераға шығару жанатын материалдардан жасалған шатырдан 2 м кем емес биіктікте көзделуі керек; газ тәріздес жану өнімдерін саңылауының шетінен 2 м кем емес қашықтықта жанбайтын материалдармен шатырды қорғау кезінде аз биіктікте шығаруға рұқсат етіледі. Газ тәріздес жану өнімдерін:

- желдің есептік жылдамдығы 11 м/с дейін және қар жүктемесі 60 кг/м^2 дейінгі аудандарда өрт кезінде ашылатын люктармен қамтамасыз етілетін автоматты және қашықтықта басқарылатын жіктермен жабдықталған ғимараттардың жабындарының ойықтарындағы түтін люктары арқылы;

- терезелері бар сыртқы қабырғалардан немесе желдету жүйелерінің ауа жинағыш немесе шығару құрылғыларынан 15 м кем емес қашықтықтағы жеке шахталар арқылы шығаруға рұқсат етіледі.

5) Желдеткіштердің жанындағы кері клапандарды орнату көзделуі керек. Егер қызмет көрсетілетін өндірістік үй-жайда 23 Вт/м^3 көп жылу артылатын болса (өту жағдайларында), кері клапандарды орнатуға рұқсат етілмейді.

Төменде орналасқан қабаттар мен жертөлелерден түтінді бөліп алып кететін

шахталардан газ тәріздес жану өнімдерін шығару балқытатын, құятын, илейтін және басқа ыстық цехтардың ауа жіберетін аралықтарында рұқсат етіледі. Бұл ретте, шахталардың аузында ауа жіберілетін аралық еденінен 6 м кем емес деңгейде (ғимараттың құрылыс конструкцияларынан тігінен 3 м кем емес және көлденең бойына 1 м қашықтықта) немесе түтін шахталарының аузын дренажлік суландыруды орнату кезінде 3 м кем емес деңгейде орналастыру керек. Осы шахталардағы түтін клапандарды орнатудың керегі жоқ.

9.14 Газ тәріздес жану өнімдерін жою үшін желдеткіштерді жылдың жылы кезеңінде (Б параметрлері) 60°C аспайтын немесе желдеткіштерді дайындаушылардың техникалық деректеріне сәйкес келетін өрт кезінде ауа температурасын қамтамасыз ететін желдетуді көздей отырып 1-ші үлгідегі өртке қарсы аражабындармен қоршалған жеке үй-жайларда орналастыру керек.

Түтінге қарсы сорып шығару жүйелерінің желдеткіштері бөгде тұлғалардың кіруінен қорғау үшін қоршалған ғимараттың шатырына және сыртынан (минус 40°C және Б параметрлерінен төмен сыртқы ауаның есептік температурасы бар аудандардан басқа) орналастыруға рұқсат етіледі. Желдеткіштер мен өңештердің отқа төзімді сәйкес келетін шектерді қамтамасыз еткен жағдайда тікелей өңештерде желдеткіштерді орнатуға рұқсат етіледі.

9.15 Газды және ұнтақты өрт сөндіру құрылғыларымен қорғалатын үй-жайлардағы өрттен кейін газдарды және түтінді жою ағынды ауамен жойылатын газдардың және түтіннің көлемін өтей отырып, үй-жайлардың төменгі және жоғарғы аймақтарынан механикалық іске қосылатын жүйелермен көзделуі керек. Газ немесе ұнтақпен өрт сөндірудің автоматты құрылғысы әрекет еткеннен кейін газдарды және түтінді жою үшін негізгі және апаттық желдету жүйелерін немесе жылжымалы желдету құрылғыларын пайдалануға рұқсат етіледі.

Газ және ұнтақ өрт сөндіру қондырғыларымен қорғалатын үй-жайлардың қоршауларымен ауа өткізгіштердің (транзиттіктен басқа) қиысу орындарында 0,25 сағат кем емес отқа төзімді шегі бар отты бөгейіш клапандары:

- қалыпты ашық – қорғалатын үй-жайдың сорып тарататын және сорып шығаратын жүйелерінде;
- қалыпты жабық – өрттен кейін түтінді және газды жорю үшін жүйелердегі;
- қос әрекетті - өрттен кейін түтінді және газды жорю үшін пайдаланылатын қорғалатын үй-жайлардағы негізгі желдету жүйелерінде;

9.16 Өрт кезінде сорып тарататын түтінге қарсы желдетумен сыртқы ауаны беруді ҚР ҚНЖЕ 2.02-05 талаптарын ескере отырып:

- 1) түтіндемейтін баспалдақ торлары бар ғимараттардағы лифт шахталарында (өрт кезінде ауа тіреулері бар тамбур-шлюздердің олардан шығу есігінің жанында болмауы);
- 2) «өрт бөлімшелерін тасымалдау» режимі бар лифт шахтылары;
- 3) Н2 үлгісіндегі түтіндемейтін баспалдақ торларында;
- 4) Н3 үлгісіндегі түтіндемейтін баспалдақ торлары кезіндегі тамбур-шлюздерде;
- 5) жертөле және цоколь қабаттарындағы лифтілердің алдындағы тамбур-шлюздерде (соның ішінде екі дәйектілікте орналасқан);
- 6) үй-жайларында жанатын заттар мен материалдар қолданылатын немесе сақталатын жертөле (немесе цоколь) қабатынан үй-жайдың бірінші қабатына апаратын 2-

ші үлгідегі баспалдақтардағы тамбур-шлюзде көзделуі керек. Балқытылатын, құятын, илейтін және басқа жанатын цехтардағы тамбур-шлюзде ғимараттың ауа жіберілетін аралықтарынан алынатын ауаны беруге рұқсат етіледі;

7) жертөле қабаттарының деңгейлері бар атриум және пассаж шығатын жерде және 9.2-6) т. бойынша атриум және пассаж бөлігінің төмен жағындағы тамбур-шлюзде;

8) өрт кезінде ауаның артық қысымы ұсталатын лифт шахталарынан басқа А және Б санаттарының ғимараттарындағы лифтардың машина үй-жайларында көзделуі керек:

9.17 Сорып тарататын түтінге қарсы желдету үшін сыртқы ауа шығыны 20 Па кем емес артық қысымды:

1) лифт шахталарында – жабық есіктерде барлық қабаттарда (негізгі отырғызатын қабатта);

2) барлық қабаттарда дәліздерден және холлдардан шығатын жабық есіктер кезінде ғимараттан сыртқа шығатын баспалдақ торына, өрт болып жатқан қабаттағы дәліздерден және холлдардан шығатын көшу жолындағы ашық есіктер кезіндегі Н2 үлгісіндегі түтіндемейтін баспалдақ торларына;

3) жер асты автотұрақтарының лифт холлдары алдында жертөле қабаттарының деңгейлері бар атриумдардың шығуларында 2-ші үлгідегі баспалдаққа және Н3 үлгісіндегі түтіндемейтін баспалдақ торларындағы шығу кезіндегі өрт қабатындағы тамбур-шлюзде – тамбур-шлюздің бір ашық есігі кезінде, басқа тамбур-шлюздерде – жабық есіктер кезінде қамтамасыз етуге есептелінген.

Бір ашық есігі бар тамбур-шлюздерге берілетін ауа шығыны ашық есік ойығы арқылы ауаның бітуінің орташа жылдамдығын (бірақ 1,3 м/с кем емес) қамтамасыз ету шарты бойынша есепті және сорып шығаратын түтінге қарсы желдетудің ортақ әрекетін ескере отырып анықтау керек. Жабық есіктерде тамбур-шлюздерге берілетін ауа шығынын есіктер жабулығының тығыз емес жерлерінен ауаның шығуына есептелінуі керек.

Артық қысымның көлемі қорғалатын үй-жайлардың шектес үй-жайларына қатысты анықтау керек.

9.18 Сорып тарататын түтінге қарсы желдету параметрлерін есептеу кезінде:

1) жылдың суық кезеңі үшін (Б параметрлері) сыртқы ауа температурасы және желдің жылдамдығына;

2) 20 Па кем емес - 150 Па көп емес ауаның артық қысымы – лифт шахталарындағы, Н2 үлгісіндегі түтіндемейтін баспалдақ торларындағы, шектес үй-жайларға қатысты (дәліздерге, холлдарға) Н3 үлгісіндегі түтіндемейтін баспалдақ торының тамбур-шлюздерінде;

3) екі жақты есіктердің бір үлкен ашылатын алаңына;

4) негізгі отырғызатылатын қабатта тоқтатылған лифтердің кабиналары, осы қабаттағы лифт шахтасының есіктері – ашық болып қабылдануы керек.

9.19 Сорып тарататын түтінге қарсы қорғаныс жүйелері үшін:

1) 1-ші үлгідегі өртке қарсы арааралықпен қоршалған басқа мақсаттағы үй-жайлардың желдеткіштерінен жеке желдеткіштерді орнату көзделуі керек. Бөгде тұлғалардың кіруінен қорғалатын қоршаулары бар минус 40°C және одан төмен сыртқы ауа температурасы бар аудандардан басқа, желдеткіштерді ғимараттардың шатырында және сыртында орналастыруға рұқсат етіледі.

2) отқа төзімділік шектері II сыныбының жанбайтын материалдарынан жасалған 7.10.3 т. сәйкес ауа өткізгіштер және өңештері:

- 2,5 сағаттан кем емес – қызмет көрсетілетін өрт бөлігі шектеріндегі ауа жинағыш шахталарын және ағынды өңештерді төсеу кезінде;

- 0,5 сағаттан кем емес - қызмет көрсетілетін өрт бөлігі шектеріндегі ауа жинағыш шахталарын және ағынды өңештерді төсеу кезінде;

3) желдеткіштердің кері қақпасын орнатуды;

4) түтінге қарсы сорып шығару желдету жүйелерінің газ тәріздес өнімдерін шығаратын жерден 5 м кем емес қашықтықта орналасатын сыртқы ауа үшін қабылдау саңылаулары;

5) отқа төзімді шектері бар өртке қарсы қалыпты жабық клапандар:

- 2 сағ. - 9.17 2) тармағы бойынша жүйелер үшін;

- 0,5 сағ. - для систем по п. 9.17 1), 3), 4), 5), 6), 7) т. бойынша жүйелер үшін көзделуі керек.

Өртке қарсы клапандар балқытылатын, құйылатын, илейтін және басқа ыстық цехтарда орнату керек.

10 ІШКІ СУЫҚПЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІ

10.1 Ауаны және суды салқындату үшін табиғи және жасанды көздерді суықпен жабдықтау жүйесі, нормаланатын метрологиялық жағдайларда тура немесе жанама буландырып суыту құрылғыларымен қамтамасыз етіле алмаса ғана жобалау керек.

10.2 Суықпен жабдықтау жүйесі, әдетте, машиналардың екі немесе одан көп санынан немесе суыту қондырғысынан жобалау керек; реттейтін қуаты бар бір суыту қондырғысын немесе бір машинаны жобалауға рұқсат етіледі.

Өндірістік үй-жайлардың ауа баптау жүйелерін суықпен жабдықтау үшін машиналар саны үлкен қуаттылығы бар бір машинаның қатардан шығуы кезінде параметрлердің рұқсат етілген ауытқуларын негіздеу керек.

10.3 Резервтік тоңазытқыш машиналары тәулік бойы жұмыс істейтін ауа баптау жүйелері үшін, сондай-ақ технологиялық талаптар және жобалауға арналған тапсырма бойынша көзделуіне рұқсат етіледі.

10.4 Суықпен жабдықтау жүйелерінің жабдығындағы және құбырларындағы суықтың жоғалуы есеп бойынша анықталуы, бірақ тоңазытқыш қондырғысының 10% көп емес қуаттылығы бойынша қабылдануы керек.

10.5 Хладондарды жабық буландыратын суықпен жабдықтаудың бір контурлы су (тұздалған) жүйесі бойынша біріктірілген үстіртін ауа салқындатқыш (хладондарды буландырғыштар) және байланысты ауа салқындатқыштар, сондай-ақ әр түрлі үлгідегі және реттелетін суық көлемі бар автономды моноблокты ауа баптағыштарды:

- 1) ашық от пайдаланылмайтын үй-жайлар үшін;
- 2) 7.4.7 т. бойынша үй-жайлардан басқа ауаны қайта циркуляциялауға рұқсат етілмейтін үй-жайлар үшін;
- 3) бір суық машина хладонының циркуляциясының автономды контурында буландырғыштар енгізілсе;
- 4) қызмет көрсетілетіннен аз циркуляция контурынан оны апаттық шығару кезінде хладон салмағы жалпы алмастырылатын сору-тарату желдету жоқ болған кезде үй-жайға немесе үй-жай көлемі 1 м^3 берілетін сыртқы ауа шығыны 1 м^3 -ге 310 г рұқсат етілген апаттық концентрация (РАК) артпаса. РАК мәні гигиеналық сертификат болған жағдайда хладонды өндірушінің деректері бойынша қабылдауға рұқсат етіледі.

10.6 Суықпен жабдықтаудың су (тұзды) жүйелері техника-экономикалық негіздеме кезінде аккумулятор багімен жобалау керек.

10.7 Судың температурасы және сапасы, тоңазыту қондырғыларының суытатын аппараттары машиналарға арналған техникалық шарттарға сәйкес қабылдау керек.

10.8 Суды суытатын қапқұбырлы буландырғыштардағы хладагентті қыздыру температурасын (агенттің құбыр аралық қайнауы) плюс 2°C төмен емес, басқа буландырғыштар үшін - минус 2°C төмен емес қабылдау керек.

10.9 Егер олардың аражабыны немесе едені астында адамдардың жаппай тұрақты немесе уақытша келетін (апаттық жағдайлардан басқа) үй-жайлары болса, кез келген тоңазытқыш машиналарда 250 кг және одан көп май болған кезде хладагенттік хладоны бар компрессиондық үлгідегі тоңазытқыш қондырғыларды өндірістік, қоғамдық және кәсіпорындардың тұрмыстық ғимараттарында орналастыруға рұқсат етіледі.

Тұрғын ғимараттарда, емдеу-алдын алу мекемелерінде (стационарларда), қарттар мен мүгедектерге арналған интернаттарда, балалар мекемелеріне 200 кВт көп емес суық бойынша жабдық бір бірлігінің өнімділігінің хладагенттік хладоны бар тоңазытқыш қондырғыларды орналастыруға рұқсат етіледі, егер олардың аралықтары немесе еден астында адамдардың жаппай тұрақты немесе уақытша келуіне үй-жайлар болмаса. Шудан және дірілден қорғау жағдайлары кезінде жоғарыда көрсетілген ғимараттардың шатырында суық бойынша көрсетілген өнімділіктің тоңазытқыш машиналарын орналастыруға рұқсат етіледі.

Автономды моноблокты ауа баптағыштар, сондай-ақ бөлек үлгідегі ауа баптағыштарды 7.4.7 т. бойынша үй-жайларды қоспағанда қайта циркуляциялауға рұқсат етілмейтін үй-жайлардан басқа ғимараттарда және әр түрлі мақсаттағы үй-жайларда орналастыруға рұқсат етіледі.

Суық бойынша 20 кВт дейін қуаттылықтағы бөлек үлгідегі ауа баптағыштардың сыртқы блоктары шыныланбаған лоджияларда, ашық баспалдақ торларында, жабық өткелдерде орналастыруға рұқсат етіледі. Бұл ретте, шудан қорғау, сондай-ақ конденсатты бұру қамтамасыз етілуі қажет.

10.10 Хладагент аммиагы бар тоңазытқыш қондырғыларды жеке ғимараттарды, бір қабатты өндірістік ғимараттардың жапсаржайларында немесе жеке үй-жайларында қондырғыларды орната отырып, өндірістік үй-жайларды суықпен жабдықтау үшін қолдануға рұқсат етіледі. Конденсаторлар мен буландырғыштарды ғимараттың қабырғасынан 2 м кем емес қашықтықта ашық алаңдарда орналастыруға рұқсат етіледі. Хладагент аммиагы бар үстіртін ауаны салқындатқыштарды қолдануға рұқсат етілмейді.

10.11 Бу-эжекторлық тоңазыту машиналарды ашық алаңдарда немесе өндірістік ғимараттарда орналастыру керек.

10.12 Бромды-литий тоңазытқыш машиналары ашық алаңдарда орналасуы керек. Бромды-литий машиналарын әр түрлі мақсаттағы ғимараттардың жеке үй-жайларында орналастыруға рұқсат етіледі.

10.13 Компрессорлық және абсорбциондық тоңазыту машиналары техника-экономикалық негіздеме немесе жобалауға арналған тапсырма бойынша жылу сорғысының циклі бойынша жұмыс істеу үшін қабылдануы керек.

10.14 Бромды-литий және бу-эжекторлық тоңазытқыш машиналары және хладагенттік хладоны бар жылу сорғылары орналастырылған үй-жайды Д санатына, ал хладагенттік аммиагы бар болса – Б санатына жатқызу керек. Майды сақтау жеке үй-жайда көзделуі керек.

10.15 Хладон үшін сақтандырғыш клапандардан жасалған пайдаланылған газ шығатын құбырлардың аузы терезелер мен есіктерден және ауа қабылдау саңылауларынан жоғары 2 м кем емес және жер деңгейінен жоғары 5 м кем емес көзделуі керек. Пайдаланылған газ шығаратын хладагентті жоғары қарай бағыттау керек.

Аммиак үшін пайдаланылған газ шығаратын құбырлардың аузы 50 м радиуста орналасқан анағұрлым биік ғимараттың шатырынан жоғары 3 м кем емес биіктікке шығару керек.

10.16 Тоңазытқыш қондырғылардың үй-жайында артық жылуды жоюға есептелінген жалпы алмастырылатын желдету көзделуі керек.

Бұл ретте, механикалық іске қосылатын:

- 1) хладондарды қолданған кезде 1 сағ. 3 ауа алмасудан кем емес, ал апат жағдайында 1 сағ. 5 ауа алмасудан кем емес;
- 2) аммиакты қолданған кезде 4 ауа алмасудан, ал апат кезінде 1 сағ. – 11 реттік ауа алмасудан кем емес қамтамасыз етілетін сорып шығару желдету жүйесі көзделуі керек.

11 ЖЫЛЫТУ, ЖЕЛДЕТУ ЖӘНЕ АУА БАПТАУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

11.1 Ғимараттың энергия тиімділігі ғимараттағы жылыту, желдету, ауа баптау, жылу және суықпен жабдықтау, ыстық сумен жабдықтау және басқа жүйелермен (бұдан әрі – климатизация жүйелері) жылу және электр энергиясының жылдық үлестік шығынымен сипатталады.

Жылу немесе электр энергиясының жылдық үлестік шығыны тұрғын ғимарат пәтерінің 1 м² алаңына немесе қоғамдық және өндірістік ғимараттың пайдалы алаңына жатқызылған бір жыл ішіндегі жылыту, желдету, ауа баптау, жылумен, суықпен жабдықтау және ыстық сумен жабдықтау жүйелерімен жылу немесе электр энергиясын тұтыну санымен анықталады (Д қосымшасы).

11.2 Ауа баптаусыз тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттардың энергия тиімділігі жылдық үлестік шығын бойынша бағаланады (нақты құрылыс орны үшін жылыту кезеңінің градус сағатқа жатқызылған жылу энергиясының жылдық шығыны). Жылу энергиясының жылдық үлестік шығыны жылытуға және желдетуге жылу энергиясының нормаланатын үлесті шығынынан аз болуы қажет; тұрғын және қоғамдық ғимараттар үшін жылу энергиясының нормаланатын жылдық үлестік шығынын 2.04-03 ҚР ҚН бойынша қабылдауға рұқсат етіледі.

11.3 Ауа баптағыштары бар тұрғын ғимараттар, қоғамдық және өндірістік ғимараттар үшін жылу энергиясының шығынын ескере отырып және нақты құрылыс орны үшін жұмыс кезеңінің градус сағатына жатқызылған климатизация жүйелеріне жылу және электр энергиясының жылдық үлестік шығыны ұқсас климатизация жүйесінің жылу және электр энергиясының жылдық үлестік шығынынан аз болуы қажет.

11.4 Ғимараттардың энергия тиімділігі оңтайлы сәулет шешімдерінің, ғимараттардың жылуды қорғау деңгейінің экономикалық негізделіп артуы және энергиялық тиімді терезе конструкцияларын қолдану, суық көпірлерін алып тастау, жылытудың тиімді жүйелерін пайдалану, жылумен жабдықтау және ауа алмастыруды басқарудың оңтайлы жүйелерін қолдану, жылумен жабдықтау және ыстық сумен жабдықтау жүйелеріндегі энергияның, жылудың екінші энергетикалық ресурстарының және басқаларының дәстүрлі емес жаңартылған көздерін пайдалану есебінен қамтамасыз ету керек.

11.5 Екінші және қайта жаңартылатын энергия көздерін пайдалану

11.5.1 Жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерінде негізделген кезде:

- қайта жаңартылатын энергия көздерін (ҚЖЭК) пайдалану;

- жылу мен суық аккумуляторларының құрылғысы;
- екінші энергия ресурстарының (ЕЭР) жылуын пайдалану құрылғысы көзделуі керек.

11.5.2 Жылыту, желдету және ауа баптау үшін ЕЭР және ҚЖЭК пайдалану орындылығы, жылу шығару қондырғыларының схемаларын таңдау ЕЭР және ҚЖЭК түсуінің әркелкілігін ескере отырып, техника-экономикалық есеппен негізделуі қажет.

11.5.3 ЕЭР жылуын (суықты) пайдалану кезінде ағынды ауадағы зиянды заттардың концентрациясы 6.14 т. көрсетілгеннен артпауы қажет.

11.5.4 Ауа өткізгіштерді қосу орындарында ауа-әуелік және газ ауалық жылу пайдаланғыштарында жойылатын ауа немесе газ қысымынан көп ағынды ауа қысымын қамтамасыз ету керек. Бұл ретте, қысымдардың ең жоғарғы әр түрлілігі техникалық шарттар бойынша рұқсат етілген жылуды пайдаланғыш жабдықтың көлемінен артпауы қажет.

Ауа-әуелік және газ ауалық жылу пайдаланғыштарында аппараттың конструктивтік ерекшеліктері есебінен зиянды заттардың ауысуын ескеру қажет.

11.5.5 Ауа-әуелік жылу пайдаланғыштарында (сондай-ақ жылу құбырларының базасындағы жылу пайдаланғыштарында) ағынды ауаны қыздыру үшін:

1) А және Б санаттарының үй-жайларынан ауаны пайдалану керек; жарылудан қорғалған орындаудағы жүйелердің жабдықтарын қолдану кезінде осы үй-жайлардың ауасын қыздыру үшін А және Б санаттарының үй-жайларынан ауаны пайдалануға рұқсат етіледі;

2) 1-ші сынып қауіптілігінің зиянды заттарынан тұратын жарылуға қауіпті қоспалардың немесе ауаның жергілікті сорғы жүйелерінен ауаны пайдаланбау керек; олар шаңнан тазартылғаннан кейін жарылу қаупі жоқ шаң ауалық қоспалардың жергілікті сорғы жүйелерінен ауаны пайдалануға рұқсат етіледі;

3) 1-ші және 2-ші сыныпты қауіптіліктегі зиянды заттарды тұндыратын жағымсыз иістері бар жылу алмасу бетінде конденсиялайтын ауаны регенерациялық жылу пайдаланғыштарында, сондай-ақ жылу құбырларының базасындағы жылу пайдаланғыштарда жағымсыз иістері бар жылу алмасу бетінде;

4) Қазақстан Республикасы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау бойынша уәкілетті органмен бекітілген қауіпті концентрациядағы ауру тудыратын бактериялар, вирустар, грибоктардан тұратын ауаны пайдаланбау керек.

11.5.6 Ағынды ауаны қыздыру (суыту) үшін жылу пайдаланғыштарда бақылау органдармен келісілген герметикаланған құбырлардағы және жылу алмасулардағы аралық жылу тасымалдағыш ретінде қолданылатын зиянды және жанатын сұйықтықтар мен газдардың жылуын пайдалануға рұқсат етіледі; келісу болмаған жағдайда 1-ші, 2-ші және 3-ші сыныпты қауіпті зиянды заттардан тұрмайтын немесе үй-жайға заттар апаттық бөліну кезінде ШРК артып кетуі мүмкін олардың концентрациясынан тұратын жылу тасымалдағышы бар қосымша контурды пайдалану керек.

11.5.7 Ағынды ауаны қыздыру үшін байланыс жылу пайдаланғыштарында (суландыру камераларында және т.б.) жылуды пайдаланғыштарда сапалы ас суын немесе зиянды заттары жоқ су ерітінділерін пайдалану керек.

11.5.8 Тұндырылатын шаңдар мен аэрозольдардан тұратын желдету ауасының жылуын (суығын) пайдалану кезінде жылу пайдаланғыш жабдығында техникалық шарттар бойынша рұқсат етілген концентрацияға дейін ауаны тазалау, сондай-ақ жылу

алмасулардың үстінгі бетін ластанудан тазарту керек.

11.5.9 ЕЭР жылуды пайдалану жүйелерінде жылу пайдаланғыштарының жылуды алмастыру бетінде қатып қалу және мұздардың пайда болуынан аралық жылу тасымалдағышты қорғау бойынша іс-шаралар көзделуі керек.

11.5.10 Ғимараттар мен құрылыстардың жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерін жобалау кезінде МЕЖ 2.04-101 сәйкес жылу энергетикалық паспортты құрау керек.

12 ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ АВТОМАТТАУ

12.1 Жылыту, желдету ауа баптау және түтінге қарсы желдету жүйелерінің электр қондырғылары Қазақстан Республикасының электр қондырғыларын орнату қағидаларының (ЭОҚ) талаптарына және осы бөлімнің талаптарын ескере отырып, ғимараттардың электрқондырғыларының стандарттарына жауап беру қажет.

Жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерінің электр қабылдағыштары ғимараттың технологиялық немесе инженерлік жабдығының электр қабылдағышы үшін орнатылатын сол санатта көзделуі керек.

Өрттен кейінгі газдарды және түтінді жою үшін жүйелерден басқа, апаттық желдету және түтінге қарсы қорғаныс жүйелерін электрмен жабдықтау (9.16 т. қар.) бойынша І санат көзделуі керек. Өрттен кейін газдарды және түтінді жою үшін жүйелерді жобалауға арналған тапсырма бойынша бірінші санатта жобалау керек. Екі тәуелсіз көздерден І санаттағы электр қабылдағыштарын қоректендіруді жүзеге асыру жергілікті жағдайлар бойынша мүмкін болмаған кезде екі трансформаторлы қосалқы станциядан немесе екі жақын орналасқан бір трансформаторлық қосалқы станциядан бір көзден оларды қоректендіруді жүзеге асыруға рұқсат етіледі. Бұл ретте, қосалқы станциялар әр түрлі трассалар бойынша төселген әр түрлі қоректендіру желілеріне қосылуы және төменгі кернеу жағына қарай, әдетте, резервті автоматты енгізу құрылғысының болуы қажет.

Желдетудің сорып тарату жүйелері үшін қатып қалудан электрмен қоректендіру басқару тізбектерін қорғау бірінші санат бойынша орындалуы керек. Сорып тарату жүйесін автоматтандырудың желдету және қалқан электр сымның бөлек қорегін ұйымдастыру кезінде екінші санат бойынша электр қорегін орындауға рұқсат етіледі.

Электрқабылдағыштарының басқару жіктерінде жылуды және ең жоғарғы қорғанысты керек емес.

12.2 Түтінге қарсы қорғаныс жүйелерімен жабдықталған ғимараттарда және үй-жайларда автоматты өрт сигнализациясы көзделуі керек.

Автоматты сумен (көбікпен) өрт сөндіру жүйесімен жабдықталған үй-жайлардағы түтінді жою аймақтары су шашатын түтікпен өрт сөндіру аймақтарымен сәйкес келуі қажет.

12.3 Автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен немесе автоматты өрт сигнализациясымен жабдықталған ғимараттар және үй-жайлар үшін желдету, ауа баптау және ауалық жылыту жүйелерінің (бұдан әрі – «желдету жүйелері»), сондай-ақ осы қондырғылармен түтінге қарсы қорғау жүйесінің электр қабылдағыштарын автоматты бұғаттау (жарықтың бір фазалық желісіне қосылған электр қабылдағышынан басқа) көзделуі керек, мыналар үшін:

- 1) А және Б санаттары үй-жайларының тамбур-шлюздарына, сондай-ақ А және Б

санаттары ғимараттары лифтілерінің машина бөлімдеріне ауаны беру жүйелерінен басқа желдету жүйелерінің өртенуі кезінде сөндірілетін. Сөндіру:

- желдету жүйелерінің тарату қалқандарына электр қорегін беру орталықтандырылып тоқтағанда;

- әр жүйе үшін жеке жүргізілуі мүмкін.

Желдету жүйесінің жабдығымен жиынтықта берілетін жабдықтарды және автоматтау құралдарын пайдалану кезінде өрт кезіндегі ағынды жүйелерді сөндіру қатып қалудан электр қорегінің тізбелерін қорғауды сақтай отырып, әр жүйе үшін жеке жүргізілуі қажет. Қатып қалудан электр қорегінің тізбелерін қорғауды сақтап қалу мүмкін болмаған жағдайда жүйені қашықтықтан басқару тізбесіндегі өрт сигнализациясының жүйесінен сигналдарды беру жүйелерін ажыратуға рұқсат етіледі.

Тәуелсіз ажыратушымен автоматты қолдана отырып, өрт кезінде ажыратуды ұйымдастыруда ажыратуға сигналдың берілу желісін тексеру қажет:

2) апаттық түтінге қарсы қорғаныс жүйелерінің өрт кезінде қосылуы (9.16 т. көрсетілген жүйелерден басқа);

3) өрт болған үй-жайда немесе түтін аймағында немесе өрт қабатындағы дәлізде түтін клапандарынан ашу және отты бөгейіш клапандарды жабу.

Түтінге қарсы қорғаныс үшін арналған немесе пайдаланылатын түтін және отты бөгейіш клапандар, түтін люктары, фрамугтар (жармалар) және шахталардың, шамдардың және терезелердің ашылатын басқа құрылғылары автоматты, қашықтықта және қолмен басқарылуы (оларды орнату орындарында) қажет.

Инженерлік жабдықты диспетчерлеу көзделетін ғимараттар үшін, сондай-ақ жолы қиын жерлердегі клапандардың үлкен саны орналасқан кезде автоматты, қашықтықта және қолмен басқарылатын түтін және отты бөгейіш клапандардың қолдануы керек.

Ескертпелер

1) Желдету жүйелерін ішінара немесе толық ажырату қажеттілігі технологиялық талаптар бойынша анықталуы керек.

2) Ескертпе - өрт турал қол сигнализациясы ғана бар үй-жайлар үшін осы үй-жайларға қызмет көрсететін желдету жүйелерін қашықтықта ажырату және түтінге қарсы қорғаныс жүйелерін қосу көзделуі керек.

Желдету жүйелерін ажырату және түтінге қарсы жүйелерді қосу көшіру жолдарында орнатылатын өрт сигнализациясы жүйесінің қол хабарлағыштарының сигналдарынан орындалуы мүмкін.

Өрт крандарының жанындағы кнопкалардан өрт сорғыларын қосу қажеттілігі болған кезде желдету жүйелерін ажыратуға және түтінге қарсы қорғаныс жүйелерін қосуға осы сигналды пайдалануға рұқсат етіледі.

12.4 Автоматты өрт сөндіру қондырғысы немесе автоматты өрт сигнализациясы бар үй-жай олармен қызмет көрсетілетін үй-жайлардан тыс орналасқан қашықтықтағы құрылғылармен жабдықталуы қажет.

Қашықтықтағы құрылғының А және Б санаттарының үй-жайларындағы барлық желдету жүйелерін бір уақытта ажырату талаптары болған жағдайда ғимараттың сыртынан көзделуі керек.

В санатының үй-жайлары үшін жеке аймақтар үшін алаңы 1600 м² кем емес желдету

жүйелерін қашықтықта ажыратуға рұқсат етіледі.

12.5 Металл құбырлардың және А және Б санаттары үй-жайларының жылыту және желдету жүйелерінің, сондай-ақ жарылуға қауіпті қоспаларды жоятын жергілікті сорғы жүйелерінің ауа өткізгіштерінің жабдықтары үшін ҚР ЭОҚ талаптарына сәйкес жерге тұйықтау көзделуі керек.

12.6 Жүйелердің автоматтау және бақылау деңгейі технологиялық талаптарға, «зияткерлік ғимараттағы» ақпараттық-басқару инфрақұрылымын (АБИ) қамтамасыз ету және қызмет көрсетуі үшін экономикалық орындылық бойынша және жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес таңдалуы керек.

12.7 Жылу тасымалдағыш (суықты тасымалдағыш) және ауа параметрлері мына жүйелерде бақылануы қажет:

1) ішкі жылумен жабдықтау – сорып тарату желдету жабдығы үшін үй-жайдағы жалпы берілетін және кері құбырлардағы жылу тасымалдағыштың температурасы және қысымы; жылу алмастыру құрылғыларынан шығудағы температураны және қысымды;

2) жергілікті жылыту аспаптарымен жылыту – бақылау үй-жайларындағы ауа температурасы (жобаның технологиялық бөлігінің талабы бойынша);

3) ауалық жылыту және сорып тарату желдету – ағынды ауа температурасы және бақылау үй-жайындағы ауа температурасы (жобаның технологиялық бөлігінің талабы бойынша);

4) ауалық тоңазыту – берілетін ауа температурасы;

5) ауа баптау – үй-жайлардағы суару камерасынан немесе үстіртін ауаны салқындатқыштан кейінгі ауаның сыртқы, қайта циркуляциялық, ағынды температурасы; үй-жайлардағы ауаның салыстырмалы ылғалдығы (оны реттеу кезінде);

6) суықпен жабдықтау – әр жылу алмастыру немесе араластырғыш құрылғысына дейінгі және кейінгі суық тасымалдағыштың температурасы, жалпы құбырдағы суық тасымалдағыштың қысымы;

7) сүзгілері, статикалық қысым камералары, жылу пайдаланғыштары бар желдету және ауа баптау – қысым және ауа қысымының әр түрлілігі (жабдықтың техникалық шарттарының талабы бойынша немесе пайдалану шарттары бойынша).

12.8 Қашықтықтан бақылау аспаптары негізгі параметрлерді өлшеу үшін көзделуі керек; қалған параметрлерді өлшеу үшін жергілікті аспаптар (тасымалданатын немесе стационарлық) көзделуі керек.

Жабдықтары бір үй-жайда орналасқан бірнеше жүйелер үшін, әдетте, берілетін құбырдағы температура мен қысымды өлшеу үшін бір жалпы аспап және жабдықтың кері құбырларындағы жеке аспаптар көзделуі керек.

Ұқсас датчиктері бар контроллерді пайдалану кезінде көзбен шолып бақылаудың бақылау-өлшеу аспаптарын орнатуға рұқсат етілмейді.

12.9 Жабдықтың жұмысы туралы сигнализация («Қосылды», «Апат») мына жүйелер үшін көзделуі керек:

1) өндірістік, тұрмыстық кәсіпорындардың және қоғамдық ғимараттардың табиғи желдетілмейтін үй-жайларының желдетуі;

2) 1-ші және 2-ші сынып қауіптілігінің зиянды заттарын немесе жарылуға қауіпті қоспаларын жоятын жергілікті сорғылар;

3) А және Б санатары үй-жайларының жалпы алмастырылатын сорып шығару желдетуі;

4) бақыланатын параметрлердің нормалардан ауытқуы апатқа алып келуі мүмкін А және Б санаттары үй-жай қоймаларының сорып шығару желдетуі.

Ескертпе - Табиғи желдетуі жоқ үй-жайларға қатысты талаптар дәретханаларға, темегі шегетін жерге, гардеробқа және басқа қосалқы үй-жайға қолданылмайды.

12.10 Қашықтықтан басқаруды және жылыту, желдету және ауа баптау жүйелеріндегі негізгі параметрлерді тіркеу технологиялық талаптар бойынша жобалануы керек.

Автоматтаудың жергілікті қалқанынан қашықтықтағы қалқанға (пульт) берілетін ақпараттың көлемі жүйелерді пайдалану шарттарын ескере отырып, жобалауға арналған тапсырма бойынша анықталады.

12.11 Параметрлерді автоматты реттеу:

1) 6.1.2 т. сәйкес орындалатын жылыту;

2) ауалық жылыту және тоңазыту;

3) ауаның ауыспалы шығынымен, сондай-ақ сыртқы және қайта циркуляциялық ауаның ауыспалы қоспасымен жұмыс істейтін сорып тарату және сорып шығару желдетуі;

4) сорып тарату желдету (негіздеу кезінде);

5) ауа баптау;

6) суықпен жабдықтау;

7) үй-жайлардағы ауаны жергілікті ылғалдатқанға дейінгі;

8) орталықтандырылған жылумен жабдықтау желілеріне қосылатын жүйелерден басқа 6.1.5, 6.2.8 тармақтарына сәйкес ғимараттардың едендерін жылыту жүйелері үшін жобалануы керек.

Ескертпе – Қоғамдық ғимараттар, кәсіпорындардың тұрмыстық ғимараттары және өндірістік ғимараттар үшін, әдетте, жылу шығынын азайтуды қамтамасыз ететін параметрлерді бағдарламалық реттеу көзделуі керек.

12.12 Ауаны бақылау және реттеу параметрлерінің датчиктері ауаның қыздырылған немесе суытылған беткі және ауа ағынының әсеріне ұшырамайтын орындардағы үй-жайдың қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағындағы сипатты нүктелерде орналасуы керек. Егер олардағы ауа параметрлері үй-жайдағы ауа параметрінен ерекшеленбесе немесе тұрақты көлемге ерекшеленсе, қайта циркуляциялық ауа өткізгіштерде датчиктарды орналастыруға рұқсат етіледі.

12.13 Автоматты бұғаттау:

1) желдеткіштерді қосу және ажырату кезінде сыртқы ауаның клапанын ашу және жабу;

2) бір жүйе істен шыққан кезде толық немесе ішінара өзара алмастыру үшін ауа өткізгіштермен біріктірілген желдету жүйелерінің клапандарын ашу және жабу;

3) осы үй-жайлардың желдету жүйелерінің желдеткіштерін ажырату кезінде газды өрт сөндіру қондырғыларымен қорғалатын үй-жайлар үшін ауа өткізгіштерде отты бөгейіш клапандарды жабу (9.16 т. қар.);

4) жобалауға арналған тапсырма бойынша негізгі қатардан шығу кезінде резервтік жабдықты қосу;

5) ауа қыздырғыштарды және жылыту агрегаттарын қосу және ажырату кезінде

жылу тасымалдағышты беруді қосу және ажырату;

б) ШРК немесе РАК артатын зиянды заттардың концентрациясы, сондай-ақ газ, бу шаң ауалық қоспалардың ЖТТШШ 10% артатын үй-жайдың ауасындағы жанатын заттардың концентрациялары үй-жайдың жұмыс аймағының ауасында пайда болған кезде апаттық желдету жүйелерін қосу үшін көзделуі керек.

12.14 Жергілікті сорғы жүйелерінің желдеткіштерін автоматты бұғаттау және технологиялық жабдығы бар резервтік желдеткіштері жоқ 7.2.5 және 7.2.6 тармақтарында көрсетілген жалпы алмастырылатын желдету желдеткіш істен шыққан кезде жабдықтың тоқтауын, ал технологиялық жабдықты тоқтату мүмкін болмаған кезде – апаттық сигнализацияның қосылуын қамтамасыз ету қажет.

12.15 Сыртқы немесе ағынды ауаның ауыспалы шығындары бар жүйелер үшін сыртқы ауаның ең төмен шығынын қамтамасыз ету үшін бұғаттау құрылғылары көзделуі керек.

12.16 Дымқыл шаң тұтқыштардағы ауаны тазалай отырып сорып шығару желдетуі үшін:

- 1) желдеткіш қосылған кезде су беруді қосуды;
- 2) шаң тұтқышта суды беру тоқтаған кезде немесе су деңгейі төмендеген кезде желдеткіштің тоқтауын;
- 3) шаң тұтқышта берілгеннен төмен судың болмауы немесе су деңгейінің төмендеуі кезінде желдеткіштің қосылуының мүмкін болмауын қамтамасыз ете отырып, шаң тұтқышқа суды беру үшін құрылғысы бар желдетуді автоматты бұғаттау көзделуі керек.

12.17 Ауа бүркемесін қосу қақпаның, есіктердің және технологиялық ойықтардың ашылуымен бұғатталуы керек. Бүркеменің автоматты ажырату қақпалардың, есіктердің немесе технологиялық ойықтардың жабылуынан кейін және судың қатып қалмауын қамтамасыз ететін ең төменгіге дейінгі жылу тасымалдағыш шығынын азайтуды көздей отырып, үй-жай ауасының нормаланған температурасын қалпына келтіргеннен кейін көзделуі керек.

12.18 Ауа қыздырғыштарындағы суды қатып қалудан автоматты қорғау минус 5°C және одан төмен (Б параметрлері) жылдың суық кезеңі үшін сыртқы ауаның есептік температурасы бар аудандарда көзделуі керек.

12.19 Жүйелерді диспетчеризациялау технологиялық процестерді басқару немесе инженерлік жабдықтың жұмысы көзделген өндірістік, тұрғын, қоғамдық ғимараттар және кәсіпорындардың тұрмыстық ғимараттары үшін жобалануы керек.

12.20 Ауа баптау кезінде метеорологиялық шарттарды ұстаудың нақтылығы:

- 1) температура бойынша $\pm 1^\circ\text{C}$ бірінші және екінші сыныпты және салыстырмалы ылғалдығы бойынша $\pm 7\%$;
- 2) $\pm 2^\circ\text{C}$ тура әрекеттің температураны жеке реттейтін араластырғыштары және жергілікті ауа баптау-топсалары бар жүйелер үшін датчиктерді орнату нүктелерінде қабылдау керек.

13 КӨЛЕМДІ-ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ КОНСТРУКТИВТІК ШЕШІМДЕР

13.1 Жылдың жылы кезеңінде ауаның табиғи ағыны үшін арналған өндірістік үй-

жайлардың ашылатын ойықтары немесе терезелері еденнен немесе жұмыс алаңынан бастап ойықтың төменгі жағына дейін 1,8 м көп емес биіктікте, ал жылдың суық кезеңінде ауа ағыны үшін 3,2 м кем емес биіктікте орналастыру керек.

Тұрғын, қоғамдық ғимараттарда және кәсіпорындардың тұрмыстық ғимараттарында қолданыстағы нормативтердің құжаттарына сәйкес ағынды ауаны беру үшін арналған ашылатын форточкаларды, фрамугтарды немесе басқа құрылғылар керек.

13.2 Еден деңгейінен немесе жұмыс алаңынан 2,2 м және одан көп биіктікте орналасатын өндірістік және қоғамдық ғимараттардың жарық ойықтарындағы тіреулер, фрамугтар немесе жалюзийлар үшін үй-жайдың жұмыс немесе қызмет көрсетілетін аймағы шектерінде орналасатын ашуға арналған қашықтықтан немесе қол құрылғылары көзделуі керек, ал өрт кезінде түтінді жою үшін пайдаланылатын – осы үй-жайлардан тыс көзделуі керек.

13.3 Тұрғын ғимараттарға жанаса салынған және жанаса-жапсарлай салынған қоғамдық мақсаттағы үй-жайларды жобалау кезінде жабдыққа және арматураға, соның ішінде жылу пункттеріне тәулік бойғы кіру сәулеттік-жоспарлау шешімдерімен қамтамасыз етілуі қажет.

Еденнен немесе жер деңгейінен бастап 1,8 м көп биіктікте орналасатын жабдықтарға, арматураға және аспаптарға қызмет көрсету белгіленген қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтаған кезде стационарлық және (немесе) жылжымалы құрылғылармен орналастырылатын баспалдақтар мен алаңдармен жүзеге асырылады.

13.4 Сыртқы есіктерден 3 м кем емес және қақпалардан 6 м қашықтықта орналасқан тұрақты жұмыс орындарын суық ауамен желдің соғуынан аралықтармен немесе экрандармен қорғау керек.

13.5 Желдету және тоңазыту жабдықтарын жөндеу және оларға қызмет көрсету үшін 7.9.11 тармағымен көзделген жүк көтергіш машиналары үшін құрылыс конструкцияларын әзірлеу керек.

13.6 Өртке қарсы қабырға артында орналасқан желдету жабдығы үшін үй-жайдың қоршалған конструкциясы (7.9.5 тармағын қараңыз) 0,75 сағат отқа төзімді шегімен, есіктерді - 0,5 сағат отқа төзімді шегімен көзделуі керек.

13.7 Желдету немесе тоңазыту жабдығын монтаждау және бөлшектеу үшін (немесе оның бөлшектерін ауыстыру) монтаж ойықтары көзделуі керек.

14 СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ КӘРІЗ

14.1 Ағынды және қайта циркуляциялық ауаны өңдеу үшін пайдаланылатын суару камераларын, ылғалдату және ылғалдатуға дейінгі және басқа құрылғыларды сумен жабдықтау сумен жабдықтау ҚР СТ МЕМСТ Р 51232 бойынша ас суы сапасында көзделуі керек.

14.2 Суару камераларында және желдету мен ауа баптау жүйелерінің басқа аппараттарында қайта циркуляцияланатын суды сүзгіден өткізу керек. Жоғары санитарлық талаптар кезінде судың бактериялық тазалануы қажет.

14.3 Судың техникалық сапасы сорып шығару жүйелерінің (қайта циркуляцияланатын) дымқыл шаң тұтқыштары үшін, сондай-ақ ағынды және жылуды

пайдаланушы жабдықты жуу үшін көзделуі керек.

14.4 Өндірістік кәрізге суды бұру жылыту, жылумен және суықпен жабдықтау жүйелерін босату үшін және конденсатты бұру үшін көзделуі керек.

14.5 Тоңазытқыш қондырғылардың аппаратурасын суытатын судың сапасы тоңазытқыш машиналарды дайындаушы зауыттардың техникалық сипаттамасы бойынша қабылдау керек.

15 ПАЙДАЛАНУ

15.1 Ауаны жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерін пайдалану Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне және осы нормалар мен құқықтарға сәйкес жүзеге асырылуы қажет.

15.2 Ауаны жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерінің электр жабдығы МЕМСТ 12.1.003 талаптарын және МЕМСТ 12.1.010 сәйкес пайдаланылуы қажет.

15.3 Жанатын, жарылуға қауіпті және зиянды заттармен жұмыс істеу кезінде МЕМСТ 12.1.004, МЕМСТ 12.1.010 және МЕМСТ 12.1.007 сәйкес басшылыққа алу керек.

15.4 Жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерін пайдалану кезінде:

- қазіргі заманауи және сапалы алдын алу жұмыстарын, жөндеу, жаңғырту және реконструкциялау жүргізуді;

- қосымша бөліктердің және материалдардың қорын құруды;

- пайдалану бойынша лауазымдық және нұсқаулық құжаттарды персонал үшін әзірлеуді;

- персоналды оқытуды және пайдалану ережелерін, қауіпсіздік техникасын, пайдалану бойынша лауазымдық және нұсқаулық білімдерін тексеруді;

- түзету жағдайын, экономикалық және қауіпсіз пайдалануды;

- жылу энергиясының және жылу тасымалдағышын өндірушілердің және тұтынушылардың өзара қатынасын реттейтін нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын сақтауды;

- адамдарға және қоршаған ортаға кері әсерін тигізетін технологиялар мен жұмыс әдістерін пайдалануды болдырмауды;

- жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерінің бұзылуларын, жазатайым оқиғаларды есепке алуды және талдауды және апаттың және зақымданудың алдын алу бойынша іс-шараларды қабылдауды;

- олардың техникалық жағдайын, қауіпсіз пайдалануды және энергия ресурстарын оңтайлы пайдалануды тексеру мақсатында мемлекеттік бақылау органдары өкілдерінің энергия қондырғыларға кедергісіз кіруді;

- белгіленген мерзімдерде мемлекеттік бақылау органдарының ұйғарымдарын орындауды қамтамасыз етуі қажет.

15.5 Барлық жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерін техникалық тексеруді жабдықтың алдын ала жөндеуін және арматураны реттеуді бір уақытта орындай отырып, тоқсанына бір рет жүргізеді.

15.6 Жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерінің күрделі және ағымдағы жөндеуінің мерзімдерін және көлемін анықтау кезінде дайындаушы зауыттың техникалық

ҚР ЕЖ 4.02-101-2012*

деректерінде көрсетілген аспаптарды және жабдықты пайдалану мерзімдері бойынша ұсынымдарды ескере отырып [10] басшылыққа алу керек.

15.7 Барлық монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін жылыту, желдету және ауа баптау жүйесі 6.3.42 т. сәйкес гидравликалық сынақтарға ұшырайды және олар жұмыс қабілеттілігіне тексеріледі. Жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерінің сынақтары бойынша негізгі қабылдау-тапсыру актілері негізінде барлық атқарушы құжат ҚР ҚНЖЕ 2.02-15 сәйкес ғимаратты пайдалану қызметіне беріледі.

А қосымшасы

(ақпараттық)

Ауа қозғалысының нормаланатын жылдамдығынан ағыстағы ауаның ең жоғарғы жылдамдығына өтудің K_n коэффициенті

А.1-кестесі - K_n коэффициенті

Метеорологиялық шарттар	Адамдарды орналастыру	Жұмыс санаттары үшін K_n коэффициенті	
		жеңіл - Ia, Ib	Орташа ауырлық - IIa, IIb, ауыр - III
Рұқсат етілген	Ауаның ағынды ағысына тура әсер ету аймағындағы:		
	- бастапқы және ауаны себезгілеу	1	1
	- негізгі учаске шектерінде	1,4	1,8
	Ауаның ағынды ағысының тура әсер ету аймағынан тыс	1,6	2
	Ауаның кері ағысындағы аймақта	1,4	1,8
Оңтайлы	Ауаның ағынды ағысына тура әсер ету аймағындағы		
	- бастапқы	1	1
	- негізгі учаске шектерінде	1,2	1,2
	Ауаның ағынды ағысының тура әсер ету аймағынан тыс немесе ауаның кері ағысындағы аймақта	1,2	1,2
Ескертпе - Ағыстың тура әсер ететін аймағы ауа қозғалысының жылдамдығы V_x -тен бастап $0,5V_x$ дейін өзгертін шектердегі ағыстың көлденең қимасының алаңымен анықталады.			

Б қосымшасы
(ақпараттық)

Құбырлардағы су қозғалысының рұқсат етілген жылдамдығы

Б.1-кестесі - Құбырлардағы су қозғалысының рұқсат етілген жылдамдығы

Рұқсат етілген эквивалентті шу деңгейі, дБ	Құбырлардағы жылу тасымалдағыштың жылдамдығына келтірілген жылыту аспабының немесе арматурасы бар тіреуше торабының жергілікті қарсыласу коэффициенттері кезінде құбырлардағы су қозғалысының рұқсат етілген жылдамдығы, м/с				
	5 дейін	10 дейін	15 дейін	20 дейін	30 дейін
25	1,5/1,5	1,1/0,7	0,9/0,55	0,75/0,5	0,6/0,4
30	1,5/1,5	1,5/1,2	1,2/1,0	1,0/0,8	0,85/0,65
35	1,5/1,5	1,5/1,5	1,5/1,1	1,2/0,95	1,0/0,8
40	1,5/1,5	1,5/1,5	1,5/1,5	1,5/1,5	1,3/1,2
<p>Ескертпелер</p> <p>1 Алымда ойығы бар, үшжүрісті және екі реттегішті қрандарын қолданған кезде, бөлгіште – вентильдерді қолданған кезде жылу тасымалдағыштың рұқсат етілген жылдамдығы келтірілген.</p> <p>2 Бінесе үй-жай арқылы төселетін құбырлардағы су қозғалысының жылдамдығы есепке:</p> <ul style="list-style-type: none"> - шу деңгейінің аз рұқсат етілген эквиваленті бар үй-жайды; - үй-жайдан екі жаққа учаскенің 30 м ұзындығы кезінде осы үй-жай арқылы төселетін құбырлардың кез келген учаскесінде орнатылатын жергілікті қарсыласудың аз коэффициенті бар арматурада қабылдай отырып анықталуы керек. 					

В қосымшасы

(ақпараттық)

Пеш және түтін өңештерінің жанындағы бөліктер мен шегіністердің көлемі

В.1 Пеш қабырғасының қалыңдығын ескере отырып пеш және түтін өңештері бөліктерінің көлемі жанатын материалдардан жасалған ғимараттардың конструкцияларына дейін 500 мм тең және (6.4.3.23, 2) т. сәйкес қорғалған конструкцияларға дейін 380 мм тең қабылдануы керек.

В.2 В.1-кестесінде келтірілген шегіністерге қойылатын талаптар.

В.1-кестесі – Пештің немесе түтін өңешінің (құбырының) сыртқы бетінен бастап қабырғаға немесе аралыққа дейінгі қашықтық

Пеш қабырғасының қалыңдығы, мм	Шегініс	Пештің немесе түтін өңешінің (құбырының) сыртқы бетінен бастап қабырғаға немесе аралыққа дейінгі қашықтық, мм	
		жанудан қорғалмаған	жанудан қорғалған (6.4.3.23, 2 т. сәйкес)
120	Ашық	260	200
120	Жабық	320	260
65	Ашық	320	260
65	Жабық	500	380
<p>Ескертпелер</p> <p>1 Пештің немесе түтін өңешінің (құбырының) сыртқы бетінен бастап қабырғаға аралығына дейінгі 0 см қашықтықта жалынның таралу шегі және 1 сағ. және одан көп отқа төзімді шегі бар қабырғалар үшін нормаланбайды.</p> <p>2 Балалар мекемелерінің ғимараттарындағы, жатақханалардағы және жалпы тамақтану кәсіпорындарындағы шегініс шектеріндегі қабырғаның (аралықтың) отқа төзімді шегі 1 сағ кем емес қамтамасыз ету керек.</p> <p>3 6.4.3.20 т. сәйкес төбені, 6.4.3.23 т. сәйкес қабырғалар мен аралықтарды қорғау пеш габариттерінен 150 мм кем емес артатын қашықтықта орындау керек.</p>			

Г қосымшасы
(ақпараттық)

Ағынды ауа шығынының және температурасының есебі

Г.1 Желдету және ауа баптау жүйесі үшін L , м³/сағ ағынды ауа шығыны:

1) 9.2 т. сәйкес санитарлық-гигиеналық нормаларды;

2) 9.3 т. сәйкес жарылу өрт қауіпсіздігінің нормаларын қамтамасыз ету үшін талап етілетін шығындардан көп қабылдаумен және есеппен анықталуы керек.

Г.2 Ауа шығыны жылдың жылы және суық кезеңдері және ауыспалы жағдайлар үшін мына формулалары бойынша (Г1) –(Г2) (ағынды және жойылатын ауа 1,2 кг/м³ тең тығыздықта) алынған көлемдердің көбін қабылдай отырып, жеке анықталуы керек:

1) айқын жылудың артылуы бойынша:

$$L = L_{w,z} + \frac{3,6Q}{c(t_l - t_{in})} \cdot cL_{w,z} \left(\frac{t_{w,z} - t_{in}}{t_l - t_{in}} \right) \quad (\text{Г.1})$$

Тура және шашыранды күн радиациясынан үй-жайға түсетін жылу ағыны:

- желдету, соның ішінде жылдың жылы кезеңі үшін ауаны буландырып салқындату;

- ауа баптау – жылдың жылы және суық кезеңдері үшін және ауыспалы жағдайлар үшін жобаланған кезде ескерілуі керек.

2) зиянды немесе жарылуға қауіпті заттарды бөлетін салмақ бойынша:

$$L = L_{w,z} + \frac{m_{po}}{q_l} \cdot \frac{L_{w,z} (q_{w,z} - q_{in})}{q_{in}} \quad (\text{Г.2})$$

Іс-әрекетті жиынтықтау әсеріне ие бірнеше зиянды заттардың үй-жайда бір уақытта бөлінуі кезінде ауа алмасу осы заттардың әр қайсысы бойынша есептелінген ауа шығынын жинақтай отырып анықтау керек:

1) ылғалдың (су буының) артылуы бойынша:

$$L = L_{w,z} + \frac{W}{1,2(d_l - d_{in})} \cdot 1,2(d_{w,z} - d_{in}) \quad (\text{Г.3})$$

Ылғал артылатын үй-жайлар үшін жылдың суық кезеңінде сыртқы ауаның есептік Б параметрлері кезінде сыртқы қоршау конструкцияларының ішкі бетінде конденсаттың пайда болуының алдын алу үшін ауа алмастырудың жеткіліктілігі тексерілу керек;

2) толық жылудың артылуы бойынша:

$$L = L_{w,z} + \frac{3,6Q_{h,f}}{1,2(I_l - I_{in})} \cdot 1,2L_{w,z} \left(\frac{I_{w,z} - I_{in}}{I_l - I_{in}} \right) \quad (\text{Г.4})$$

3) ауа алмасудың нормаланған жиілігі бойынша:

$$L = V_p \cdot n \quad (\text{Г.5})$$

4) ағынды ауаның нормаланатын үлестік шығыны бойынша:

$$L = A \cdot k \quad (\text{Г.6})$$

$$L = N \cdot m \quad (\Gamma.7)$$

мұнда $L_{w,z}$ – жергілікті сорғы жүйелерімен үй-жайдың қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағынан жойылатын ауа шығыны, және технологиялық қажеттіліктердің $\text{м}^3/\text{сағ}$.

Q, Q_{hf} – үй-жайдағы артылған айқын және толық жылу ағыны, Вт;

c – $1,2 \text{ кДж}/(\text{м}^3 \cdot ^\circ\text{C})$ тең ауаның жылу сыйымдылығы;

$t_{w,z}$ – жергілікті сорғы жүйелерімен жойылатын үй-жайдың қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағындағы ауа температурасы және технологиялық қажеттіліктерге, $^\circ\text{C}$;

t_l – қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағының шегінен тыс үй-жайлардан жойылатын ауа температурасы, $^\circ\text{C}$;

t_{in} – 6 т. сәйкес анықталатын үй-жайда берілетін ауа температурасы;

W – үй-жайдағы ылғалдың артылуы, $\text{г}/\text{сағ}$;

$d_{w,z}$ – жергілікті сорғы жүйелерімен үй-жайдың қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағынан жойылатын ауаның ылғалды ұстауы және технологиялық қажеттіліктерге, $\text{г}/\text{кг}$;

d_l – қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағы шегінен тыс үй-жайларда жойылатын ауаның ылғалды ұстауы, $\text{г}/\text{кг}$;

d_{in} – үй-жайға берілетін ауаның ылғалды ұстауы, $\text{г}/\text{кг}$;

$I_{w,z}$ – жергілікті сорғы жүйелерімен үй-жайдың қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағынан жойылатын ауаның үлестік энтальпиясы, технологиялық қажеттіліктерге, $\text{кДж}/\text{кг}$;

I_l – қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағының шегінен тыс үй-жайлардан жойылатын ауаның үлестік энтальпиясы, $\text{кДж}/\text{кг}$;

I_{in} – 6 т. сәйкес температураның артуын ескере отырып анықталатын үй-жайда берілетін ауаның үлестік энтальпиясы;

m_{po} – үй-жайдың ауасына түсетін зиянды немесе жарылуға қауіпті әр заттардың шығыны, $\text{мг}/\text{ч}$;

$q_{w,z}, q_l$ – үй-жайдың қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағынан және оның шектерінен тыс жойылатын ауадағы зиянды немесе жарылуға қауіпті заттардың концентрациясы, $\text{мг}/\text{м}^3$;

q_{in} – үй-жайда берілетін ауадағы зиянды немесе жарылуға қауіпті заттардың концентрациясы, $\text{мг}/\text{м}^3$;

V_p – үй-жайдың көлемі, м^3 ; биіктігі 6 м және одан көп үй-жайлар үшін $V_p = 6A$ қабылдау керек;

A – үй-жайдың алаңы, м^2 ;

N – адамдардың (келушілердің), жұмыс орындарының, жабдық бірлігінің саны;

n – ауа алмасудың нормаланатын жиілігі, сағ^{-1} ;

k – үй-жай еденінің 1 м^2 –на ағынды ауаның нормаланатын шығыны, $\text{м}^3/(\text{сағ} \cdot \text{м}^2)$

m – 1 адамға, 1 жұмыс орнына, 1 келушіге немесе жабдықтың бірлігіне арналған ағынды ауаның нормаланатын үлестік шығыны, $\text{м}^3/\text{сағ}$,

$t_{w,z}, d_{w,z}, I_{w,z}$ ауа параметрлері осы нормалардың 5 бөлімі бойынша үй-жайлардың қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағының есептік параметрлеріне тең, ал $q_{w,z}$ – үй-жайдың жұмыс аймағындағы РШК тең қабылдануы керек.

Г.3 Жарылуға қауіпті нормаларды қамтамасыз ету үшін ауа шығыны (9.2) формуласы

бойынша анықталуы керек.

Бұл ретте $q_{w,z}$ және q_l , (9.2) формуласында $0,1 q_g$, мг/м³ ауыстырылуы керек (мұнда q_g – газ, бу және шаң ауа бойынша жалынның таралуының төменгі концентрациялық шегі).

Г.4 желдетумен біріктірілмейтін ауалық жылыту үшін L_{he} , м³/сағ ауа шығыны мына формула бойынша анықталуы керек:

$$L_{he} = \frac{3,6Q_{he}}{c(t_{he} - t_{w,z})}, \quad (Г.8)$$

мұнда Q_{he} – үй-жайды жылыту үшін жылу ағыны, Вт;

t_{he} – үй-жайға берілетін қыздырылатын ауаның температурасы, °С есеппен анықталады.

Г.5 L_d , м³/сағ көрсетілген өнімділігі бар мерзімді жұмыс істейтін желдету жүйелерінен L_{mt} ауа шығыны мына формула бойынша 1 сағ. ішінде тоқтатылатын n , минуттан шыға отырып келтіріледі:

$$L_{mt} = \frac{L_d n'}{60}, \quad (Г.9)$$

Г.6 табиғи іске қосылатын және ауаны баптаумен желдету жүйелерімен берілетін ағынды ауаның температурасы, t_{in} , °С, мына формула бойынша анықталуы керек:

1) сыртқы өңделмеген ауа кезінде:

$$t_{in} = t_{ext} + 0,001p \quad (Г.10)$$

2) оның температурасын Δt_1 , °С төмендететін адиабаттық цикл бойынша циркуляциялық сумен салқындатылған сыртқы ауа кезінде:

$$t_{in} = t_{ext} - \Delta t_1 + 0,001p \quad (И.11)$$

3) оның температурасын Δt_2 , °С төмендететін үй-жайдағы сыртқы өңделмеген ауа кезінде (1-тармақшаны қар.) және ауаны жергілікті ылғалдатуға дейін:

$$t_{in} = t_{ext} - \Delta t_2 + 0,001p \quad (Г.12)$$

4) циркуляциялық сумен (2-тармақшаны қар.) және жергілікті ылғалдатуға дейін (3-тармақшаны қар.) салқындатылған сыртқы ауа кезінде:

$$t_{in} = t_{ext} - \Delta t_1 - \Delta t_2 + 0,001p \quad (Г.13)$$

5) оның температурасын Δt_3 , °С арттыратын ауа қыздырғышта жылытылған сыртқы ауа кезінде:

$$t_{in} = t_{ext} + \Delta t_3 + 0,001p \quad (Г.14)$$

мұнда p – желдетудің толық қысымы, Па;

t_{ext} – сыртқы ауа температурасы, °С.

Д қосымшасы
(ақпараттық)

**Ғимараттарды жылытуға және желдетуге жылу энергиясының
үлестік шығынын анықтау**

Д.1 Ғимараттарды жылытуға және желдетуге жылу энергиясының үлестік шығыны, q_A , Вт·сағ/(м²·°С·тәул.), және q_V , Вт·сағ/(м³·°С·тәул.) мына формула бойынша анықтау керек:

$$q_A = \frac{Q_s}{A_{bu} D} \cdot 10^3, \quad (Д.1)$$

$$q_V = \frac{Q_s}{V_{bu} D} \cdot 10^3, \quad (Д.2)$$

мұнда Q_s — Д.2 тармағына сәйкес анықталатын ғимаратты жылытуға және желдетуге жылу энергиясының жиынтық жылдық шығыны, кВт·сағ.;

A_{bu} — қоршау конструкцияларының сыртқы тік ішкі периметрі бойынша анықталатын ғимараттың жылытылатын алаңы, м²;

V_{bu} — ғимараттың жылытылатын көлемі, м³;

D — 4-тармаққа сәйкес анықталатын жылыту кезеңінің градус-тәулік саны, °С·тәулік;

Д.2 Ғимаратты жылытуға және желдетуге жылу энергиясының жиынтық жылдық шығыны Q_s , кВт·сағ. формуласы бойынша анықталуы керек:

$$Q_s = (Q_{ts} + Q_{is}) + Q_{h\ in} - Q_{hs} \cdot \eta_l, \quad (Д.3)$$

мұнда $(Q_{ts} + Q_{is})$ — 3-тармағына сәйкес анықталатын сіңірілетін ауаны қыздыруға жылудың жылдық шығыны және ғимараттың негізгі және қосымша жылуды жылдық жоғалтуы;

$Q_{h\ in}$ — Д.6 тармағына сәйкес анықталатын жасанды іске қосылатын желдету жүйелерімен берілетін сыртқы ауаның ауа қыздырғыштарындағы қыздыруға кететін жылудың жылдық шығыны;

Q_{hs} — Д.5 тармағына сәйкес анықталатын электр аспаптарынан, жарықтандырудан, технологиялық жабдыктан, коммуникациялардан, материалдардан, адамдардан және басқа көздерден жылудың жылдық түсуі;

η_l — ғимаратты жылыту жүйесін реттеу тәсіліне байланысты Д.1 кестесі бойынша қабылданатын коэффициент.

Д.1-кестесі – Жылыту жүйесі және реттеу тәсілдері

Жылыту жүйесі және реттеу тәсілдері	η_1 коэффициенті
Жеке реттелетін электрмен жылыту	0,85
Жылыту аспаптарының жанындағы жеке автоматты термореттегіші бар сумен жылыту	0,80
Өкілдердің – үй-жайларындағы ішкі ауа температурасы бойынша жергілікті қасбет бойынша реттей отырып сумен жылыту	0,60
Сыртқы ауа температурасы бойынша жергілікті реттеу жүйесі бар сумен жылыту («реттеудің бағушы жүйесі»)	0,40
Реттеусіз сумен жылыту	0,20

Д.3 Ғимараттың негізгі және қосымша жылуды жоғалтуы және сіңірілетін ауаны қыздыруға кететін жылудың жылдық шығыны, $(Q_{ts} + Q_{is})$, кВт·сағ., мына формуламен анықталуы керек:

$$(Q_{ts} + Q_{is}) = \frac{0,024(\sum Q + \sum Q_i)}{t_p - t_i} D, \quad (Д.4)$$

мұнда $\sum Q$ - 6.2.3 тармағы бойынша анықталатын ғимараттың негізгі және қосымша жылуын жоғалту сомасы;

$\sum Q_i$ - 6.2.4 тармағы бойынша анықталатын ғимарат үй-жайында сіңірілетін сыртқы ауаны қыздыруға кететін жылу шығынының сомасы;

t_p — ішкі ауаның ғимарат көлемі бойынша орташа өлшенген есептік температурасы, °С;

t_i — 2.04-01-2010 ҚР ҚНЖЕ бойынша қабылданатын 0,92, °С қамтамасыз етілген анағұрлым суық бескүндіктің орташа температурасы.

Д.4 D жылыту кезеңінің градус-тәулік саны, °С·тәул., мына формула бойынша анықтау керек:

$$D = (t_p - t_{hi}) \cdot Z_{hi}, \quad (Д.5)$$

мұнда t_{hi} және Z_{hi} — жылыту кезеңі ішіндегі сыртқы ауаның орташа температурасы, °С және 2.04-01-2010 ҚР ҚНЖЕ бойынша қабылданатын жылыту кезеңінің, тәулігінің ұзақтылығы.

t_p — (Д.4) формуласындағы секілді.

Д.5 Электр аспаптарынан, жарықтандырудан, технологиялық жабдыктан, коммуникациялардан, материалдардан, адамдардан және басқа көздерден жылудың жылдық түсуі, Q_{hs} , кВт·сағ., мына формула бойынша анықталуы керек:

$$Q_{hs} = 0,024 \sum Q_h \cdot Z_{hi}, \quad (Д.6)$$

мұнда $\sum Q_h$ - 6.1 тармағына, г) аталғанға сәйкес электр аспаптарынан, жарықтандырудан, технологиялық жабдыктан, коммуникациялардан, материалдардан, адамдардан және басқа көздерден ғимарат үй-жайына үнемі түсетін жиынтық жылу ағыны, Вт;

Z_{hi} — (Д.5) формуласындағы секілді.

Д.6 Жасанды іске қосылатын желдету жүйелерімен берілетін сыртқы ауаның ауа қыздырғыштарындағы қыздыруға кеткен жылудың жылдық шығыны, Q_{hi} , кВт·сағ, мына

формула бойынша анықтау керек:

$$Q_{hin} = \sum Q_{in} z_h \frac{t_{in}}{t_{in}} \frac{t_{hi}}{t_i} 10^3, \quad (Д.7)$$

мұнда Q_{in} — есеппен анықталатын, жасанды іске қосылатын желдету жүйесімен берілетін сыртқы ауанының ауа қыздырғыштарындағы қыздыруға кететін жылу шығыны, Вт;

z_h — есеппен анықталатын жылыту кезеңі ішіндегі, сағат, жасанды іске қосылатын ағынды желдету жүйесінің жұмыс ұзақтылығы;

t_{in} — жасанды іске қосылатын ағынды желдету жүйесімен үй-жайға берілетін ауа температурасы, °С;

t_{hi} — (К.5) формуласындағы секілді;

t_i — (К.4) формуласындағы секілді.

Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылытуға және желдетуге жылу энергиясының нормативтік үлестік шығыны Д.2 кестесінде келтірілген.

Д.2-кестесі - Жылу энергиясының нормативтік үлестік шығыны

Нормалау объектілерінің атауы	Жылу энергиясының нормативтік үлестік шығыны		
	жылытуға және желдетуге		Жасанды іске қосылатын желдетуге
	$q_{An},$ Вт·сағ/(м ² ·°С·тәу л)	$q_{Vn},$ Вт·сағ/(м ³ ·°С·тәу л)	$q_{hin},$ Вт·сағ/(м ³ ·°С·тәу ул)
1 Даналы материалдардың монолитті бетонының көп қабатты панельдерінен тұратын сыртқы қабырғалары бар тұрғын үйлер (9 қабат және одан көп)	21,7 22,2 22,9	7,8 7,9 8,2	— — —
2 Даналы материалдардың көп қабатты панельдерінен тұратын сыртқы қабырғалары бар тұрғын үйлер (6-8 қабат)	23,0 24,4	8,2 8,7	— —
3 Даналы материалдардың көп қабатты панельдерінен тұратын сыртқы қабырғалары бар тұрғын үйлер (4-5 қабат)	22,5 24,0	8,0 8,6	— —
4 Даналы материалдардан тұратын сыртқы қабырғалары бар тұрғын үйлер (2-3 қабат)	29,6	10,6	—
5 Коттеждер, үй-жай үлгісіндегі тұрғын үйлер, соның ішінде мансардалары бар	35,4	12,6	—

Д.2-кестесі - Жылу энергиясының нормативтік үлестік шығыны (жалғасы)

Нормалау объектілерінің атауы	Жылу энергиясының нормативтік үлестік шығыны		
	жылытуға және желдетуге		Жасанды іске қосылатын желдетуге
	$q_{An},$ Вт·сағ/(м ² ·°C·тәу л)	$q_{Vh},$ Вт·сағ/(м ³ ·°C·тәу л)	$q_{hin},$ Вт·сағ/(м ³ ·°C·тәу ул)
6 Даналы материалдардан, көп қабатты панельдерден тұратын сыртқы қабырғалары бар балалар бақшасы	— —	8,4 8,7	1,0 1,0
7 Даналы материалдардан, көп қабатты панельдерден тұратын сыртқы қабырғалары, бассейні бар балалар бақшасы	— —	9,4 10,0	1,4 1,4
8 Даналы материалдардан, көп қабатты панельдерден тұратын сыртқы қабырғалары бар мектептер	— —	5,5 5,7	3,7 3,7
9 Даналы материалдардан, көп қабатты панельдерден тұратын сыртқы қабырғалары бар емхана	— —	5,8 6,2	3,5 3,5
10 Даналы материалдардан, көп қабатты панельдерден тұратын сыртқы қабырғалары бар бассейні немесе гимнастика залы бар емхана	— —	6,9 7,2	6,0 6,0
11 Даналы материалдардан, көп қабатты панельдерден тұратын сыртқы қабырғалары бар әкімшілік ғимараты	— —	5,1 5,3	3,8 3,8
<p>Ескертпелер</p> <p>1 Жылытуға жылу энергиясының нормативтік үлестік шығынының мәні 1—4 — 0,18 поз. үшін; 5 — 0,15 поз. үшін тең шынылау коэффициенті кезінде анықталған.</p> <p>2 Жасанды іске қосылатын желдетуге жылу энергиясының үлестік шығындарының мәні анықтамалық ретінде келтірілген.</p> <p>Жылыту кезеңі ішіндегі қоғамдық ғимараттар үшін жасанды іске қосылатын ағынды желдету жүйелері жұмыстарының ұзақтылығы мына бастапқы деректердің негізінде анықталады:</p> <ul style="list-style-type: none"> — бөбек балабақшалары үшін: 5 күндік жұмыс аптасы және 12 сағаттық жұмыс күні; — жалпы білім беру мектептері үшін: 6 күндік жұмыс аптасы және 12 сағаттық жұмыс күні; — әкімшілік ғимараттары үшін: 5 күндік жұмыс аптасы және 10 сағаттық жұмыс күні. 			

Е қосымшасы

(ақпараттық)

Қызмет көрсетілетін (жұмыс) аймағындағы ауаның нормаланатын температурасынан бастап қызмет көрсетілетін (жұмыс) аймағына кіру кезінде ағынды ағыстағы температураның рұқсат етілген шегінісі

Е.1-кестесі – Температураның рұқсат етілген шегінісі

Метеорологиялық жағдайлары	Үй-жай	Температураның рұқсат етілген шегінісі, °C			
		үй-жайдағы жылудың жетіспеушіліктерін толтыру кезінде		үй-жайдағы жылудың артылу ассимиляциясы кезінде	
		Адамдарды орналастыру			
		ағынды ағыстың және ағынды ағыстың кері ағынының тура әсер ету аймағында	ағынды ағыстың тура әсерінен тыс аймақ	ағынды ағыстың тура әсер ету аймағында	Ағынды ағыстың тура әсер ету аймағынан тыс
Рұқсат етілген	Тұрғын, қоғамдық, тұрмыстық, мекемелер мен ұйымдар: Δt_1 Δt_2 Өндірістік: Δt_1 Δt_2	3 - 5 -	3,5 - 6 -	- 1,5 - 2	- 2 - 2,5
Оңтайлы	Арнайы технологиялық талаптар қойылатын үй-жайлардан басқа кез келген: Δt_1 Δt_2	1 -	1,5 -	- 1	- 1,0

Ж қосымшасы
(ақпараттық)

**Металл ауа өткізгіштерінің көлденең қимасының сыртқы көлемдері (МЕМСТ 24751)
және металл қалыңдығына қойылатын талаптар**

Ж.1 Металл ауа өткізгіштерінің көлденең қимасы (сыртқы өлшеу бойынша диаметрі, биіктігі немесе ені) мына көлемдерде қабылдануы керек, мм:

50	56	63	71	80	90	100	112	125	140	160	180
200	224	250	280	315	355	400	450	500	560	630	710
800	900	1000	1120	1250	1400	1600	1800	2000	2240	2500	2800
3150	3350	3550	4000	4500	5000	5600	6300	7100	8000	9000	10000

Металл ауа өткізгіштерінің көлденең қимасы (сыртқы өлшеу бойынша диаметрі, биіктігі немесе ені) кестеде көрсетілгендерден ерекшеленуі мүмкін, бірақ МЕМСТ 24751-81 сәйкес келуі керек.

Тік бұрышты қималар жақтарының арақатынасы 6,3 артпауы қажет. Ауа өткізгіштерінің көлемдері дайындаушы зауыт деректері бойынша анықтау керек.

Ж.2 Температурасы 80°C жоғары емес ауа өтетін ауа өткізгіштер үшін табак болатының қалыңдығы төмендегіден көп емес қабылдануы керек, мм:

1) дөңгелек қима ауа өткізгіштері үшін диаметрі, мм:

200 дейін	қоса	0,5
250	«	450 0,6
бастап	«	800 0,7
« 500	«	1250 1,0
« 900	«	1600 1,2
« 1400 «	«	2000 1,4
1800		

2) тікбұрышты қималы ауа өткізгіштері үшін үлкен жағының көлемі, мм:

250 дейін	қоса	0,5
300 бастап	«	1000 0,7
« 1250	«	2000 0,9

3) бір жағы 2000 мм жоғары тікбұрышты қималы ауа өткізгіштері үшін және болат қалыңдығы 2000×2000 мм қимасы бар ауа өткізгіштері есеппен негізделуі керек.

Дәнекерленген ауа өткізгіштері үшін болат қалыңдығы дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу шарттары бойынша анықталуы керек.

Ж.3 Температурасы 80°C көпауаның немесе механикалық қоспалардың немесе абразивті шаңның өтуі көзделген ауа өткізгіштері үшін болат қалыңдығы есеппен негізделуі керек.

II қосымшасы
(ақпараттық)
Өрт кезінде жойылатын түтіннің шығыны

II.1 Дәлізден немесе холлдан жойылатын түтіннің шығыны, G_1 , кг/сағ (9.6. т. б) аталғанды қар.) мына формуламен анықталады:

а) тұрғын ғимараттар үшін:

$$G_1 = 3420 B n H^{1,5}; \quad (\text{II.1})$$

б) қоғамдық, әкімшілік, тұрмыстық және өндірістік ғимараттар үшін:

$$G_1 = 4300 B n H^{1,5} K_d, \quad (\text{II.2})$$

мұнда B — дәлізден немесе холлдан баспалдақ торларына немесе сыртқа шығу кезінде есіктердің ашылатын жармаларынан үлкендеу ені, м;

n — өрт кезінде дәлізден баспалдақ торларына немесе сыртқа ашылатын үлкен жармалардың жалпы еніне байланысты және II.1 кестесі бойынша қабылданатын коэффициент

II.1-кестесі — n коэффициентінің мәні

Ғимараттар	B енінің мәндеріндегі n коэффициенті, м				
	0,6	0,9	1,2	1,3	2,4
Тұрғын	1,00	0,82	0,70	0,51	0,41
Қоғамдық, әкімшілік, тұрмыстық және өндірістік	1,05	0,91	0,80	0,62	0,50

H — есіктің биіктігі, м; $H > 2,5$ м кезінде $H = 2,5$ м қабылдау;

K_d — адамдарды көшіру кезінде дәліздерден баспалдақ торларына немесе сыртқа есіктердің ашылуының салыстырмалы ұзақтылығының коэффициенті бір есік арқылы 25 және одан көп адамды көшіру кезінде 1,0 тең және бір есік арқылы 25 кем емес адамды көшіру кезінде 0,8 тең қабылдануы керек.

II.2 Үй-жайдан жойылатын түтін шығыны G , кг/сағ, өрт ошағының периметрі бойынша анықталуы керек (9.6 т. а) аталғанды қар.).

Алаңы 1600 м² дейін үй-жайлар үшін түтін шығыны алаңы үлкен үй-жайлар үшін түтін резервуарлары (9.7 т. қар.) мына формуламен анықталуы керек:

$$G = 676,8 P_f Y^{1,5} K_s, \quad (\text{II.3})$$

мұнда P_f — жанатын заттардың жабық сыйымдылықтарының ашық немесе герметикалық жабылмаған периметрлерінің көбіне тең немесе жанатын орамдағы жанатын немесе жанбайтын материалдарды жинау орындарында қабылданатын бастапқы сатыдағы өрт ошағының периметрі, м. Су шашатын түтік жүйелерімен жабдықталған үй-жайлар үшін $P_f = 12$ м қабылданады. Егер өрт ошағы периметрін анықтау мүмкін болмаса, онда оны мына формула бойынша анықтауға рұқсат етіледі:

$$4 \leq P_f = 0,38A^{0,5} \leq 12, \quad (\text{И.4})$$

мұнда: A — үй-жайдың немесе түтін резервуарының алаңы, м^2 ;

U — 2,5 м үй-жайлар үшін қабылданатын түтіндеген аймақтың төменгі шегінен бастап еденге дейінгі немесе түтін резервуарын құрайтын бүркемелердің төменгі шегінен бастап еденге дейінгі арақашықтық, м; K_s — 1,0 тең, ал су шашатын түтік жүйелерімен өртті біруақытта сөндіру кезінде табиғи іске қосылатын жүйелер үшін 1,2 тең коэффициент;

Ескертпе - $P_f > 12$ м өрт ошағы периметрі немесе $U > 4$ м қашықтығы кезінде түтін шығыны И.3 сәйкес анықталуы керек.

И.3 Үй-жайлардан жойылатын түтін шығыны, G_1 , кг/сағ жылдың суық кезең (Б параметрі) үшін (И.5) формуласы бойынша анықталуы және жылдың жылы кезеңі үшін тексерілуі керек, егер жылы кезеңде желдің жылдамдығы суық кезеңге қарағанда үлкен болса:

$$G_1 = 3584 A_d \left(h_0 (\gamma_{in} - \gamma) \rho_{in} + 0,7 v^2 \rho_{in}^2 \right)^{0,5} K_s, \quad (\text{И.5})$$

мұнда A_d — эвакуациялық шығу есіктерінің баламалы (шығынға) алаңы м^2 ;

h_0 — түтіндеген аймақтың төменгі шегінен бастап есіктің ортасына дейін

$$h_0 = 0,5 H_d + 0,2, \quad (\text{И.6})$$

қабылдай отырып, есептік биіктік

мұнда H_d — эвакуациялық шығулардың анағұрлым биік есіктерінің биіктігі, м;

γ_{in} — сыртқы ауаның үлестік салмағы, Н/м^3 ;

γ — 9.9 және 9.10 тармақтарына сәйкес қабылданатын түтіннің орташа үлестік салмағы;

ρ_{in} — сыртқы ауаның тығыздығы, кг/м^3 ;

v — жел жылдамдығы, м/с; $v = 1,0$ м/с кезінде $v = 0$ қабылдау керек; $v > 1,0$ м/с кезінде E қосымшасына сәйкес, бірақ 5 м/с көп емес қабылдау керек;

K_s — (И.3) формуласын қарау.

Ескертпе - Құрылысы салынған аумақта жергілікті метеорологиялық деректер бойынша желдің жылдамдығын, бірақ 5 м/с көп емес қабылдауға рұқсат етіледі.

Эвакуациялық шығу A_d есіктерінің баламалы алаңы мына формула бойынша есептелінеді:

$$A_d = \left[\sum A_1 + K_1 \sum A_2 + K_2 \sum A_3 \right] K_3, \quad (\text{И.7})$$

мұнда $\sum A_1$ — сыртқа ашылатын жалаң есіктер жиынтығының көлемі, м^2 ;

$\sum A_2$ — $\sum A'_2$, м^2 (мысалы, тамбур есіктері) жиынтық алаңының екінші есіктерін сыртқа ашу талап етілетін үй-жайдан шығу үшін бірінші есіктердің жиынтық көлемі;

$\sum A_3$ — $\sum A'_3$ и $\sum A''_3$ жиынтық көлемінің екінші және үшінші есіктерін сыртқа ашу талап етілетін үй-жайдан шығу үшін бірінші есіктердің жиынтық көлемі;

K_1, K_2 — мына формула бойынша анықталатын:

$$K_1 = 1 + \frac{1}{n^2}^{0,5}, \quad (\text{И.8})$$

$$K_2 = 1 + \frac{1}{n_1^2} + \frac{1}{m^2}^{0,5}, \quad (\text{И.9})$$

$$n = \sum A'_2 / \sum A_2, \quad n_1 = \sum A'_3 / \sum A_3, \quad m = \sum A''_3 / \sum A_3; \quad (\text{И.10})$$

дәйектілікпен орналасқан есіктердің баламалы көлемін анықтау үшін коэффициент, мұнда K_3 - Үй-жайдан адамдарды эвакуациялау уақытында есіктерді ашудың салыстырмалы ұзақтылығының коэффициенті, ол мына формула бойынша анықталады:

- жалаң есіктер үшін:

$$K_3 = 0,03N \leq 1; \quad (\text{И.11})$$

- екі жақты есіктер үшін немесе тамбур-шлюз арқылы шығу кезінде:

$$K_3 = 0,05N \leq 1, \quad (\text{И.12})$$

мұнда N — үй-жайдың әр есігі арқылы жанып жатқан үй-жайдан шығушы адамдардың орташа саны.

K_3 мыналардан:

үй-жайдың бір есігінде - 0,8;

үй-жайдың екі есігінде - 0,7;

үй-жайдың үш есігінде - 0,6;

үй-жайдың төрт есігінде - 0,5;

үй-жайдың бес және одан көп санындағы есікте — 0,4 кем емес қабылдануы керек.


Үй-жайдан эвакуациялық шығу есіктерінің A_d баламалы көлемі мекендер үшін желдің есептік жылдамдығымен анықталады:

а) 1 м/с және одан аз — барлық шығулар үшін жиынтықты;

б) 1 м/с көп — есіктерден қасбет жағынан шығу үшін жеке (желді қасбетке шығу алаңдары ретінде қаралатын едәуір үлкен баламалы алаң) және барлық қалған шығулар үшін жиынтықты.

К қосымшасы
(ақпараттық)

Аз қуаттылық көзінен ағыстағы зиянды заттардың концентрациясын азайтуды сипаттайтын K коэффициентінің мәні



I — егер көз және қабылдау құрылғысы аэродинамикалық көлеңке аймағынан тыс орналасқан болса, K анықтау үшін қисық;

II — егер көз аэродинамикалық көлеңке аймағында, ал қабылдау құрылғысы — көлеңкеден тыс орналасатын болса, K анықтау үшін қисық;

III — егер көз және қабылдау құрылғысы аэродинамикалық көлеңке аймағында орналасатын болса, K анықтау үшін қисық;

h — сыртқы ауаны қабылдау үшін саңылау шектеріндегі ағыстың көлденең өсінен бастап ағыстың төменгі шегіне дейінгі тігінен қашықтық, м; h_1 — сыртқы ауаны қабылдау үшін саңылаудың биіктігі, м;

l — көлденең бойына сыртқы ауа үшін көз аузы мен қабылдау құрылғысы арасындағы қашықтық, м;

D — көз аузының диаметрі

а — қабылдау құрылғысымен сыртқы ауаны сору аймағының үстінен көздің орналасуы (көз құбырының биіктігі $H = 2h_1 + h$);

б — бұл да ғимарат шатырының үстінен (көз құбырының биіктігі $H = h$)

К.1-сурет. K коэффициентінің мәндерін анықтау кестесі:

***Л қосымшасы**
(міндетті)

Жылыту жүйелері (жылумен жабдықтау)

Л.1-кесте – Мекемелер мен ұйымдардың жылыту (жылумен жабдықтау) жүйелері

Үй-жайлар	Жылыту жүйесі (жылыту құралдары, жылу тасымалдағыш, жылу тасымалдағыштың немесе жылу беретін беттің шекті температурасы)
